

Ш. УБАЙДУЛЛАЕВ, Б. ФАФУРОВ, О. ОРТИКОВ

ШАҚЫРУҒА ДЕЙІНГІ БАСТАУЫШ ДАЙЫНДЫҚ

*Орта білім беру мекемелерінің 10-сынып
окушылары үшін оқулық*

1-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халықта білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

УО'К 355.233.11(075.3)=512.122

КВК 68.49 ya72

Ch 16

Пікір жазғандарап:

- А. ШУМАН** — Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Әскери кадрларды дайындау басқармасы бастығы, полковник;
- Ш. УРИНОВ** — Өзбекстан Үлттық университеті Әскери кафедрасының менгерушісі, полковник;
- Л. ДАВИРОВ** — Низами атындағы ТМПУ Әскери кафедрасының менгерушісі, подполковник;
- А. СОТВОЛДИЕВ** — Низами атындағы ТМПУ Әскери кафедрасының доценті.

Ch 16 Ұбайдуллаев Ш. және баск.

Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық [мәтін]: 10-сынып үшін оқулық/ Ш. Ұбайдуллаев, Б. Фафуров, О. Ортиков. — Ташкент: «ILM ZIYO», 2017. — 192 б. ISBN 978-9943-16-414-7

Бұл оқулықта Өзбекстан Республикасын қорғаудың занды негіздері, Қарулы Құштер жасактарының түрлері мен олардың құрылуы, әскери Ережелер туралы түсініктер, сап тәртіпперін орындау, ату қарулары мен әскери техниканың түрлері, олардан пайдалану әдістерін үйренумен қатар, дене тәрбиелік сапа, шыдамдылық, құштілік, жылдамдық, ептілік бойынша дene жаттығуларын орындау ережелері, әскери кәсіпті тиянақты менгеретін оқушыларға әскери оқу орындары мен оқуға қабылдау ережелері туралы мәлімет берілген.

УО'К 355.233.11(075.3)=512.122

КВК 68.49 ya72

Республикалық мақсаттық кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-16-414-7

© Ш. Ұбайдуллаев және баск., 2017 ж.

© «ILM ZIYO» баспа үйі, 2017 ж.

КІРІСПЕ

Жастардың шақыруға дейінгі бастауыш дайындығында Өзбекстан Республикасының «Жалпы әскери борыш пен әскери қызмет туралы» Заны негізінде «Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» пәні жастарды Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет етуге дайындаудың құрамдық бөлімі болып, орта білім мекемелері үшін мәжбүри оқу пәні болып есептеледі.

Жастарға білім беру үдерісінде «Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» пәнінің міндеті төмендегілерден тұрады:

- мемлекетті қарулы шабуылдардан қорғау және мемлекет қорғанысы жөніндегі өздерінің Өзбекстан Республикасы Конституциялық құқық пен борыштарын, әскери (2000 жылдан бастап қорғаныс) доктринаның қорғаныс сипаттамасы мен мақсаттарын, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері және басқа әскер түрлерінің мақсат пен міндеттерін тиянақты біліп алуы;

- Өзбекстан Республикасының «Қорғаныс туралы», «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Зандарын, Министрлер Кабинетінің «Өзбекстан Республикасы азаматтарының мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметтің ұйымдастыру туралы» қаулысын, Өзбекстан Республикасы азаматтарының әскери есебі туралы Ережесін, әскери қызметті өтеуден бас тарту және жасаған әскери қылмыстары үшін зандарда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерді білуі;

- әскери ант пен Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Ережелерінің негізгі талаптарын терең түсінген түрде үйренуі;

- әскери бөлімнің қарулануы, әскери техникасы және жеке құрамының орналасу қызметімен танысуы;

- әскери жұмыстың негіздерін, қажетті әскери білімдерді және практикалық дағдылар, сондай-ақ физикалық тұрғыдан және рухани жақтан берік болуды үйренуі;

- азаматтық қорғау және медициналық білім негіздерін менгеруі;

- «Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» пәнін менгерген окушылар Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақырылған уақытта Отанды қорғауда өзінің Конституциялық борышын кемістіксіз орындаулары және қысқа мерзімде оларға

сеніп тапсырылған заманауи қарулар мен әскери техникаларды білулері қажет.

Жастанға әскери білім беруде оларға жасақтардың оқу-әскери қызметінде орындалатын жаттығулар, әрекеттер және іс-қимылдарын әскери бөлімдердегідей мүмкіндігінше жақындастырылған түрде үйрету назарда тұтылады. Бұл жаттығуларды бірнеше рет қайталау нәтижесінде жастанға қажетті әскери білімдер мен кәсіби дағдылардың негіздері жүзеге келеді.

Әскерге шақырылушылар әскери қызметке дайындау Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жалпы басшылығында өткізіледі. Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кенесі, облыс, қала және аудан әкімдіктері әскерге шақырылушыларды әскери қызметке дайындау жұмыстарын қаржыландыру әрі материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуді іске асырады, оқу-материалдық базасын құрған тәрізде мұндай дайындықтың үйымдастырылуы үшін жауапты болып есептеледі.

Әскерге шақырылушыларды әскери қызметке дайындауды үйымдастыру, жүзеге асыру және нәтижелерін бақылап бару, «Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» пәннің оқытылуын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, сондай-ақ білім беру орындары болған министрліктер, Мемлекет комитеттері және басқармалары жағынан жүзеге асырылады.

«Өз келешегі мен азаттығының қадірін білмейтін, оны қорғай алмайтын, бұған күш-құдіреті жетпейтін ұлт ешқашан еркін жасай алмайды», деген пікірдің тарихи бір дәлелі ретінде «Егер кімде-кім, өз армиясын бақпаса, ертең өзгелердің армиясын бағуға мәжбүр болады», деген хикметті ешқашан ұмытпау қажет, деп ойлаймын. Бұл сөздерде тек терен мағынағана емес, бәлкім өте ашы ақиқат та бар», — деген еді тұңғыш Президентіміз И. Каримов.

Біздің қоғамда Қарулы Құштер халықтың жан-тәні, мемлекеттің тәуелсіздігі, оның аймақтық бүтіндігі, тыныш өмірі және жаратушылық еңбегінің кепілі, жастанғарды рухани-этикалық тәрбиелеудің үлкен мектебі болып қалады.

Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, Республика ДОСААФ-тың 1991 жыл 23-қарашада болып өткен VIII кезектен тыс Құрылтайында Өзбекстан Республикасы қорғанысына көмектесетін «Ватанпарвар» үйымын құру туралы қаулы қабылданды. Сондай-ақ үйымның жаңа ережесі бекітілді. «Ватанпарвар» үйымы Өзбекстан ДОСААФ-тың заңды мұрасы деп жарияланып, оның тізіміндегі барша үйымдар «Ватанпарвар» үйымының қарамағына өтті.

Әскерге шақырушылардың әскери техника мамандықтары бойынша дайындығы Өзбекстан Республикасы қорғанысына көмектесетін «Ватанпарвар» үйімінің оқу орындарында іске асырылады. Бағыт бойынша әскери есептегі мамандықтарға бірыңғай жалпы орта білім беретін және орта арнаулы, кәсіби білім беру орындарында білім алғып жатқан әскерге шақырушылар әскери техника мамандықтары бойынша тікелей сол мекемелерде дайындықтан өтеді. Өзбекстан Республикасының қорғанысына көмектесетін «Ватанпарвар» үйімінің оқу орындарында әскери техника мамандықтары бойынша дайындыққа он жеті жасқа толған, деңсаулығына байланысты әскери қызметке шакырылуы қажет болған жастар жұмылдырылады.

Қазіргі кезде қорғанысқа көмектесетін «Ватанпарвар» үйімінің тізімінде Қарақалпақстан Республикасы, Ташкент қаласы, 12 облыс, 179 қала және аудан кеңестері қызмет көрсетуде. Еңбек қоғамдарында, оқу орындарында, тұрғындар жасайтын жерлерде құрылған он мыннан астам бастауыш үйімдар өз саптарына үш жарым миллионнан астам мүшелерді біріктірген. Олардың қызметі жастарды енбекке, Отанымызды қорғауға дайындау, олардың саяси, рухани дүниеге көзқарасын асыру, халқымыздың бай тарихы, айбынды әскери дәстүрлері және құндылықтарына әрдайым сенімді рухында тәрбиелеу, спорттың әскери және практикалық түрлерін дамытудан тұрады.

Копарылғыш экстремистік құштерден мемлекетімізді сенімді қорғауға дайын тұру үшін әрдайым қырағы болу, үздіксіз дайындық көру керек. Содан келіп шығып қорғанысқа көмектесетін «Ватанпарвар» үйімі назарын мемлекет және қоғам үйімдарымен практикалық ынтымақтастық орнату, жастарды дene шынықтыру, әскери техника білімдерімен қаруландыру, шыдамды, төзімді, табанды, рухани кемел етіп тәрбиелеуге қаратылуда.

Мемлекетіміздің тыныштығы мен бейбіттігін сенімді қорғауға жарамды болған, жылдам, әскери қабілеті жоғары, әр түрғыдан жақсы қамтамасыз етілген Қарулы Құштерді қалыптастыру дәүір талабы, өмірдің талабы. Жан-жақты кемелденген, батыл, ер жүрек, отансүйгіш жігіт-қыздарды тәрбиелеу кең көлемді сан қырлы міндет.

Сол үшін, өзара достық, бауырластық, ынтымақтастық сезімдерін және де бекемдеу, әр түрлі кері көріністердің алдын алу мақсатында «Батырлар коргайды Отанды!», «Күш — әділетте», «Серігінді құрметте», «Әскери қызметшінің рухани бейнесі» тақырыптарында сұхбаттар, кездесулер, сайыстар өткізіліп жатыр. Жастардың әскери отансүйгіштік тәрбиесінде қажетті құрал болған ұлы бабаларымыздың Отан азаттығы

жолындағы қаһармандық құрестері, тарихтың ұлы ойшылдары, халық қаһармандары Шырак, Тумарис, Спитамин, Мұқанна, Махмұт Тараби әрі ұлы қолбасшылар Жалалиддин Мангуберді, Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабырдың ерліктерін мадақтайтын лекция және сұхбаттар өткізлуде. Мұндай лекция және сұхбаттарды үйімдастыру, әр түрлі кездесулерді үйімдастырудан мақсат, жастарымызды бабаларымыз қалдырыған бай мұрасы кенінен және жан-жақты үйренуге, Қарулы Күштерімізде қызмет ету әрбір Өзбекстан азаматының Конституциялық борышы екендігі, Отан шекарасының дербестігін өлкеміздің тыныштығын қамтамасыз ету қасиетті міндет екендігі адамдарымыздың санасына сіндіруден тұрады.

Тәуелсіздіктің артынан халқымыздың түрмисы, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және жалпыадамилық құндылықтары қайта тіктеліп жатқан бір дәуірде, жастардың көніліне Отан сезімін сіндіру, руханиятын қалыптастыру және оларды әскери отансуýгіштік рухында тәрбиелеу қажетті маңызға ие.

Өзбекстанымыз мұндай құрметке лайық. Себебі дүние цивилизациясына тән үлес қосқан Мұса ал-Хорезми, Ахмет ал-Ферғани, Имам ал-Бұхари, Абу Мансур ал-Мотуриди, Абу Али ибн Сино, Абу Райхан Беруни, Бурхонуддин ал-Марғинони, Ахмет Яссави, Баҳоуддин Нақшбанд, Мырза Улықбек, Әлішер Науай сияқты ұлы руханият және ағарту иелері, Шырак, Спитамин, Мұқанна, Жалалиддин Мангуберді, Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр сияқты әскери көсемдері бар екендігінен халқымыз шексіз мактанды.

1992 жыл 3-шілдеде Өзбекстан Республикасы Олий Кенесі «Корғаныс туралы», «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы», «Мерзімді қызмет туралы» Зандарды қабылдады және сол күні «Әскери ант» мәтіні де бекітілді. Қарулы Күштер құрылудың құқықтық базасын жаратудың бірінші басқышы 1995 жыл 30-тамызда Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің I шакыры III сессиясында Өзбекстан Республикасы Әскери доктринасын қабылдаумен аяқталды. Доктрина әскери құрылудың бағытын, мемлекет және Қарулы Күштердің соғыска дайындық, соғыс жүргізу жолдарын белгілейтін реңми көзқарастар және ережелер тізімі болып табылады. Ол мемлекеттің саяси басшылығы жағынан істеп шығарылады және оның негізгі бағыттары, істеп шығару күштерінің өркендеуі ғылым жетістіктерінің дәрежесі, болуы мүмкін болған соғыс туралы елеsteулермен байланысты.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерін қалыптастырудың алғашқы басқышының аяқталуы 1992 жыл 8-желтоқсанда болып өткен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің XI сессиясына тұра келді.

Бұл сессияда мемлекетіміздің Негізгі Заңы — Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Бұл заң Қарулы Күштердің мемлекеттегі құқықтық жағдайын бекемдеген, оның бас міндеттері және тарихи борышын белгілеп берген негізгі заң болды.

Конституцияның XXVI тарауы қорғаныс пен қауіпсіздік мәселелеріне арналады. Оның 125-бабында: «Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Өзбекстан Республикасының мемлекет суверенитетін және аймақтық бүтіндігін, халықтың тыныш өмірі мен қауіпсіздігін қорғау үшін түзіледі», деп белгіленді. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 52-бабына сәйкес, «Өзбекстан Республикасын қорғау — Өзбекстан Республикасының әрбір азаматының борышы», деп белгіленеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы құндерінен-ақ Өзбекстан Республикасы мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік дамуына, мемлекетте және Орталық Азия аймағында тыныштық пен тұрақтылықты нығайтуға үлкен мән берілген.

Бұл мәселені мемлекеттің қорғаныс құдіретін, оның ұлттық қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз ету шарттарында фана шешу мүмкін болып, оған экономикалық, саяси, құқықтық, үйымдастырушылық және әскери харakterдегі шаралар тізіміндегі жалғыз мемлекет саясатын жүргізу арқылы кол жеткізеді. Бұл шараларды өзінде жинақтаған құжат 1995 жыл 30-тамызда Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі тарапынан қабылданған әскери доктрина есептеледі. Солай етіп, практикада бірінші рет құрылғандығының төртінші жылында жас тәуелсіз мемлекет өзінің ғылыми негізделген әскери доктринасына ие болды.

ХХ ғасырдың соңғы бес жылдығы дәүірінде, аймақта және мемлекетте болған геосаяси жағдай есепке алынып, іс жүзіндегі әскери доктрина дамытылды және 2000 жылдан бастап, қорғаныс доктринасы практикаға енгізілді. Өзбекстан Республикасының қорғаныс доктринасы — жалпы мемлекеттік маңызына тән ірі құжат. Ол мемлекет стратегиясының қажетті бөлігі болып, әскери саясат негізінде, әскери қызмет әрі әскери құрылышының бағыты және әскери кадрлар үшін мәжбүри есептелген әскери теория және практикасының негізгі, жетекші, реисми қабылданған көзқарастары мен ережелерін көрсетеді.

Өзбекстанның қорғаныс доктринасы Орталық Азия аймағында қазіргі әскери-саяси жағдай, әскери қауіптің жасырын түрдегі деректері, бас әскери стратегиялық міндеттер, құрылышын бағыттары және Қарулы Күштердің қолдау шарттары, Қарулы Күштер, халық пен мемлекетті қорғанысқа дайындау мәселелерін өз ішіне алған. Қорғаныс доктринасының бұл бағыттары қорғаныс мәселелерін түсіну және

шешүге қарағанда көзқарастардың пікірлестігін қамтамасыз етуде үлкен маңыза ие.

Өзбекстан Республикасының қорғаныс доктринасы үш негізгі бөлімнен тұрады:

I. Жалпы ережелер.

II. Доктринаның саяси ерекшеліктері.

III. Доктринаның әскери-ұйымдастырушылық ерекшеліктері.

Қорғаныс доктринасының негізгі үстемдіктері төмендегідей: саяси тұрғыдан «соғыс және әскери шабуылды жою — бас стратегиялық бағыты», деген ереженің бар екендігі. Сол себепті Өзбекстан Республикасы төмендегідей көрсетілген анық міндеттемелерді өз жауапкершілігіне алады:

• Өзбекстан Республикасы немесе Өзбекстанмен өзара әскери көмек туралы сәйкес келісімдерге байланысты басқа мемлекеттерге жасалған басқыншылықтарды қайтарудан тыс жайттарда өз Қарулы Күштерін өзге мемлекеттерге қарсы қолдамайды;

• ешкімге қауіп төндірмейді және дүниенің бірер мемлекетін өзінің дүшпаны деп есептеді әрі олардың біреуіне де не аймақтық, не басқа даугерлік етпейді және халықаралық құқық негіздері, өзара қауіпсіздік мұдделерін есепке алған түрде барша мемлекеттермен байланыс орнатуға дайын;

- ядросыздық бағыттарын қолдайды, әрекет жасайды;
- ядро қаруын орналастырмау, істеп шығармау және сатып алмау.

Өзбекстан бұл бағыттарға көніл бөліп қалмай, аймағымызда тыныштық пен тұрақтылық болуын қалайды, сол үшін мүмкіндігінше күреседі, әрі бұған сөзсіз ақыл-парасаттың жеңісі, өз қалауын бейімдеу арқылы жетеді, деп есептейді.

Әскери ұйымдастырушылық туралы қорғаныс доктринасы Орталық Азия аймағының өзіне тән ерекшеліктерін, әскери қауіптің жасырын деректерін, қазіргі заман соғыстарына тән характер және нәтижелерді ескеріп, бас әскери стратегиялық міндеттерді анық белгілейді. Бұл тыныштық дәүірінде қажетті, жетерлі дәрежеде республиканың аймақтық бүтіндігін, оның суверенитетіне бағытталған әр түрлі шағыстырушылық және басып алууды бүтіндей жоюға кепілдік беретін мемлекеттің қорғаныс құдіретін сақтау, тәуелсіз түрдегі секілді қофамдық қауіпсіздік туралы Келіссөз қатысушы мемлекеттердің Қарулы Күштермен ынтымақтастықта басқыншыларға соққы беру үшін оның Қарулы Күштерінің әрдайым әржакты дайын екендігін қамтамасыз ету дегені. Соғыс кезінде — басқыншылықтың кепілі ретінде қайтарылуы: өз күштер секілді Өзбекстан Республикасымен сәйкес келісімдерге сай,

байланысы басқа мемлекеттердің әскери қүш-құдіреті ынтымақтастырында басқыншыға ойсыратып соққы беру.

Корғаныс доктринасы Қарулы Күштер құрылуының бағыттарын белгілейді. Онда, негізінен, Өзбекстан Республикасын қорғауға қабілетті әскер түрлерін тепе-тендікті дамыту қабылданғандығы белгіленген. Сонымен, қорғаныс доктринасы Қарулы Күштер алдында тұрған міндеттерді жоғары деңгейде орындау мақсатында жылдам және әскери дайындық проблемаларының жалпы қалыптарын, жеке құрам тәлім-тәрбиесінің үстемдіктерін көрсетіп берген.

Доктринада Орталық Азия аймағы казіргі кезде халықаралық терроризм, діни экстремизм және доктанизмді жауға, аймақтағы мемлекеттерді өздері таңдаған демократиялық өркениет жолынан қайтаруға ұрынып жатқан — қопарушы орталықтардың өте мүдделі нысанына айналып жатқандығы есепке алынған. Мұндай жағдайда мемлекеттің ең қажетті міндеті Корғаныс министрлігі, заманауи қару-жарақта ие, профессионал тұрғыдан жақсы дайындалған бөлім және бөлімшелерін үйымдастыру, мемлекеттің дара қорғау және қорғаныс тізімін, барлық жасақ түрлері мен мекемелері өзара ынтымақтастырының тиімді механизмін қалыптастырудан тұрады.

Қабылданған доктрина мұлдем қорғаныс қасиетіне ие болып, Өзбекстан Республикасының тыныштық сүйер саясатының көрінісі болып табылады. Доктринада министрлік және мекемелердің, мемлекет және беймемлекеттік үйымдары, мекемелердің мемлекет қорғаныстың қабілеттілігін қамтамасыз ету туралы орны мен жауапкершілігі белгілеп берілген. Доктрина ережелерін жүзеге асыру Отанымыздың әрбір азаматы үшін қасиетті борыш.

Аймағымыздың әскери-саяси жағдай, Қарулы Күштерде жүзеге асырылып жатқан реформалар, жастардың әскери қызметке қызығуының күшеюі әрі мемлекет қорғаныс құдіретін тағы да бекемдеу мақсатында «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Зан 2002 жылдың желтоқсанында болып өткен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің II шақыру X сессиясында қайта оқылған түрде қабылданды. Занда әскери қызметті ұйымдастыру мәселелері жетілдіріліп, әскери қызметтің төмендегі түрлері енгізілді:

- мерзімді әскери қызмет;
- мобилизациялық шақыру резервіндегі әскери қызмет;
- контракт (келісімшарт) бойынша әскери қызмет;
- Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында әскери қызметті өтеген резервшілердің қызметі.

Мерзімді әскери қызмет жасындағы азаматтардың қатардағы әскерлер және сержанттардың құрамы лауазымдарында, сондай-ақ мерзімінен бүрын әскери қызметті өтемеген офицерлердің зан құжаттарында белгіленген мерзім аралығында Қарулы Күштер қатарындағы мәжбүри қызмет болып табылады. Мерзімді әскери қызмет календарь есебінде қатардағы әскерлер және сержанттар үшін 12 ай, жоғары мәліметті тұлғалар үшін 9 ай етіп белгіленді.

Зан негізінде әскери қызметтің жана түрі — мобилизациялық шақыру резервіндегі әскери қызмет енгізілді. Мерзімді әскери қызметті өтеуге жарамды әрі шақырылу мерзімін кешіктіру және шақырылудан азат етілуі құқығына ие болмаған, бірақ, Қарулы Күштер қатарына кезектегі мерзімге шақырылмаған тұлғалар мобилизациялық шақыру резерв қатарына алынады.

Мобилизациялық шақыру резервіндегі қызмет аймақтық бағыты негізінде айлық жиындар ретінде ұйымдастырылады, әрі шақырушылар тарапынан Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнаулы есеп қағазында ақша төлемдерінің кірітілуін назарда тұтқан. Мобилизациялық шақыру резервіндегі қызмет сапына азаматтар 27 жасқа толғанға дейін алынады және әр жылғы әскери жиындарға жұмылдырылуы мүмкін, төтенше жағдайлар немесе Өзбекстан Республикасына карсы әскери шапқыншылық жасалғанда, нағыз әскери қызметке шақырылады. Мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметті өтеген азаматтар 27 жасқа толғаннан кейін, Қарулы Күштерінің резерв қызмет қатарына алынады.

Мобилизациялық шақыру резервіндегі қызмет қатарына алынған тұлғалар төлейтін ақша өтеулері мөлшері және оларды төлеу тәртібі Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тарапынан бекітілген Ережемен белгіленеді. Бұл ақшалай қаражаттар мерзімді әскери қызметтегі мерзімді әскери қызметшілердің ақша және материалдық жабдығын асуру, сондай-ақ мобилизациялық шақыру резервіндегі қызмет қатарына алынған тұлғалардың әскери жиындарын өткізуге анық мақсатта бағытталған болады.

Мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметті ұйымдастыру және өтеу тәртібі Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тарапынан бекітілетін Өзбекстан Республикасы азаматтарының әскери қызметті өтеу тәртібі туралы Ережемен белгіленеді.

Қарулы Күштер реформаларында профессионал армия құру негізгі стратегиялық міндет есептеледі. Сол себепті, Қарулы Күштерді құруда контракт бойынша әскери қызмет жеке маңызға ие.

Әскери қызметті мамандық ретінде таңдаған азаматтар контракт бойынша әскери қызметті қатардағы әскерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы лауазымдарында өтейді. Әскери қызметті өтеу мерзімдері және негізгі шарттары контрактта белгіленеді. Бастапқы контракт қызметін қатардағы әскерлер және сержанттардың құрамы лауазымдарында өтеу бойынша 3 жыл, офицерлер құрамы лауазымда-рында өтеу бойынша 5 жыл мерзімге түзіледі.

Әскери қызметтің контрактта ескерілген мерзімі жоғары әскери білім беру орындарының курсанттары мен оқу дәуірі үшін болашакта олардың офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызметті кемінде бес жыл мәжбүри өтеу шартымен контракт түзіледі.

Контракт мерзімі аяқталғаннан кейін, тараптардың келісімімен бұл мерзім жаңа контракт түзу арқылы ұзайтырылуы мүмкін. Контракт бойынша әскери қызметті өтеу тәртібі және мерзімі Өзбекстан Республикасы азаматтарының әскери қызметті өтеу тәртібі туралы Ережемен белгіленеді.

Заңда қызметтің және бір түрі ретінде Қарулы Күштер қатарында әскери қызметті өтеген резервілер қызметі көрсетіледі. *Резервілер қызметі* нағыз әскери қызметті, сондай-ақ мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметін өтеген қатардағы әскерлер, сержанттар және офицерлер құрамынан құрылады. Бұл Қарулы Күштердің бірікпелері, бөлімдері және бөлімшелері қатарын соғыс дәуірінде талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру, сондай-ақ соғыс дәуірі талап ететін түзілімдерді қүшейттіру мақсатында жалпы әскери міндеттеме негізінде енгізілетін әскери қызмет түрі болып табылады.

Резервілер ретінде қызметті өтеп жатқан әскери қызметке мәжбүрлер тыныштық дәуірінде, ереже ретінде, әскерлердің әскери дайындығын сақтап тұру, резервілердің әскери есептегі мамандық бойынша міндеттемелері тыныштық пен соғыс дәуірінде орындауы қажет болған дағдыларын сақтап қалу және жетілдіру мақсатында әскери бөлімдер базасында аймақтық бағыты негізінде құрылатын әскери дайындық бойынша әскери жиындарды өтеуге жұмылдыруы мүмкін.

Резервілерден соғыс дәуірінде де, тыныштық дәуірінде де Өзбекстан Республикасына қарсы әскери шабуылдың қатері және мемлекет қауіпсіздігіне қауіп-катер төнгенде, табиғи апаттар мен төтенше жағдайлардың салдарын жоюда Өзбекстан Республикасы Президенті Жарлығына сәйкес, жасақтар және бөлімдер құрамында әскери мақсаттар бойынша пайдалану мүмкін. Мұндай жайттарда Өзбекстан Рес-

публикасы Қарулы Құштері қатарында әскери қызметті өтеген резервшілерге мемлекет тарапынан белгілі дәрежедегі женілдіктер беріледі.

«Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Заның 12—17-баптарында азаматтарды әскери қызметке дайындау жөнінде тоқталып өтілген. Сонымен қатар әскерге шақырушыларды әскери қызметке дайындау жұмыстарында, Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, сондай-ақ басқа уәкілдік министрліктер мен ұйымдардың бұл бойынша алып баруы шарт болған жұмыстарды көрсетіп өтеді. Заның 13-бабында аталмыш пән мәжбүри екендігі әрі бұл орта білім беру орындары, академиялық лицей және кәсіби колледждерінде оқып жатқан оқушыларға қайсы басқыштарда өтілуі, сондай-ақ бұл пәннің мемлекет қауіпсіздігі, халықтың тұрақты өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында менгеруі төмен болған оқушылар үшін жергілікті әкімшіліктер жағынан қорғаныс-спорт-сауықтандыру лагерлерін құру атап өтілген.

Бұгін жан-жақты кемелденген үрпақты көмелетке жеткізуге бағытталған мемлекет саясатында жастарды отансүйгіштік рухында тәрбиелеу бастапқы маңызға ие. Соған байланысты Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштерінің қатарында мерзімді әскери қызметті өтеп, әскери жасақ қолбасшылығының тиісті мінездемесіне ие болғанabituriyentter жоғары оку орын мекемелеріне оқуға кіруде 50%-дық женілдікке ие болады.

Мемлекетіміз басшысы Ш.М. Мирзиёевтің 2017 жыл 4-сәуірдегі «Өзбекстан Республикасы Президентінің 2012 жыл 31-мамырдағы «Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштерінің қатарында мерзімді әскери қызметті өтеп болған азаматтарға женілдіктер тізімін жетілдіруге байланысты қосымша шаралар туралы» Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығы осы бағыттағы әрекеттердің практикалық жындысы болды.

Мерзімді әскери қызметті өтеп қайтқан азаматтарға беріліп жатқан мұндай женілдіктер жастарымыздың арасында қызметтің беделін одан да жоғары дәрежеге көтеруде, әскери қызмет барысында тұрақты білім мен дайындықты иелеулерінде олар үшін жеке ынталандыруши фактор болуы сөзсіз.

I БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл тарауда Өзбекстан Республикасының «Жалпы әскери міндеттеме мен әскери қызмет туралы» және «Қорғаныс туралы» Зандары, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Өзбекстан Республикасы азаматтарының мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметтің құру туралы» қарары және Өзбекстан Республикасы азаматтарының әскери есебі туралы Ережесі, әскери қызметтөн бас тарту, жасалған әскери қылмыстар үшін, қызмет барысында тәртіпсіздіктерге жол қойылғанда тәрбиелік және қылмыстық жауапкершілік туралы, әрі Өзбекстан Республикасы Қорғаныс доктринасының негізгі ережелері, тәрбиелік жұмыстар, Қарулы Құштердің құрылуы, әскери тәртіп негіздері және әскери құндылық ережелері, әскери сәлемдесу, әскердің қатарға тұру алдындағы және қатардағы міндеттемелері туралы мәлімет берілген.

I тарау. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Өзбекстан Республикасының Конституциясы Отанды қорғау туралы

Өзбекстан Республикасының негізгі заңы болған Конституцияда қорғаныс, қауіпсіздік және әскери қызметке тиістілік негіздері бірнеше баптарда және XXVI тарауда айқын көрсетіп өтілген.

1-бан. Өзбекстан — суверен демократиялық Республика. Мемлекеттің «Өзбекстан Республикасы» және «Өзбекстан» деген атаулары бір мағынаны білдіреді.

3-бан. Өзбекстан Республикасы өзінің ұлттық-мемлекет және әкімшілік-аймақтық құрылымын, мемлекет билігі және басқару органдарының тізімін белгілейді, ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырады.

Өзбекстанның мемлекет шекарасы мен аймағы мызғымас және бөлінбейді.

125-бан. Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштері Өзбекстан Республикасының мемлекет суверенитетін, аймақтық бүтіндігін, халықтың тыныш өмірі және қауіпсіздігін қорғау үшін түзіледі.

Қарулы Құштердің құрылымы және оларды құру занмен белгіленеді.

126-бан. Өзбекстан Республикасы өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жетерлі дәрежеде қарулы құштеріне ие.

17-бап. Өзбекстан Республикасы халықаралық қатынастардың бүтіндегі құқықтық субъекті. Оның сыртқы саясаты мемлекеттердің суверен тенденгі, күш жұмсамау немесе қүшпен қауіп қатер төндірмеу, шекаралардың дербестігі қайшылықтарды тыныштық жолмен шешу, басқа мемлекеттердің ішкі жұмыстарына араласпау ережелеріне және халықаралық құқықтың жалпы мойындалған басқа ережелері мен нормаларына негізделеді. Республика мемлекеттің, халықтың жоғары мұдделері, дәулеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында одактар құруы, достықтарға және басқа мемлекеттераралық құрылымдарына кіруі және олардан ажыралып шығуы мүмкін.

52-бап. Өзбекстан Республикасын қорғау — Өзбекстан Республикасы әрбір азаматының борышы. Азаматтар занда белгіленген тәртіpte әскери немесе мерзімді қызметті өтеуге міндетті.

93-бап. 18. Өзбекстан Республикасына шабуыл жасалғанда немесе шабуылдан бір-бірін қорғану тұрғысынан жасалған келіссөз міндеттемелерін орындау қажеттілігі туғанда соғыс жағдайы жарияланады және қабылданған қарапын үш күн ішінде Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі палаталарының бекітуіне енгізеді.

19. Төтенше жағдайлар (реал сыртқы қауіп, жаппай тәртіпсіздіктер, ірі апаттар, табиғи апат, эпидемиялар) болған жағдайда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздең, Өзбекстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның кейбір жерлерінде төтенше жағдай жарияланады және қабылданған қарапын үш күн ішінде Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің палаталарының бекітуіне кірітеді. Төтенше жағдайды енгізу шарттары және тәртібі занмен белгіленеді.

20. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы болып есептеледі, Қарулы Күштердің Жоғары қолбасшыларын тағайындауды және міндеттінен босатады, жоғары әскери атақтар береді.

1.2. Өзбекстан Республикасының «Қорғаныс туралы» Заңы, Қорғаныс үғымы

Өзбекстан Республикасының суверенитетін, оның аймақтық бүтіндігін, мызғымас шекарасын сактау Қарулы Күштердің негізгі міндеті болып, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде бұл ең өзекті мәселелердің бірі болғаны үшін Олий Мәжіліс тарарапынан қабылданған. «Қорғаныс туралы» Заң тұнғыш Президентіміз И. Каримов тарарапынан 1992 жыл 3-шілдеде қол қойылды және аймақтағы өзгерістер, сыртқы және ішкі саясатты ескере отырып бұл занға өзгерістер мен қосымшалар енгізіліп, оның жаңа редакциясы бекітілді.

«Қорғаныс туралы» Заңның негізгі міндеттері қорғанысты құрудың әрі Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерін басқарудың

құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекет қорғанысын қамтамасыз етуде мемлекет органдарының өкілеттіктерін, сондай-ақ азаматтардың өзін-өзі басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер, үйымдар және азаматтардың қатысуын анықтап береді.

Корғаныс дегенде Өзбекстан Республикасының суверенитеті, аймақтық бүтіндігін, халықтың тыныш өмірі және қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етудің саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік-құқықтық, ақпарат, үйымдастыруышылық және басқа шаралар жиынтығы түсініледі.

Корғаныс саласындағы мемлекет саясатының негізгі бағыттары төмендегілерден тұрады: басқа мемлекетке карсы әскери күш жұмысамау, басқыншылықтың алдын алу және қызып шығу, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы тиісті келісімдермен байланысты мемлекеттерге көмек көрсету жайттары бұдан тыс; халықаралық құқық нормаларына сәйкес ұжымдық қауіпсіздік тізімдерінде қатысу; әскери-саяси блоктарда қатыспау; әскери құрылыштың заманауи соғыстар және Қарулы Күштердің, экономиканың, халықтың, аймақтың шабуылды жоюға әрдайым дайын тұруы; қарулы оқиғалардың ерекшелігіне сай болуы; ядролық және басқа түрдегі жалпы қырғын қаруларын істеп шығаруды, қайта істеуді, алуды, сактауды, таратуды және орналастыруды жоққа шыгару; корғаныстың жетерлі дәре-жеде болуы; әскери қызметтің қадірлі екендігін қамтамасыз ету.

Корғанысты құру төмендегілерді қамтиды: шабуылдың алдын алу және қайтаруға, Өзбекстан Республикасына шабуылдардан үйымдастқан түрде қарулы қорғануға қаратаған қажетті жағдайлар жарату; корғаныс саласында жеке мемлекет саясатын іске асыру, мемлекет әскери құрылымын заманауи талаптарға сай жетілдіру; корғаныс міндеттерін шешу үшін қажетті барша күштер мен құралдардың сәйкестендіріп барылуы және ынтымақтастықта әрекет етуін қамтамасыз ету; әскери-саяси жағдай, ұлттық қауіпсіздікке болған анық және потенциал қатерлер мониторингін жүргізу; Өзбекстан Республикасы соғыска және қарулы оқиғаларға тартылудың алдын алу тұрғысынан саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік-құқықтық, ақпарат, үйымдастыруышылық және басқа шаралар көру; Қарулы Күштердің құрылуы, дайындығы, әрдайым дайын түрде сақтап тұрылуы, олардың саны, құрылымы және құрамының жарнамдылығы; Қарулы Күштерді тиісті түрде заманауи қару-жараптар, әскери техника, әскери-техникалық және шикізаттық мал-мұліктер, азық-түлік, басқа материалдық-техникалық құралдар, энергетика және басқа ресурстармен қамтамасыз ету, олардың қорларын жүзеге асыру; Қарулы Күштер қолданылуын жоспарлау; корғаныс міндеттерін шешу үшін сыртқы саяси бағыттағы шараларды көру; халықты және аймақты қорғанысқа дайындау; Өзбекстан Республикасы Мемлекет шекарасы-

ның күзетілуі мен қорғалуын қамтамасыз ету; халықты, экономика және өмір сұру үшін қажет болған объекттерді жалпы қырғын құралда-рынан қорғауға тиісті шараларды өткізу; Қарулы Күштердің, мемлекет экономикасының, мемлекет органдары, азаматтардың өзін- өзі басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың, сондай-ақ халықтың мобилизациялық дайындығы; мемлекет және мобилиза-циялық қорлары үшін материалдық байлықтардың қорларын жүзеге асыру; корғаныстың ғылыми, ғылыми-техникалық, афарту, әскери-индустриялық, экономикалық, әкпарат және занылық базасын жетілдіру; халықты рухани-адамгершілік және әскери-Отансүйгіштік рухында тәрбиелеу әрі Қарулы Күштер жеке құрамын мемлекетті қорғауға рухани-адамгершілік тұрғыдан дайындау; мемлекет қорға-нысын құруға тиісті басқа шаралар.

Софыс жағдайы Өзбекстан Республикасына шабуыл жасалғанда немесе шабуылдан бірін-бірі қорғау тұрғысынан түзілген келіссөз міндеттемелерін орындау қажеттілігі туғанда занда белгіленген тәртіpte жарияланады. Өзбекстан Республикасы аумағына әскерлер кенеттен шабуыл жасағанда яки бастырып кірген жағдайда әскери округтар жа-сақтарының қолбасшылығы және жергілікті мемлекет билігі органдары соғыс жағдайы жариялануын күтпей шабуылды яки басқыншылықты жоюдың барлық шараларын көруі шарт.

Софыс дәуірі соғыс жағдайы жарияланған уақыттан немесе әскери әрекеттер іс-жүзінде басталып кеткен кезден басталады әрі әскери әрекеттер токтатылғандығы жарияланған уақыттан, бірақ мұндай әре-кеттер іс-жүзінде тоқтатылғаннан кейін аяқталады. Соғыс дәуірі жағ-дайында Қарулы Күштер Жоғары Бас Қолбасшысы тарапынан Қарулы Күштерге және мемлекет экономикасына басшылықты іске асыратын өкілеттік орган құрылу мүмкін.

Соғыс жағдайы жариялануы яки төтенше жағдай енгізілүімен-ак жаппай немесе аздал мобилизация жариялануы мүмкін. Мобилизация-лау шараларына дайындық көру және оларды өткізу тәртібі зан құжаттарымен белгіленеді.

Аймақтық корғаныс Өзбекстан Республикасының Мемлекет шека-расын қорғау, халықты, объекттер және коммуникацияларды дұшпан шабуылдарынан, қопарушылық және террорлық әрекеттерінен қорғау максатында, сондай-ақ төтенше жағдай режимін сақтап тұру үшін құры-лады және іске асырылады. Аймақтық корғанысты қамтамасыз етуге жұмылдырылатын күштердің міндеттері, ынтымақтастықтағы әрекет-терінің құрылуы және тәртібі зан құжаттарымен белгіленеді.

Қарулы қақтығыстар — шектелген шенбердегі әскери жанжалдар (әрекеттер және қарулы қақтығыстар) есептеліп, мұнда соғыс жағдайы

жарияланбайды. Қарулы қақтығыстар болғанда және Өзбекстан Республикасы бұл қақтығыстарға тартылған жағдайда Қарулы Құштер тез арада оларды жою шараларын көреді.

Өзбекстан Республикасын, оның аймақтық бүтіндігі және тәуелсіздігін қорғау — Өзбекстан Республикасы азаматтарының Конституциялық борышы. Өзбекстан Республикасы азаматтары заңда белгіленген тәртіпте әскери немесе мерзімді қызметті өтеуге, сондай-ақ өз мүлкіндегі үйлер, ғимараттар, транспорт және байланыс құралдары әрі басқа мал-мүліктерін соғыс дәүірде қорғаныс қажеттіліктері үшін заңда белгіленген тәртіпте беріп тұруға мәжбүр, қаражаттардың орны Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тараҧынан белгіленген тәртіпте кейінрек қапталады. Азаматтар мемлекет қорғаныс қабілетін бекемдеуге көмектесуші қоғам бірлестіктерін тұзу құқығына ие.

Өзбекстан Республикасы халықаралық құқықтың жеке тәртіпте және ұжымдық тәрізде қорғанудан тұратын болған құқықты бекемдеуші жалпы мойындалған нормалары және принциптеріне негізделіп, әскери құрылыш, тыныштық пен қауіпсіздікті сақтап тұру саласында басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

II таралу. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Өзбекстан Республикасының «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Заңы. Жалпы әскери міндеттеме түсінігі және оның маңызы. Әскери қызметтің түрлері

Мемлекетте жүргізіліп жатқан реформаларды және де жетілдіру Республика Қарулы Құштерінде де қажетті өзгерістер жасауға себеп болды. Себебі, 2002 жыл 12-желтоқсанда қабылданған жаңа баспадағы «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Занды көру мүмкін. Оған сәйкес, Заң азаматтардың Өзбекстан Республикасын қорғауға мәжбүри әскери дайындығынан тұратын болады әрі Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштері қатарын толтыруды және олардың резервін дайындауды қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

Жалпы әскери міндеттеме азаматтарды әскери қызметке дайындауды, әскери қызметке шақыруды (кіруді), шақыру немесе контракт бойынша әскери қызмет өтеуді, резервтегі қызметті, мерзімді қызметті, әскери тізімнен өту ережелеріне мән беруді, төтенше жағдайларда немесе Өзбекстан Республикасына қарсы басқыншылық болған жағдайда, халықты қорғау шараларын қамтиды.

«Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Занфа сәйкес, Өзбекстан Республикасының төмендегі азаматтары, әсіресе:

- әскери қызметке шақырылатын және аудан (қала) шақыру участкелерінде тіркелген тұлғалар — *шақырушылар*;
- нағыз әскери қызметтегі тұлғалар — *әскери қызметшілер*;
- Қарулы Күштердің резерві немесе қорындағы тұлғалар — *әскери қызметке мәжбүр*;
- әр түрлі себептерге сәйкес, әскери тізімге алынбаған немесе әскери тізімнен шығарылған, сол тәрізді, отставқадағы тұлғалар — *әскери қызметке мәжбүр болмаған тұлғалар*, деп аталады.

Жалпы әскери міндеттеме Өзбекстан Республикасы аумағында ылғи немесе уақытынша жасап жатқан шетел азаматтары және азаматтығы болмаған тұлғаларға қолданылмайды. Әскери қызметке бірінші рет шақырылған немесе өз еркімен (контракт бойынша) кірген азаматтар Өзбекстан Республикасы халқы мен Президентіне сенімділік туралы Әскери ант қабылдайды.

Бұрынғы әскери ант қабылдамаған әскери қызметке мәжбүрлер жиындарға жұмылдырылғанда немесе мобилизациялық бойынша шақырылғанда, әскери антты қабылдайды. Әскери қызмет Өзбекстан Республикасы азаматтарының Қарулы Күштер қатарында жалпы әскери міндеттемені орындау барысындағы мемлекет қызметінің жеке түрі. «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Занға сәйкес, әскери қызметтің төмендегі түрлері енгізілген:

- мерзімді әскери қызмет;
- мобилизациялық шақыру резервіндегі әскери қызмет;
- контракт бойынша әскери қызмет;
- Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызметті өтеген резервшілер қызметі.

Тыныштық дәуірінде жай әскерлер және сержанттардың құрамы лауазымдарында мерзімді әскери қызметке, сондай-ақ мобилизациялық шақыруы резервіндегі қызметке он сегіз жастан жиырма жетің жасқа дейін болған, денсаулығына қарай, Қарулы Күштер қатарында әскери қызметті өтеуге жарамды ерек азаматтар шақырылады. Мерзімді әскери қызметте шақырылу жасындағы азаматтардың жай әскерлер және сержанттар құрамы лауазымдарында, сондай-ақ алдын әскери қызметті өтемеген офицерлердің зан құжаттарында белгіленген мерзімде Қарулы Күштер қатарындағы мәжбүри қызмет болып табылады.

- Мерзімді әскери қызмет мерзімдері календарь есебінде:
- мерзімді әскери қызметті қатардағы әскерлер мен сержанттардың құрамы лауазымдарында өтеп жатқан әскери қызметшілер үшін — *он екі ай* (жоғары мәліметті тұлғалар үшін — *тоғыз ай*);
 - мерзімді әскери қызметті шақыру бойынша офицерлер құрамы лауазымдарында өтеп жатқан офицерлер үшін тоғыз ай етіп белгіленеді.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі тарапынан 2002 жыл 12-желтоқсанда жаңа қабылданған «Жалпы өскери міндеттеме және өскери қызмет туралы» Занға сәйкес, азаматтардың мерзімді өскери қызметке өрі мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметке шақырылуы Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарарына негізделіп, жылына екі рет: сөүір-мамыр және қазан-қараша айларында өткізіліп келген. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2008 жыл 20-қарашадағы «Азаматтардың Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде мерзімді өскери қызметті өтеу шарты мен жағдайларын жетілдіру шаралары туралы» Жарлығына сәйкес, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерін және де жетілдіру мақсатында жылына бір рет — ақпан-наурыз айларында шақырылу белгіленеді.

2.2. Өскери қызметке шақырылу мерзімін кешіктіру. Өскери қызметке шақырылудан азат ету. Азаматтарды шақыру участкерінде тізімге алу. Азаматтардың өскери тізімнен өту бойынша міндеттемелері

Өзбекстан Республикасы Президентінің қарары шақыру басталуына кемінде бір ай қалғанда, бұкаралық ақпарат құралдарында жариялады. Президенттің қарары жарияланғаннан кейін өскерге шақырушылар, мәселен, уақытынша тізімде тұрған шақырушылар шақыру қафазында көрсетілген мерзімде шақыру пунктінде болуы шарт. Мерзімді өскери қызметті немесе мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметті өтемеген және өскери тізімде тұрмаған шақырылу жасындағы азаматтар, сондай-ақ ылғи мекен жайынан уақытыншалық басқа жайға кеткен және сол жерде өскери тізімде тұрмаған шақырушылар қорғаныс жұмыстары органдарында болуы шарт.

Он сегіз жасқа толған және жасы он сегізден асқан шақырушылардың өскери тізімде тұру орнын өзгертіруге Өзбекстан Республикасы Президентінің кезектегі шақыру туралы қарары жарияланғанға дейін жол қойылады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің қарары жарияланғаннан кейін шақырушылар өскери тізімде тұру орнын тек төмендегі жайттарда өзгертіруі мүмкін:

- басқа жұмысқа өткізілетін болса;
- жаңа мекен-жайға көшіп өткен болса;
- оку орнына окуға кірген және білім алуды жалғастыру үшін бара жатқан болса.

Бұл көрсетілген негіздердің бар екендігі қорғаныс жұмыстары органына ұсынылатын құжаттарда бекітілуі қажет.

Азаматтар қорғаныс жұмыстары органдары тарапынан белгіленген мерзімдерде шақыру участкелерінде дайын болмағанда, төмендегілер кешірімді себеп болып есептеледі:

- азаматтың шақыру участкесіне келуіне мүмкіндік бермеген ауры;
- жақын туысының (әкесі, анасы, аға-інісі, әпке-қарындасты, әйелі баласы) қайтыс болғандығы немесе ауыр сырқаттығы.

Азаматқа байланысты болмаған жағдайда оның шақыру участкесіне келуіне мүмкіндік бермеген табиғи апат немесе басқа жайлтар.

Дайын болмау себептері тиісті құжаттармен бекітілуі шарт.

Тыныштық дәүірінде төмендегі азаматтар мерзімді әскери қызметке шақырылмайды:

- 1) шақырылышының ата-анасы енбекке жарамсыз болып, оларды багу үшін енбекке қабілетті кәмелетке жетпеген басқа ұлы болмаса;
- 2) шақырылышының енбекке жарамды жалғыз анасы яки әкесі болып, олардың қарамағында он алты жасқа толмаған екі және одан артық перзенті болған жағдайда енбекке кәмелетке жеткен басқа ұлы болмаса;
- 3) шақыру күнінде шақырушының туған аға-інілерінің бірі мерзімді әскери қызметті өтеп жатқан болса;
- 4) шақырылышының анасыз тәрбиеленіп жатқан кәмелетке жетпеген бір перзенті болса;
- 5) шақырылышының бірінші немесе екінші топ мүгедек әйелі және кәмелетке жетпеген екі және одан артық перзенті болса;
- 6) жұмысы тұргысынан іздестіру немесе бастапқы тергеу алып барылып жатқан немесе қылмыс ісі сотта қаралып жатқан тұлғалар.

Шақырылышы оның ата-анасы қайтыс болғандығы, олар ұзак мерзім сырқат болуымен немесе басқа кешірімді себептерге қарай, кемінде бес жылдан бері өз қарамағында сактап жатқан тұлғалар оның ата-анасына теңестіріледі.

Жалпы орта білім беретін мектептерінде, академиялық лицей және кәсіби колледждерінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарында күндізгі окуда білім алып жатқан студенттер окуды жалғастыруы үшін олардың шақырылу мерзімі окуды аяқтағанға дейін кешіктіріледі. Білім беру орындарында окудан шеттетілген тұлғалар шақырылу мерзімін кешіктіру құқығынан айрылады.

Шақырылу мерзімін кешіктіру негіздерін жоғалтқан шақырушылар, сондай-ақ «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Занға сәйкес, шақырылу мерзімін кешіктіру құқығына немесе шақырылудан азат ету үшін негіздерге ие болмаған және әр түрлі себептерге байланысты, мерзімді әскери қызметке немесе мобилизациялық шақы-

руы резервіндегі қызметке шақырылмаған тұлғалар шақырылу күні жиырма жеті жасқа толғанға дейін, Қарулы Құштер қатарына кезектегі шақыру кезінде шақырылады.

Тыныштық дәуірінде мерзімді әскери қызметке әрі мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметке шақырылудан төмендегілер азат етіледі:

1) денсаулығына байланысты, әскери қызметке жарамсыз деп та-былған шақырушылар;

2) жақын туыстарының бірі (аға-інісі, әпке-қарындасы) әскери қызметті өтеу уақытында қайтыс болған шақырушылар;

3) тізімнен өткен діни ұйымдардың бірінде шен иесі болған ша-қырушылар.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар өз ризашылығымен әскери қызметке шақырылуы мүмкін. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған, сон-дай-ақ сотталғандық жағдайы аяқталмаған немесе сотталғандығы алып тасталмаған азаматтар әскери қызметке шақырылмайды.

Өзбекстан Республикасында әскери қызмет талаптарына жауап беретін төмендегі азаматтар ерікті түрде (контракт бойынша):

- отыз жасқа дейін болған, әскери есептегі мамандық бойынша тиісті кәсіби дайындық көрмеген әскери қызметке мәжбүр және әйелдер — жай әскерлер құрамы лауазымдарына әскери қызметке;

- алдын контракт бойынша әскери қызметті өтеген қатардағы әскерлер мен сержанттардың құрамындағы қырық жасқа дейін болған әскери қызметке мәжбүр, сондай-ақ мерзімді әскери қызметті немесе мобилизациялық шақыру резервіндегі қызметті өтеген және әскери есептегі мамандық бойынша тиісті кәсіби дайындыққа ие отыз жасқа дейін болған әскери қызметке мәжбүр — қатардағы әскерлер және сержанттардың құрамы лауазымдарына әскери қызметке;

- отыз жасқа дейін болған әскери қызметке мәжбүр әйелдер — қатардағы әскерлер және сержанттардың құрамы лауазымдарына әскери қызметке;

- он жеті жастан жиырма бір жасқа дейін болған азаматтар, осы тұрғыдан, окуға қабылданған жылы он жеті жасқа толатын азаматтар, сондай-ақ әскери білім орындарында окуды қалаған, офицерлер құрамы әскери атақтарына ие болмаған, он сегіз жастан жиырма бес жасқа дейін болған әскери қызметшілер және әскери қызметке мәжбүр — әскери оқу орындарының курсанттары түрінде әскери қызметке;

- қырық жасқа дейін болған резервтегі және запастағы офицер-лер — офицерлер құрамы лауазымдарына әскери қызметке кіреді.

Азаматтар әскери қызмет назарда тұтылған министрлік, Мемлекет комитеті және мекемемен әскери қызметті өтеу туралы контракт түзеді.

III таралу. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ ӨТЕУ. РЕЗЕРВТЕГІ ҚЫЗМЕТ

3.1. Әскери қызметті өтеу. Резервтегі қызмет

Әзбекстан Республикасы азаматтарының әскери қызметті өтеу тәртібі «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Занмен, әскери қызметті өтеу тәртібі туралы Ережемен белгіленеді.

Әскери қызметте болу жасының шекарасы:

- контракт бойынша әскери қызметті өтеп жатқан қатардағы әскерлер (матростар), сержанттар (старшиналар) үшін — қырық бес жас;
- кіші офицерлер үшін — қырық үш жас;
- үлкен офицерлер үшін — қырық бес жас, полковниктер (бірінші дәрежедегі капитандар) үшін — елу жас;
- генерал-майор, генерал-лейтенант әскери шеніндегі офицерлер үшін — елу бес жас; генерал-полковник әскери шеніндегі офицерлер үшін — алпыс жас деп белгіленеді;
- ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, сондай-ақ жоғары кәсіби дайындығы, иелеп тұрған лауазымында үлкен практикалық жұмыс тәжірибесі болған, денсаулығына байланысты, әскери қызметті өтеуге жарамды әскери қызметшілердің қызмет мерзімі әскери қызмет на-зарда тұтылған министрліктер, Мемлекет комитеттері және басқармалар басшылығы тарапынан әскери қызметте болу жасының шекара-сынан бес жылға дейін болған мерзімге үзайттырылуы мүмкін.

Әскери қызметте болудың басталуы деп:

- әскери қызметке шақырылған шақыруышылар әрі запастағы офи-циерлер үшін — әскери бөлімге аттану мақсатында қорғаныс жұмыста-ры органында дайын болған күн;
- контракт бойынша әскери қызметке кіргендегер үшін әскери қызметті өтеу туралы контракт құшке кірген күн;
- әскери білім орындарына, сондай-ақ министрліктер, Мемлекет комитеттері және басқармалардың оку әскери қызметке теңестірілген білім орындарына оқуға кірген шақырылушылар, әскери қызметке мәжбүр болғандар үшін — тиісті оку орнынан оқуға қабылданған күн есептеледі.

Әскери қызметтөн резервке босатылуы немесе отставкаға шығары-лудымен әскери бөлім құрам тізімінен шығарылған күн әскери қызметші үшін әскери қызметте болуының аяқталуы есептеледі.

Төмендегі жайттар мұнан бөлек, егер әскери қызметші:

- станционар емделуде болса;
- жүктілік және босану демалысында (әскери қызметші әйелдер) немесе баланы бағу демалысында болса;

- тұтқында болса, кепілде ұстап тұрылған болса;
- хабарсыз жоғалған болса, занда белгіленген тәртіpte хабарсыз жоғалған, деп табылғанына немесе қайтыс болған деп жарияланғанға дейін, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы азаматтарының әскери қызметті өтеу тәртібі туралы Ережеде белгіленген басқа жайттарда.

Әскери қызметшіні нағыз әскери қызметтен босату төмендегі негіздерге қарай іске асырылады:

- 1) әскери қызметшілердің әскери қызметте болуы белгіленген жас денгейіне жеткенде;
- 2) мерзімді әскери қызмет мерзімі аяқталғанда;
- 3) контракт мерзімі аяқталғанда;
- 4) штаттар қысқарғанда немесе басқа ұйымдастыруышылық-штат шараларымен әскери қызметшіден қызметте пайдалану мүмкіншілігі болмай қалғанда;
- 5) денсаулығына байланысты, оны әскери-медициналық комиссия әскери қызметке жарамсыз деп табылғандығымен;
- 6) заң құжаттарына сәйкес, тараптардың бірінің ұсынысына қарай, контракт мерзімінен алдын таратылғандығымен;
- 7) әскери оку орындарынан оқудан шақырылғандығымен;
- 8) қызмет міндегін лайық емес болып қалғанда;
- 9) Өзбекстан Республикасы азаматтығынан айрылуымен байланысты;
- 10) әскери қызметші әскери шенінен айрылуына байланысты;
- 11) сот үкімі занды күшке кіргенде.

Әскери қызметшілер әскери қызметтен резервке босатылады, әскери қызметтен босатылған кезде резервте болу жасының мөлшеріне жеткен немесе әскери қызметке жарамсыз, деп табылған әскери қызметшілер отставкаға шығарылып, әскери тізімнен шығарылады.

Резервтегі қызмет

2003 жылдың сәуірінде қабылданған Өзбекстан Республикасының «Қарулы Күштер резервіндегі қызмет туралы» Заны 3-бабында резервтегі қызмет туралы төмендегідей түсінік беріп өтіледі: «Нағыз әскери қызметті, сондай-ақ мобилизациялық шакыру резервіндегі қызметті өтеген қатардағы әскерлер, сержанттардың және офицерлерден болған әскери қызметке мәжбүрлер үшін Қарулы Күштердің құрамдары, бөлімдері және бөлімшелері қатарын соғыс дәуірінде, талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру, сондай-ақ, соғыс дәуірінде талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру, сондай-ақ, соғыс дәуірде та-

лап етілетін түзілімдерді күшайттіру мақсатында жалпы әскери міндеттеме негізінде енгізілетін азаматтардың әскери қызметі».

Резервтегі әскери қызметке мәжбүр болғандар жасына қарап, екі дәрежеге бөлінеді:

Әскери қызметшілер	1-дәреже	2-дәреже
Қатардағы әскерлер мен сержанттар	35 жасқа дейін	45 жасқа дейін
Кіші офицерлер	35 жасқа дейін	45 жасқа дейін
Үлкен офицерлер	45 жасқа дейін	55 жасқа дейін
Генералдар	50 жасқа дейін	60 жасқа дейін

Екінші дәреже резервінде болу жасының деңгейі резервтегі әскери қызметте болу жасының деңгейі есептеледі. Резервте болу жасының деңгейіне жеткенде немесе деңсаулығына карай белгіленген тәртіпте соғыс дәуіріндегі әскери қызметке жарамсыз деп табылған әскери қызметке міндеттілер қорғаныс жұмыстары органдары тарағынан отставкаға шығарылып, әскери тізімнен өшіріледі.

Қарулы Күштер резервіндегі әскери қызметке міндеттілер бірінші және екінші санатқа бөлінеді. Бірінші санатты резерв Қарулы Күштердің әскери құрамдары мен бөлімдері, әскери жабдықтау бөлімшелері қатарын соғыс дәуірде талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру үшін арналған.

Бірінші санатты резерв қызметінің өзі де бірінші және екінші кезекке бөлінеді. Бірінші кезектегі резерв қатары Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті бөлімдері, құрама және бөлімшелеріне біріктіріп қойылатын, ең жақсы дайындық қөрген резервшілер арасынан «Қарулы Күштер қатарын соғыс дәуірінде талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру үшін арналған болып, әскери мақсаттарда қолданылуы жоспарланады. Екінші кезектегі резерв қатары Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштер құрамындағы бөлімдер, жасактар және т.б.-лардың әскери жабдықтау бөлімшелеріне біріктіріп қойылмаған резервшілер арасынан толтырылады, қажеттілік туғанда, бірінші кезектегі резервшілер арасынан толтырылады, қажеттілік туғанда бірінші кезектегі резервшілер қатарын толтырып тұру үшін жоспарланған болады. Яғни қажеттілік туғанда бұл екінші кезектегі резерв қатарынан бірінші кезектегі резерв қызметінің қатарына өткізіледі.

Екінші санатты резерв Қарулы Күштердің бөлімдері мен ішкі және техникалық жабдықтау бөлімшелерінің соғыс дәуірінде талап етілетін штаттар дәрежесіне дейін толтыру үшін, төтенше жағдайлар болған немесе Өзбекстан Республикасына қарсы әскери басқыншылық жүзеге асқан кезде, соғыс дәуірі талап ететін түзілімдерді күшайттіру үшін арналған.

Әскери қызметті өтеген және резервте тұрған әскери қызметке міндеттілер — *резервшілер*, деп аталады. Резервшілер қорғаныс жұмыстары органдары тарапынан әскери тізімге алынады. Сонымен қатар, резервшілер және олардың санаттарға тән екендігі қорғаныс жұмыстары органдары тарапынан таңдалады. Резервшілерді тандауда және есепке алуда олардың мамандығы, жанұялық жағдайы, әскери дайындық дәрежесі, интеллектуал қабілеті өрі деңе тәрбиелік көрсеткіштері ескерілген жайтта аймақтық принцип негізінде іске асырылады.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері қатарын соғыс дәуірінде талап етілетін дәрежеде толтыру және қүштегі штабының қажет болатын резервтегі офицерлер жетпей қалса, олар жоғары оқу орындарының әскери кафедралары және факультеттерін аяқтаған, офицерлер дайындау бағдарламасын толық өткен, запастағы офицерлер арасынан таңдалынады.

Резерв қызметіне таңдал алынған резервшілерді дайындау процесіне Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Бірлескен штабы жалпы басшылық етеді. Резервшілерді дайындау төмендегі жайттарда іске асырылады:

- резервшілерді мобилизация дәуірінде белгілеп қойылған штат лауазымдарына дайындау;
- мобилизациялық жоспарына сәйкес, қажетті мамандықтар бойынша қайта дайындау;
- соғыс дәуірінде штаттар дәрежесінде әскери тәртіпке салу;
- белгіленген кейбір шараларды орындауы сөзсіз екендігін тексеру үшін;
- кару-жарақтарды үйрену, одан пайдалана білу, сақтау, кару-жарақтардың жана түрлерін менгеру.

Резервшілер әскери жиындарға жұмылдырылған кезде, Өзбекстан Республикасы іс-жүзіндегі Зандарына сәйкес, Министрлер Кабинеті тарапынан белгіленген мөлшерде ақша және басқа түрдегі жабдықтауды алады, әскери жиын дәуірінде олардың жұмыс орны, лауазымы, орташа жалақысы сақталады;

— жұмыс беруші әскери жиынға шақырылған резервшіні жиын дәуірінде босатуы, енбек келісімін бұзыу мүмкін емес. Кәсіпорын немесе мекеменің аяқталу жағдайлары бұдан тыс.

Әскери жиын дәуірінде резервші сырқат болып қалса және науқастық жиын аяқталғаннан кейін жалғасса, жұмыс орны сақталып қалады, жиын аяқталған күннен бастап оған уақытынша енбекке қабілетсіздік зейнетакысы төленеді.

Резервшілер жиын орнына автомобиль (таксиден тыс), теміржол транспорттары арқылы тегін жүруі;

- хаттарды тегін жіберуі;

— әскери медициналық мекемелерде тегін емделуі мүмкін.

Олардың өмірлері әскери жиындар дәуірінде мемлекет тарапынан міндепті сактандыру жасалады. Әскери жиындарда қатысу дәуірінде резервшілер мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер үшін белгіленген басқа құқық және жеңілдіктерден де пайдаланады.

Әскери қызметке міндепті резервте болу уақытында мобилизациялық шаралары бойынша әскери жиындарға қатыстырылады. Резервтегі әскери қызметке міндептілерге арналған әскери жиындардың мерзімі әр жылы бірінші санатты резервтегілер үшін отыз күнге дейін, екінші санатты резервтегілер үшін он бес күнге дейін болуы мүмкін.

Резервтегі және запастағы әскери қызметке міндептілер Өзбекстан Республикасының нормал өмірлік қызметіне қауіп катер төндіріп жатқан төтенше жағдайлардың алдын алу немесе олардың салдарын жою үшін Министрлер Кабинетінің қарапы негізінде екі айға дейінгі мерзімге әскери жиындарға жұмылдырылуы мүмкін.

3.2. Мерзімді әскери қызметшілерге берілетін жеңілдіктер

Әскери қызметшінің құқықтары және олардан пайдалану тәртібі Өзбекстан Республикасы заңдарымен белгіленеді. Бірер адам әскери қызметшінің Өзбекстан Республикасы Конституциясы және заңдарымен кепілденген құқықтарын шектеу құқығына ие емес. Әскери қызметшілердің өз құқықтарынан пайдалануы қоғамның, мемлекеттің құқықтарына және заңды мүдделеріне, әскери қызметке, басқа әскери қызметшілер және әр түрлі азаматтардың құқықтарына залал жеткізбеуі қажет.

Мемлекет әскери қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық корғауына кепілдік береді, оларға жетерлі және сәйкес тұрмыс дәрежесін жарату, қызмет және тұрмыстық жағдайын жаксарту бойынша шараларды іске асырады. Әскери қызметшілердің құқықтарын қамтамасыз ету және корғау мемлекет билігі мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сottардың, құқықты корғау органдарының әскери басқару органдары және командирлердің (бастыктар) жауапкершлігіне жүктетіледі.

Сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Қарулы Қүштерінде мерзімді әскери қызметті өтеп жатқандар, Өзбекстан Республикасы Конституциясында және басқа заңдар, әскери ережелерде көрсетілген жеңілдіктерден толық пайдаланады. Өзбекстан Республикасы Қарулы Қүштерінде әскери қызметті өтеп жатқан әскер-матростар, сержанттаршиналар, офицерлер өткізілетін Олий Мәжіліске, жергілікті сайлаулар, референдумдарда қатысу және басқа құқықтардан пайдаланады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер жасақтарға аттандыру және запасқа босатылғанда, тұрғылықты жер мекен

жайларына баруда жол қаражаттары, күндік азық-тұлікпен мемлекет тара-
пынан қамтамасыз етіледі. Әскери қызметті өтеп жатқан мерзімді әскери
қызметшілер Министрлер Кабинеті тарапынан белгіленген мөлшер-
дегі азық-тұлік өнімдерін пайдалану өрі айлық жалақыларын алу женілді-
гінен пайдаланады.

Әскери қызметші, қызметке шакырылғанға дейін бірер үйымда
істеп жатқан болса, сол жұмыс орнындағы жұмыс орны сақталып, қыз-
мет қылған мерзімдері жалпы үздіксіз жұмыс стажы есебіне өтеді.
Мерзімді әскери қызметке дейін жасау орнындағы иелеген үйі сақта-
лып тұрылады. Шакырылғанға дейін оқу орындарында білім алып жат-
қан әскери қызметшілер, запасқа босатылғанда сол оқу орнындағы
курсы бойынша оқуға тіктелу женілдігіне ие болады.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жыл 3-
қазандағы қаравымен мерзімді әскери қызметшілердің бір айлық
әскери қызметтері екі айлық енбек стажына теңестіріледі. Бұл —
мерзімді әскери қызметтегі әскер және сержанттың бір жарым жыл-
дық әскери қызметі үш жылдық енбек стажына теңестіріледі дегені.
Атальыш қарап бойынша мерзімді әскери қызметшінің қызмет
мерзімі аяқталғаннан кейін, жоғары оқу орындары және орта арнаулы
оқу орындарына әскери бөлімнен мінездеме берілгенде, кіру сынақта-
рында жиналған жалпы тест балдарына 10 % қосып берілуі қаралады.

2012 жыл 31-мамырда Өзбекстан Республикасы Президентінің
«Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери
қызметті өтеп болған азаматтарға женілдіктер тізімін жетілдіруге бай-
ланысты қосымша шараптар туралы» Қаравымен бұл женілдік 27 % -ға
көтерілді. Әскери бөлім қолбасшылығы тарапынан берілетін жоғары
оқу орнына жолдамалар үш жылға дейін өз күшіне ие болады. Бұл, өз
орында, әскери қызметті өтеп жатқан жігіттерге жоғары оқу орындары-
на окуга кірудегі мүмкіндіктерін және де асырды.

Бұл қарап негізінде, мерзімді әскери қызметшілердің айлық жала-
қылары екі есе, әскери қызметтен босатылғанда берілетін ақша
мөлшері — ең төмен айлық жалақысының сегіз есесіне дейін немесе
20 есеге дейін асырылды. Мемлекетіміз мерзімді әскери қызмет-
шілердің жанұя мүшелеріне де женілдіктер берді. Перзенттерінің
мерзімді әскери қызметтері дәуірде жанұя мүшелері жер салығынан
азат етіледі. Мұны жеке айту қажет, яғни халықтың 60 %-дан астамы
ауылды жерлерде жасайтын, диқаншылыққа негізделген және жеке үй
арты қожалығына ие болған мемлекетіміз жағдайында бұл әскери
қызметшілердің жанұялары үшін сезілерлі женілдік тудыруы табиғи.

Барлық топтағы әскери қызметшілер қызметтері барысында Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жыл 26-қантардағы 498-санды қарапы негізінде, мемлекет тарапынан сақтандыру жасалады. Қарапға сәйкес, әскери қызметшіге қызметпен байланысты түрде дene жаракатын алып, 1-топ мүгедегі болып қалған жағдайда, республика-мызды орнатылған ең аз айлық жұмыс жалақысының 7 жылдық есебі 75 %, 2-топ мүгедегі болып қалған жағдайда 50 %, 3-топ мүгедегі болып қалған жағдайда 30 %, ауыр түрдегі жаракат алғанда 20 %, ал женіл жаракат алғанда 10 % мөлшерінде өтемеки ақшасы төленеді. Қызмет міндептін орындан жатқанда қайтыс болған әскери қызметшілердің жанғя мүшелеріне 7 жылдық есебінде өтемеки ақшасы төленеді.

Жергілікті билік органдары, мекеме, ұйым және оку орындары бас-шылығы запасқа босатылғанда, әскери қызметшілер жұмыска кіруін білдіріп, қайрылғанда бір айлық мерзімнен кешіктірместен жұмыс орындарымен қамтамасыз етілуі қажет. Мерзімді әскери қызметті өтеп жатқан әскерлер, матростар, сержанттар, старшиналарға әскери бөлімдерден, сондай-ак олар әскери қызметті өтеп жатқан мекен-жайларға хат тегін жіберіледі. Мұнан тыс, әскери қызметті өтеу дәүірінде олар медицина орындары қызметінен, дәрі-дәрмектерден тегін пайдалану женілдігіне ие болады.

IV тарау. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘСКЕРИ ҰЙЫМЫ, ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ

4.1. Өзбекстан Республикасы Қарулы Қүштерінің құрылуы. Қарулы Қүштерге басшылық ету. Әскери округтар

1995 жыл 30-тамызда Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі тарапынан қабылданған Әскери доктрина құжатында мемлекетіміздің әскери саясаты негізінде әскери қызмет әрі құрылышының бағыттарын белгілейді. Ол мемлекет ұйымдары әскери кадрлар үшін мәжбүри есептелген әскери теория және практиканың негізгі, ресми қабылданған көзқарастары және ережелерін көрсетті, қазіргі стратегиялық міндептерді, әскери құрылыш бағыттарын және Қарулы Қүштерді қолдау шарттары, Қарулы Қүштер, халық пен мемлекетті қорғанысқа дайындау мәселелерін ғылыми түрфыдан негізделп берді.

Өзбекстан Республикасы аймағындағы әскери-саяси жағдайдан, Қарулы Қүштерде жүзеге асырылып жатқан реформалардан әрі мемлекетіміз ішкі және сыртқы саясатынан келіп шықкан түрде 2000-жылда мемлекетімізде қорғаныс доктринасы істеп шығылды. Қорғаныс доктринасы ұлттық қауіпсіздік жалпы мемлекеттік концепциясының құрам-

дық бөлігі болып, сыртқы саясат, мемлекеттерарапық қатынастар мәселелеріне, соғыс және тыныштық проблемаларына мұлдем жаңаша жандасуларға негізделеді.

Халықаралық қатынастардағы құрамдық өзгерістер, шиеленісу, оқиғалардың жаңа ошақтарының пайда болуы, экстремизм және терроризмнің әр түрлі көріністері белсенді болуымен қорғаныс қабілеті және қауіпсіздікті бекемдеу мәселелері жеке маңызға ие болуда. Сол қатынаспен қорғаныс доктринасында суверен мемлекет және халықаралық қатынастардың субъекті ретінде өзінің сыртқы және қорғаныс саясатын барлық мемлекеттердің тыныш-тату жасауы, басқа мемлекеттердің ішкі жұмыстарына араласпау, олардың суверенитеті және тәуелсіздігін қорғау, жалпы тыныштыққа, әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа және құралсыздануға қол жеткізу мақсаттарына қаратылуын атап өтеді.

Қарулы Құштер соғыстар мен қарулы оқиғаларды қайтару және алдын алу, Өзбекстан Республикасының ұлттық мұдделерін, суверенитеті, аймақтық бүтіндігін әрі халықтың тыныш өмірін қорғау үшін мемлекет тарапынан құрылған және сактап тұрылған әскери бірлестіктер, құрамдар және бөлімдерді, сондай-ақ басқа әскери түзілімдерді өз ішіне алады. Қарулы Құштер өз қызметін заның ұstemдігі, орталық-тасқан басшылық және жекебасшылық, әскери және мобилизациялық туралы ылғи даяр әрі әскери тәртіпке бойсұну негізінде құрайды және іске асырады. Әскери объекттер, ғимараттар және үйлер, қару-жараС, әскери техниканың барлық түрлері, басқа әскери мұліктер мемлекет мүлкі есептеледі және Қарулы Құштер иелігінде болады.

Корғаныска және Қарулы Құштерге басшылықты Өзбекстан Республикасы Президенті — Қарулы Құштер Жоғары Бас Қолбасшысы жүзеге асырады.

Соғыс дәуірінде Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрі бір кездің өзінде Қарулы Құштер Жоғары Бас Қолбасшысы орынбасары есептеледі.

Қарулы Құштердің алдына қойылған міндеттерді орындау тұрғысынан оларға жедел басшылықты Қарулы Құштер Бірлескен штабының бастығы іске асырады.

Әскери қауіп, қазіргі заман соғысы және аймағымыздағы географиялық жағдайларды ескере отырып Қарулы Құштердің ұйымдастырушылық құрылымы мен стратегиялық қолданылуы істеп шығылды. Қарулы Құштер стратегиялық тұрғыдан қолдауда олардың шапшандығын асыру мақсатында республика аумағында әскери округтар құрылуын белгілеп берді. Мемлекетімізде төрт әскери округ құрылған. Бұлар: *Ташкент әскери округі, Шығыс әскери округі, Шығыс-батыс әскери округі және Оңтүстік-батыс арнаулы әскери округі*.

Әскери округ оператівтік бағыттарда Өзбекстан Республикасының қауіпсіздігі және аймақтық бүтіндігін қамтамасыз етуші негізгі әскери-әкімшілік бірлік әрі жалпы әскер жылдам-стратегиялық аймақтық бірлестігі. Әскери округтардың жауапкершілігіне жүктелген міндеттерді орындауды әрі заң құжаттарына сәйкес қарарлар қабылдайды.

4.2. Қарулы Құштердің әскери-стратегиялық міндеттері, құрамы және құрылу бағыттары. Әскери басқарудың негізгі органдары

Қарулы Құштер осы уақытта азаматтардың өмірі мен тыныштығын қорғау міндеттін өз жауапкершілігіне алады. Біріккен Ұлттар Үйі-мының жарғысына сәйкес, өзін-өзі қорғаудан тұратын ажырамас құқығын іске асырады, мемлекеттің қажетті дәрежеде әскери құдіретке және қорғаныс қабілетіне ие болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заман соғыстарына тән характер және салдарын ескеріп, доктринада бас әскери стратегиялық міндет соғыс пен әскери шабуылды жою деп белгіленеді және:

- *тыныштық дәуірінде* — мемлекеттің қорғаныс қабілетін Республиканың дербестігін қамтамасыз етуге кепілдік беретін дәрежеде сақтап тұрудан, оның суверенитеті және аймақтық бүтіндігіне қарсы жасалуы мүмкін болған азғыруышылар және шабуылдардың алдын алудан, Қарулы Құштердің шабуылдарды да жеке тәрізде әрі жалпы қауіпсіздік туралы Келіссөз қатысуышы болған мемлекеттердің Қарулы Құштермен өзара ынтымақтастықта жою үшін жан-жақты ылғи да дайын тұруын қамтамасыз етуден;
- *соғыс дәуірінде* — шабуылдың кепілі тәрізде қайтарылуы, өз күштерімен бірқатарда Өзбекстан Республикасымен сәйкес, хаттамага негізделе басқа мемлекеттердің әскери құш-құдіреті ынтымақтастығында басқыншыға жойқын соккы беру, деп көрсетіледі.

Қарулы Құштердің құрамына құрлықтағы әскерлер, өве шабуылдан корғаныс жасақтары және әскери өве күштері, инженерлік-құрылыштық жасақтары, шекара жасақтары, Ұлттық қауіпсіздік қызметтінің әскери жасақтары, Ішкі істер министрлігінің ішкі жасақтары кіреді.

Құрлықтағы әскерлер

Құрлықтағы әскерлер — Қарулы Құштердің ең көп санды түрлөрінің бірі болып, басқа әскер түрлерімен өзара әрекетте Өзбекстанға карай жасалған, қай жерден болуынан тыс, шабуылды қайтаруға тиісті міндеттерді орындауға арналған.

Құрлықтағы әскерлер құрамына мотоатқыш, танк және артиллерия бөлімдері, өве шабуылдан корғаныс бөлімшелері, шапшан әрекет етуші (десант) күштер бөлімдері, жабдықтау бөлім және бөлімшелері кіреді.

Мотоатқыш бөлімдер — құрлықтағы әскерлердің негізі, әскери құрамының негізі есептеледі. Олар жердегі және әуедегі нысандарды жою үшін құдіретті қару-жараптар, танктер, зенбіректер және миномёттер, танкке карсы басқарылатын ракеталар, зенит комплекстері және құрылғылары, барлау және басқарудың тиімді құралдарымен қамтамасыз етілген.

Танк бөлімдері — құрлықта жасақтардың заманауи шайкас жүргізу жағдайларында қажетті міндеттерді орындауға қаратаған бас соққы беруші күші және қарулы шайқастың құдіретті құралы. Өзбекстандық жауынгерлер басқарып жатқан заманауи танктер жоғары жауынгерлік ерекшеліктерге, сенімді брондалған қорғанысқа ие болып, тау-қыр, тегіс болмаған жер, жолсыз аймақ жағдайларында да алыс қашықтықтарды басып өтуге дайын. Олар әрі ядро қаруы қолданылған жағдайларда да соғыс алып баруға үйренген.

Артиллерия бөлімдері — әскери міндеттерді орындауда бас (отты) күш әрі қажетті жедел-тактикалық құрал. Олардың арсеналында бар болған заманауи зенбіректер, реактивті құрылғылар, гаубицалар, миномёттер, артиллерия бөлімдерінің от шашу мүмкіндіктері, әскери әрекеттер тиімділігін тағы да арттырады.

Жедел әрекет етуши (десант) күштер бөлімдерінің орны — қазіргі күнде сезілерлі дәрежеде артқан. Десантшылар әскери машиналары, өзі жүретін артиллерия құрылғылары, танктер, зенбіректі транспортерлер, жоғары тиімді танкке қарсы және зенит құралдары, стволды және реактивті артиллерия, құшті автоматтық құралдар, байланыс және басқарудың заманауи құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Мемлекеттік десантшылары армияның жоғары дәрежеде дайындалған және жедел (мобиЛЬ) бөлімі. Заманауи әскери транспорт авиациясының көмегінде олар дүшпан бекіністерінің жақын және өте ішкі межелерінде өздігінен сондай-ақ басқа бөлім және бөлімдермен өзара әрекеттер арқылы алдарына қойылған міндеттерді сәтті орындаі алады.

Әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары және әскери әуе күштері

Әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары — Өзбекстан Республикасына әуеден жасалған әрқандай шабуылды жою барысында шапшандықпен әрекет етуге ылғи дайын тұрушы және мемлекеттік әуе шекараларының радиолокацион барлауын қамтамасыз етуші әскер түрі.

Әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары республиканың әкімшілік-саяси, экономикалық өнеркәсіп орталықтары және аумақтарын, жасақтардың топтары, әскери және басқа қажетті обьекттерді дүшпанның әуе шабуылынан қорғауға арналған.

Әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары оларға жүктелген барлық міндеттер жиынтығын шешуге қабілетті болған жоғары тәжірибелі

жеке құрамға, жоғары тиімділігімен ажыралып тұратын кіші, орта, үлкен қашықтық арналған заманауи зенит ракеталы комплекстерге және әр түрлі қөзден жасыратын немесе шұылдарды жоятын тоскауылдар қолданған түрде де әуедегі нысандарды, автоматтық басқару және нысандарды кирататын құралдарды барлық ұзын диапазондарында анықтауға қабілетті болған радиолокацион станцияларына ие.

Әскери әуе құштері — әуеден тұрып дүшпанның авиация, құрлықтағы жасақтары топтарына, мемлекет және әскери басқару тізімі объекттеріне фронтарты және әскери-экономикалық қабілеттілігіне, транспорт коммуникацияларына шығындар келтіру, әуе барлауын іске асыру, сондай-ақ құрлық жасақтарын авиацияның көмегінде қолдау, әуе десантшыларын тастау, әскер және материалдық құралдарды әуе арқылы тасу және басқа міндеттерді орындауға арналған.

Әскери әуе құштері тиімді қару-жарактар, навигация құралдары, радиоэлектрон құрылғылармен қамтамасыз етілген заманауи самолёттер, тік вертолёттер, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарына ие болып, олар әуенің әрқандай жағдайларында, құндізгі немесе түнде болсын, әр қандай биіктікте әскери міндеттерді орындауға қабілетті.

Инженерлік-құрылыштық жасақтары

Инженерлік-құрылыштық жасақтары — тыныштық дәуірінде Қарулы Құштер инфратізімі өркениетін қамтамасыз ету және мемлекеттің стратегиялық экономикалық бағдарламасын орындауға, соғыс кезінде корғаныс ғимараттарын, коммуникация құрылыштары және құтқару-авария жұмыстарын орындауға арналған.

Әскери қалашықтар және әскер казармалары, офицерлер құрамы мерзімінен тыс келіссөз негізінде әскери қызметшілер және олардың жанғы мүшелері үшін тұратын орындар, әскер клубтары, асхана және шайханалар, әскери қызметшілердің балалары үшін мектеп, бақша ғимараттары, госпиталь және медициналық пункттер, әскери техника және қару-жарактар үшін парк, қойма және гараждар құру — бұлардың барлығы құрылыш бөлімдері мен бөлімшелерінің міндеттері.

Шекара жасақтары

Үлттық қауіпсіздік қызметінің шекара жасақтары — шекараға тиісті саясатты жүзеге асырады, Мемлекет шекараларын қорғау және күзетуді құрайды.

Үлттық қауіпсіздік қызметі:

- шекара жасақтары қызметін басқаруды іске асырады;
- жайлардағы мемлекет басқару органдары, жергілікті мемлекет билік органдары, беймемлекеттік, саудалық болмаған ұйымдардың

Мемлекет шекарасын қорғау және қарауылдау саласындағы қызметін үйлестіріп тұрады;

- шекара жасақтары бүгінгі күнде әскердің тәуелсіз түрі болып, Мемлекет шекаралары қорғанының бірінші эшелонын құрайды.

Мемлекет шекарасы сызығының жайларда заңсыз тәрізде өзгертірілуіне жол бермеу, Мемлекет шекарасында әскери және басқа бүліктердің алдын алу, Мемлекет шекарасының заңсыз түрде кесіп өтілуіне жол бермеу, Мемлекет шекарасын бұзушыларды анықтау және ұстаяу, Мемлекет шекарасы режиміне шекара алды режиміне және Мемлекет шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режимге бойсұнуды бақылауды іске асыру, тұлғалар, транспорт құралдары, тауарлар, басқа мүлік және жануарлардың Мемлекет шекарасы арқылы белгіленген тәртіpte өткізуін іске асыру, Мемлекет шекарасы арқылы алдып өтіліп жатқан тауарлар, басқа мүлік және жануарларды, сондай-ақ транспорт құралдарын анықтау және белгіленген тәртіpte ұстап қалу. Мемлекет шекарасы режимін бұзумен байланысты құқықбұзарлықтың алдын алу, шекара алды қыдыруларымен операцияларын өткізу шекара жасақтарының міндеттеріне кіреді.

Ішкі істер министрлігінің ішкі жасақтары

Ішкі әскерлер — Ішкі істер министрлігі құрамында құрылған болып, оның негізгі міндеттері милиция органдарымен ынтымақтастықта, халық жасайтын жайларда топтарға бөлінген халық шаруашылығы кәсіпорындары және басқа қоғамдық жайларда қоғам тәртібін сақтау, азаматтардың құқықтық және занды мұдделерін қорғау, ұйымдар, басқармалар, мекемелерді қылмыскерліктен және басқа қоғамға қарсы әрекеттерден қорғаудан тұрады.

Ұлттық қауіпсіздік қызметі, Төтенше жағдайлар министрлігі және басқа министрліктер, ұйымдар әрі әскери құрылдың негізгі міндеті ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзіне тән міндеттерін орындау, табиғи және техноген түріндегі төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын аяқтау және адамзат өмірін қамтамасыз етуші халық шаруашылығы кәсіпорын мен орындарын қарауылдау болып есептеледі.

Әскери басқарудың негізгі органдары

Мемлекет қорғанысы саяси, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық шаралар жиынтығынан құралғандығын ескерген тәрізде қорғаныс мәселесінде Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі, Республика Президентінің, Министрлер Кабинеті, Қорғаныс министрлігі, министрліктер, басқармалар, мемлекет билігі, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың өкілеттерін белгілеп берді.

«Қорғаныс туралы» Занға сәйкес, Президент Республика қорғаныс кабілетін қамтамасыз ету, мемлекет мұдделеріне қарулы басқыншылық болған жайтарда оның суверенитеті, аймақтық бүтіндігі және тәуелсіздігін корғау тұрғысынан қажетті шараларды қабылдайды; Қарулы Құштердің құрылымы, олардың стратегиялық жоспарын бекітеді; Қарулы Құштерге әскери өрекеттерді алып бару туралы төтенше жайтарда олардан пайдалану туралы бұйрық береді.

Президент өкілеттеріне жалпы немесе шағын мобилизацияны, республикаға қарулы шабуыл жасалғанда соғыс жағдайын жариялау, соғыс дәуірінде нормативтік акттерді енгізу және олардың қызметін тоқтату; қорғаныс саласындағы мемлекет органдары қызметін өзара үйлестіру; әскери мәселелер бойынша келіссөздер алып бару және халықаралық хаттамаларға қол қою; әскери лауазымдарға жоғары шенді офицерлер құрамынан тұлғаларды тағайындау; оларға әскери және арнаулы шендер беру кіреді.

Занда Олий Мәжіліс әскери саладағы өкілеттіктері шенберіне қорғаныс концепциясын, Әскери антты, Президент ұсынысына сәйкес, Қорғаныс министрін бекіту, әскери құрылым, әскери қызметшілер және олардың жанұя мүшелерін әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан корғау мәселелеріне тиісті зандардың орындалуы үстінен бакылауды іске асыру, Өзбекстан Республикасы Президентінің азаматтарды әскери қызметке жұмылдыру және әскери қызметтен босату, әскери жағдайды енгізу, қарулы басқыншылық жасалған жағдайда соғыс жағдайын жариялау, әскери өрекеттер тоқтатылғанда тыныштық бітімін түзу, тыныштық, қауіпсіздікті сақтаумен байланысты болған халықаралық хаттамаларға байланысты міндеттемелерді орындау, қажет болғанда, Қарулы Құштерді қолдау туралы Жарлықтарды бекіту, әскери мәселелер бойынша республика халықаралық хаттамаларын ратификациялау немесе олар өз күшін жоғалтқан, деп жариялау, Қарулы Құштердің Жоғары Бас Қолбасшысына жоғары әскери шен беру сияқтылар кірітілді. Министрлер Кабинетінің өкілеттіктеріне қорғанысты қамтамасыз ету бойынша өзіне бойсұнатын барлық құрылымдарың қызметіне басшылық ету, Қарулы Құштерді қарулар, әскери техника және басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету; Қорғаныс және Қарулы Құштер қажеттілігі үшін материалдық-техника ресурстары, азық-тұлік, киім-кешек және басқа бұйымдардың көлемін, әскери және мерзімді қызметке шақырылуы қажет болған республика азаматтарының саны әрі әскери және мерзімді қызметке шақырушылардың әскери есебін жүргізу, әскери қызметке шақыру және нағыз мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару, мобилизациялық және әскери қызметтен босату туралы қаулылар қабылдау сияқтылар кіреді.

Министрлер Кабинеті мемлекет және мобилизациялық қорларының материалдық байлықтарын жинақтау жоспарларын бекітеді; халық шаرعاшылығын мобилизацияға дайындау, мобилизацияны қүшеттіру және оны соғыс жағдайындағы жұмыс тәртібіне өткізуге басшылық етеді; әскери қызметшілер, отставкағы әскери қызметшілер және олардың жанұяларын, сондай-ақ қызмет борышын өтеп жатқанда кайтыс болған, хабарсыз жоғалған немесе тұтқынға түсіп қалған әскери қызметшілер жанұяларының әлеуметтік-құқықтық кепілдіктері, материалдық, тұрмыстық және зейнетті қамтамасыз етуі мәселелерін шешеді; әскери-техникалық білімге мамандандырылған жоғары және орта әскери оку орындарын құрайды және оларды аяқтайды.

Өзбекстан Республикасының «Қорғаныс туралы» Заңы министрліктер, мемлекет билігі және жергілікті басқару басқармалары өкілеттіктері шенберіне әскери тапсырыстарды орындаپ жатқан министрліктер және басқармалар басқарудың тапсырылған тармақтарында қорғаныс қажеттіліктеріне арналған қажет өнімдердің жеткізіп берілуі үшін, тармақтың мобилизациялық дайындығы үшін жауапты болады, тармақ әскери дәуірде мобилизациялық дайындығы жоспарына сәйкес, тұрақты істеуін қамтамасыз етуге байланысты шараларды іске асырады.

Әкімшіліктер және жергілікті басқару басқармалары халық шаرعاшылығының мобилизациялық дайындығын қамтамасыз ету саласындағы зандардың орындалуы үшін жауапты болады; әскери бөлімдерге және мекемелерге қажетті жергілікті өнімдер жеткізіп берілуі және су, жылулық және электр энергиясымен қамтамасыз етілуін іске асырады, байланыс құралдарын береді, коммуналдық-тұрмыстық және басқа қызметтер көрсетеді; қорғаныс мұдделерін көздең зандарға сәйкес, жер бөліп береді және олардан пайдалануды бақылау жасап барады; зандарда белгіленген тәртіpte әскери бөлімдерге, Қарулы Күштердің мекемелеріне, әскери оку орындары, кәсіпорын және үйымдарға қызмет фирмаларды, мекен-жайлар бөліп береді, әскери обьекттерге, әскери қызметшілерге, олар жанұяларына қарай заңға қайшы әрекеттер жасалуына жол бермеу тұрғысынан шаралар қарастырады.

V тарau. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР. ӘСКЕРИ ТӘРТІП

Тарихтан белгілі, ұлы қолбасшылар өз жасақтарын басқаруда белгілі зан-ережелерді енгізген. Бұған негіз етіп, Әмір Темірдің тұзіктерін келтіруіміз мүмкін. Ол өз зан жинақтарының екінші бөлімінде атқамінерлерді ұстап тұру, оларды басқару мәселелеріне жеке мән берген. Әмір Темірдің мемлекет және армияны басқарудағы тәжірибелері дүние мемлекеттерінде кеңінен пайдаланылған. Тұзіктер 1628 жылда

Үндістанда, 1783 жыл Англияда, 1868 жылы Иранда, 1894 жылы Ресейде басылуы мұның жарқын дәлелі. Сондай-ақ көптеген мемлекеттердің армияларының Ережелеріне аз болса-да, негіз салған.

Қарулы Күштерімізде әскери қызметшілердің өмірін, күнделікті тұрмыс қызметін, жеке шарт-жағдайларын құру, адамгершілік нормалары және әскери тәртіпті бекемдеу әрі әскери қызметті құру және өтеу жол-жоралғыларын ізге салушы, сондай-ақ бөлім және бөлімшелер әскери әрекеттері негізін белгілеп беретін ресми нормативтік-құқықтық құжат — бұл жалпыәскери Ережелер.

Әскери Ережелер әскери Қарулы Күштер бөлім және бөлімшелері түрлерінің әскери дайындық негіздері әрі әскери әрекеттерін алып баруды белгілеп береді. Жалпыәскери Ережелер әскери қызметшілердің өзара қатынастары, олардың жалпы, лауазымына тиісті міндеттемелері және құқықтары, ішкі гарнizon және қарауылдық қызметтерін өтеу тәртіптері және басқаларды белгілейтін Қарулы Күштердің барлық түрлері үшін жалпы ережелер болып табылады.

Өзбекстан Республикасы Президенті — Қарулы Күштеріміз Жоғары Бас Қолбасшысының Жарлығына сәйкес, 1996 жыл 9-қазанда төмендегі негізгі жалпыәскери Ережелер бекітілді: Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Ережесі, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіп Ережесі, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Гарнizon және қарауылдық қызметі Ережесі, ал 1996 жыл 14-қазанда, Қорғаныс министрінің бұйрығымен Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің сап Ережесі енгізілді.

Әрбір Ереже әскери өмірдің бір бағытын тәртіпке салып тұрады. Мәселен, Ішкі қызмет Ережесінде әскери қызметшілердің жалпы міндеттемелері және олардың арасындағы қатынастар, ішкі тәртіп ережелері, мансапты тұлғалардың міндеттемелері, күнделікті өмір және тұрмыстық жағдайлар, әскери қызметшілерді орналастыру, олар тарапынан ішкі қызметті алып бару мәселелері көрсетілген.

Қарулы Күштердің Тәртіп Ережесі әскери тәртіптің маңызын, әскери қызметшілердің оған мән беру бойынша міндеттемелерін, ынталандыру және тәртіптік әсерлердің көріністерін, командирлердің (бастықтар) оларды қолдау бойынша құқықтарын, сондай-ақ ұсыныс, арыз әрі шағым арыздар беру, оларды көріп шығу тәртіптерін анықтап береді.

Жалпы әскери Ережелердің ішінде Гарнizon және қарауылдық қызметі Ережесі жеке орын тұтады. Ол қарауылдық қызметтің әскери міндетті өтеу деп белгілеп, қызметті құру және өтеу, лауазымды тұлғалар әрі әскери қызметшілердің міндеттемелері, жасақтың қатысуында шараларды өткізу сияқты мәселелерді өз ішіне алады.

Сап Ережесі қатарда тұру және жүру әдістері, қарумен әрі қарусыз әрекет жасау, кіші бөлімше және әскери бөлімдердің жаяу және машиналарда қатарда тұруы, әскери сәлемдесуді орындау, қатардың көзден өткізу тәртібі, әскери қызметшілердің қатарға тұру алдындағы, қатарға тұрудың міндеттемелері, оларды қатарда тұру және жүргуге үйрету талаптары, сондай-ақ әскери қызметшілердің шайқас алаңында әрекеттену әдістері және дүшпен кенеттен шабуыл жасаған уақытындағы әрекеттерін белгілеп береді.

Өзбекстан Республикасы базар экономикасына негізделген құқықтық демократиялық қоғам құру жолынан баруда. Қарулы Күштерде барлық құқықтық және адамгершілік мәлшерлер жалпы әскери ережелерде іске асырылғандығы үшін әрбір әскери қызметші оны жақсы үйренуі және мән беруі әрі жауапкершілікпен орындауды қажет. Ереже әскери женістер кепілі есептеледі. Әскерилер арасында әңгіме бар: «Ереже бойынша қызмет етсен, құрметке ие боласын!»

5.1. Әскери қызметшінің жалты міндеттемелері. Әскери шендер және айыра тану белгілері. Бастықтар және бойсұнушылар.

Улкендер мен кішілер және тікелей бастықтардың құқықтары мен міндеттемелері

Әскери қызметші — нағыз әскери қызметті орындаушы тұлға есептеледі. Ол Отаның, тәуелсіз Өзбекстан Республикасының қорғаушысы. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызметшілер әскер және матростар, сержанттар мен офицерлер (кіші, үлкен, жоғары) құрамына бөлінеді.

Әскери қызметші өз Отаның қорғау үдерісінде жеке жауапкерлікке ие. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері қызмет бабында зандар, әскери ережелердің талаптарына бойсұнады және саяси мақсаттарды көздеген басқа қоғам үйымдары және бірлестіктердің қызметімен байланыстылығы болмауы қажет.

Әскери қызметші төмендегілерге:

Өзбекстан Республикасының «Қорғаушысы» жоғары атағын атақпен ақтауға, Қарулы Күштердің, өз әскери бөлімінің ар-намысын және әскери абырайын, өз әскери шенінің абырайын қадірлеуге, әскери анти-қа сенімді болуға, халқына ұлтжандылықпен қызмет етуге Өзбекстан Республикасының мемлекет тәуелсіздігі және аймақтық бүтіндігі берік, шеберлікпен, соңғы тамшы қаны қалғанға дейін, қажет болса өмірін аянбастан қорғауға, әскери борышты орындауға; мемлекет Конституциясына, әскери ережелердің талаптарын орындауға; Өзбекстан Республикасын қорғау міндеттерін орындаумен байланысты әскери қызмет ма-

шақаттарына табандылықпен шыдауға; әскери кәсіби білімдерін үздіксіз иелеуге, өз оку әскери шеберлігін жетілдіруге; өзіне сеніп тапсырылған кару-жарап және әскери техниканы білуі, істетуде ылғи дайындықта сактауға, әскери мұлікті асырауға; адал, тәртіпті, ер жүрек болуға, әскери борышты орындау барысында орынды ұсыныстар көрсетуге; командирлерге (бастықтарға) сөзсіз бойсұну және оларды шайқаста қорғауға, әскери бөлім әскери жалауын қарауылдауға; әскери жүріс-тұрыс әдебі ережелеріне мән беруге және әскери сәлем беруді орындауға, әрдайым рәсім бойынша, таза және үқыпты киінуге, Отансүйгіштік көрсетуге, халықтардың интернационал достығын қадірлеуге, ұлттар және елдер арасында бауырластықты бекемдеуге мүмкіндік жаратуға мәжбүр.

Әскери қызметші Отанға қызмет қылу үдерісінде оңай жолды актармауы, өз ожданы, бастықтар және достары арасында Өзбекстан Республикасы азаматына қайши болған алдаушылық, өтірікші жолдарды қолдауы қауіп қатерлерді алып келуі мүмкін. Халықтың «Өмірде ең негізгісі — Отанға адал қызмет ету», «Отанға қызмет ету — қасиетті борыш» сияқты дана сөздеріне мән беру қажет.

Әскерлердің өз командирлерін қадірлеуді әскери бауырластықтың ең жоғары қадір-қасиеті есептеледі. Әр қандай апаттың болуы мүмкін болған жағдайларда командирдің өмірін сактау және қатерден құтқаруға ылғи дайын түру керек. Шайқас майданында командирді қорғау Қарулы Қүштердегі әскерлердің таңқаларлық дәстүрлерінің бірі. «Өзінді деместен командирді құтқар», «Командирді шайқаста қорға, өзінді сақтағандай өмірде» сөздері әскерлер арасында бекерге айтылмайды.

Әскери қызметші бауырластықты құрметтеуге, өз өмірін аянбастан достарын қауіп-қатерден құтқаруға, әрбірінің ар-намысын және қадірін құрмет етуге, өзіне және басқа әскери қызметшілерге қарай дөрекілік және балағаттауға жол қоймауға, оларды лайықсыз қылмыстардан тыйып қалуға мәжбүр. Халық тарапынан төмендегі сөздер бекерге айтылмайды: «Дос арттырсан — женіске жетесін», «Шайқаста досынды қолдасан — өзіңнен қатерді қуған боласын», «Достарыңа қемегін — взвод абыройын асыруын». Әскери қызметші әскери қызмет қауіпсіздігі талаптарына, сырқаттану, жаракат арттыру және куюден ескерту шараларына мән беруі, әр күні дене тәрбиесімен шынығуы, жаттығуда көргендерін арттыру, зиянды әдептерден (шегу және ішкілікten) тыйылу қажет.

Әскери қызметші жауынгерлік әрекеттері кезінде, өз әскери бөлімінен (бөлімінен үзак және толық қоршауда қалған болса да, тұтқынға түсуден құтылу үшін дүшпанға нағыз қарсылық көрсетуге, ол шайқаста әскерлік борышын сонына дейін орындауға мәжбүр.

Әскери шендер және айрықша белгілер

Әскери шендер, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің жасақ түрлеріне тән әскери арнаулы дайындықтан өткен тұлғаларға, қызмет бабында өсу дәуірлерін есепке алып, қызмет ережелері негізінде беріледі. Әскери шендер әскерлерге, матростарға, сержанттарға, старшиналарға, Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі тарапынан істеп шығылған нұсқаулық негізінде іске асырылады. Кіші және үлкен офицерлер құрамына әскери шендер Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тарапынан шығарылған тәртіп негізінде беріледі.

Озбекстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің әскери шендері

Жасақта байланысты	Кемеге байланысты
Әскерлер құрамы (1-сурет)	
Қатардағы әскер (курсант)	Матрос (курсант)
Сержанттар құрамы (1-сурет)	
Кіші сержант	2-дәрежелі старшина
Сержант	1-дәрежелі старшина
Аға сержант	Бас старшина
Кіші офицерлер құрамы (2-сурет)	
Лейтенант	Лейтенант
Аға лейтенант	Аға лейтенант
Капитан	Капитан-лейтенант
Аға офицерлер құрамы (3-сурет)	
Майор	3-дәрежелі капитан
Подполковник	2-дәрежелі капитан
Полковник	1-дәрежелі капитан
Генералдар құрамы	
Генерал-майор	
Генерал-лейтенант	
Генерал полковник	
Армия генералы	

Қарулы Күштердегі Жоғары әскери шен — Армия генералы болып, бұл шен соғыс дәуірінде Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас Қолбасшысына, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрліне беріледі.

Юридик, медициналық немесе ветеринария әскери-есеп мамандығына ие болған әскери қызметшілердің әскери шендеріне тән түрде «Әділет», «Медициналық қызмет» немесе «Ветеринария қызметі» сөздері қойылады. Мәселен, медициналық қызмет лейтенанты, ветери-

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ КЕЛІСІМ ШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ИҮҚ БЕЛГІЛЕРИ

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ИҮҚ БЕЛГІСІ

Салтанатты
(мереке) киіміне
«Қатардағы
әскер»



Күнделікті және
дала киімдеріне
«Қатардағы әскер»



Салтанатты (мереке) және күнделікті әскер киімдерге



Кіші
сержант



Сержант



Ага
сержант



Кіші
сержант



Сержант



Ага
сержант

I-сурет.

КІШІ ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ИҮҚ БЕЛГІЛЕРИ

Салтанатты
(мереке) киіміне



1



2



3



4



5



6



7



8



9

Күнделікті киіміне

Дала киіміне

1. Лейтенант (салтанатты (мереке) көйлегіне).
2. Аға лейтенант (ННК және HDQ — көгілдір түсті өрнек).
3. Капитан.
4. Лейтенант (салтанатты (күнделікті) көйлегіне).

5. Аға лейтенант (ННК және HDQ — көгілдір түсті өрнек).
6. Капитан.
7. Лейтенант.
8. Аға лейтенант.
9. Капитан.

2-сурет.

* Әскери киім иүқ белгілерінің түсі әскери міндетті орындан жатқан кезде қарал езгеруі мүмкін.

ҮЛКЕН ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ИЫҚ БЕЛГЛЕРІ

Салтанатты (мереке) киіміне



- 1. Майор.
- 2. Подполковник.
- 3. Полковник.

Күнделікті киіміне



- 4. Майор.
- 5. Подполковник.
- 6. Полковник.

Дала киіміне



- 7. Майор.
- 8. Подполковник.
- 9. Полковник.

3-сурет.

ГЕНЕРАЛДАРДЫҢ ИЫҚ БЕЛГЛЕРІ

Салтанатты (мереке) киіміне



Генерал-
майор
(салтанатты
(мереке)
киіміне)



Генерал-
лейтенант



Генерал-
полковник



Армия
генералы

Күнделікті киіміне



Генерал-
майор
(күнделікті
кеңелегіне).



Генерал-
лейтенант



Генерал-
полковник



Армия
генералы

Дала киіміне



Генерал-майор



Генерал-лейтенант




Генерал-полковник



Армия генералы

4-сурет.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КУНДАРЫНІҢ ЖАСАҚ ПЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ ЭМБЛЕМАЛАРЫ



1. Мотоаткыш жасактарбы. 2. Эскери ўч күштери. 3. Эдекорантыйсы жасактарбы. 4. Эдүелсанты қыштеги. 5. Артиллерија. 6. Танк жасактарбы. 7. Байланыс жасактарбы. 8. Инженерлік жасактарбынын мамандары. 9. Эскери еркекеттер қызмети. 10. Химия жасактарбы мамандары. 11. Автомобиль жасактарбы. 12. Медицина мен ветеринария қызмети. 13. Әдilet. 14. Эскери дирижер музъканттар.

ЭСКЕРИ ҚЫЗМЕТИШДЕРДИН ИҮЙК БЕЛГИЛЕРІНДЕГІ ЖҰЛДЫЗЛАР

Офицерлердін жұлдыздары

Кіші офицерлердін жұлдыздары



15. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне. 16. Даала күміне.

17. Даала күміне. 18. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне.

19. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне. 20. Даала күміне. 21. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне.

22. Даала күміне. 23. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне. 24. Даала күміне. 25. Даала күміне.

Офицерлер, контракт бойынша әскери қызметшілер, мерзімді қызметшілер

және жогары әскери оку орындары курсанттары күмідері үшін үлкен түйме

Офицерлер, контракт бойынша әскери қызметшілер, мерзімді қызметшілер және жогары әскери оку орындары курсанттары күмідері үшін кішкене түйме



23.



25.

26. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне. 27. Кызыл және көктемі-күзіл пальтоға. 28. Ишкі белгі және фурражка. 29. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне. 27. Кызыл және көктемі-күзіл пальтоға. 28. Ишкі белгі және фурражка.

Генералдардын жұлдыздары



19. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне.

20. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне.

21. Салтанатты (мереке) және күнделікті күміне.

Күй-кешек түймелері

Генералдардын күй-кешектері үшін күшкене түйме



26.



27.



28.

5-сурет.

нария қызметі капитаны, медициналық қызмет генерал-майоры, әділет генерал-полковнігі.

Резервтегі, запастағы немесе отставкадағы азаматтардың әскери шеніне тиісті «резервтегі», «запастағы» немесе «отставкадағы» сөздері қосылады.

Сержанттардың (старшина) әскери шеніне әскер немесе қызмет түрлерінің аталуы қосылмайды.

Әскери оқу орнында оқып жатқан әскери қызметшілер, офицерлер әскери шенге ие болмағандар — курсанттар, ал әскери шенге ие болмағандар тындаушылар, деп аталады.

Әскери оқу орнына кіргенге дейін, әскери шенге ие болмаған немесе әскер, матрос әскери шеніне ие болған азаматтарға оқуға қабылдау уақытында «Курсант» әскери шені беріледі. Әскери оқу орнына кіргенге дейін берілген әскери шендер сақталып қалады.

Әскери қызметшілердің әскери киім-кешек және ажырататын белгілері Өзбекстан Республикасы Президенті тарапынан бекітіледі. Әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындарға жұмылдырылған әскери қызметке міндеттілер әскери шені және әскер түрін ажыратушы белгілері (5-сурет) болған әскери киім-кешекте жүреді. Әскери киім-кешекте жұру ережелері Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі тарапынан белгіленеді. Әскери киімде жұру құқығына ие болмаған азаматтар әскери қызметшілердің киім-кешектерді киіп және айыратын белгілерді тағып жүруге тыйым салынады.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің киім формалары болып, бұл формаларында жеке әскери шендерді айыра алатын белгілерден тұратын болады. Бұл белгілер иық, иық белгілері, петлицалар, көкірек белгілері, кол жеңінің белгілері, бас киімдегі белгілері, шалбар киіміндегі белгілерден тұратын болады.

Бастықтар және бойсұнушылар. Үлкендер мен кішілер және тікелей бастықтардың құқықтары мен міндеттемелері

Оз қызметі мақамы және әскери шеніне қарай, кейбір әскери қызметшілер басқаларға қарағанда бастық немесе бойсұнушы болуы мүмкін. Бастық жағдайды әржакты бағалаудан келіп шығып, түрде жалғыз өзі қаулы қабылдау, заң және әскери ережелер талаптарына катал сәйкес түрде бүйрықтар беруі және олардың орындалуын талап ету құқығына ие. Бүйрықтардың талқылануына жол берілмейді, бойсұнбау немесе бүйрықты орындауда әскери қылмыс есептеледі. Бойсұнушы бастықтың бүйрықтарын сөзсіз орындауға мәжбүр. Егер ол өзіне қарай жағымсыз катынаста болған деп есептесе, бүйрықты орындаап, кейін шағымдануы мүмкін.

Әскери қызметшілер қызмет тұрғысынан, уақытынша болса де бой-сұндырылған бастықтар тікелей бастықтар есептеледі. Бойсұнушыға жа-қынырақ болған тікелей бастық тікелей бастық, деп аталады. Мәселен, әскер үшін тікелей бастық секция (расчёт, танк) командирі болады. Қызмет тәртіпке негіздел, тікелей бастықтар, әскер және матростар үшін, нағыз әскери қызметте болған Өзбекстан Республикасы генералдары, үлкен және кіші құрамдағы офицерлер, сондай-ақ ал сержанттардың және старшиналар, олар бір бөлімдегілер есептеледі. Бір-біріне бойсұна-тын болмаған әскери қызметшілер міндеттемелерді бірге орындайтын жайттарда, олардың өзара қызмет қатынастары бастық тарапынан белгілеп қойылмаған болса, олардан лауазымына қарай үлкені, ал тең мансаптарда, әскери шені бойынша үлкені бастық саналады.

Өз қызмет мақамы және әскери шеніне қарай, басқа әскери қызмет-шілерге қарай олардың бастығы немесе бойсұнушысы саналмаған әске-ри қызметшілер үлкен немесе кіші болуы мүмкін. Үлкен әскери қызметшілердің әскери шеніне қарап белгіленеді. Әскери шені бойынша үлкендер, кіші әскери тәртіптің, қоғам тәртібін, адамгершілік, әскери киім-кешек кио және әскери сәлемдесуді орындау ережелерін бұзған жайттар-да, олардан бұл бұзылуларды жоюды талап етулері; шені бойынша кішілер үлкендердің мұндай талаптарын сөзсіз орындауға мәжбүр.

5.2. Әскери құндылық ережесі және әскери қызметшілердің мәмілесі. Бұйрық беру және оны орындау тәртібі.

Командирлер және басқа тікелей бастықтарға білдіру жасау ережелері. Әскери сәлем беру

Әскери қызметшілер бір-біріне білдіру жасағанда әрдайым ауыр, салмақты және сыпайылықта болуға мәжбүр. Қызмет мәселелері тұрғысынан бір-біріне «Сіз», деп білдіру жасау қажет. Жеке мәміле бары-сында әскери шен жасақ немесе қызмет түрін көрсетпестен айтады.

Бастық немесе үлкеннің берген сұралтартына макұлданған жауабы болса, әскери қызметші «Худди шундай», егер макұлданбаған «Йўқ эди» сөздерін айтады. Катардан тыс кездерде бір-біріне білдіру жасағанда, әс-кері қызметші «Ростлан» жағдайына өтеді, бас киіміне қолын қадайды.

Қоғам жайларында, сондай-ақ трамвайда, троллейбуста, автобуста, метро және қала алды поездарының вагондарында бос тұрған орындар болмаған кезде әскери қызметші бастыққа (үлкенге) өз орнын ұсана-ды. Егер бастыққа (үлкенге) кездескенде, асықпай өтіп кету мүмкін болмаса, онда бойсұнушы (кіші) оған жол беруі және сәлем беріп өткізіп жіберуі, бастықтың (үлкен) жанынан өтіп кету қажет болып қалғанда бойсұнушы (кіші) бұған одан рұқсат сұрауы қажет.

Әскери қызметшілер әскери болмаған тұрғындарға қарай әдеп ережелеріне мән беруі, жасы үлкен адамдар, әйелдер мен балаларға жеке қоңіл бөлуі, азаматтар ар-намысы және қадыр-қасиетін қоргауга жәрдем беруі, сондай-ақ бақытсыз оқигалар, өрттер және табиғи апаттар кезінде оларға қолғабыс көрсетуі қажет. Әскери қызметші қолын киім-кешектің қалталарына тығып жүруі, бастықтың (үлкен) қатысуында оның рұқсатынсыз отыруы немесе шегу, сондай-ақ көшеде жүріп келе жатқанда және бұл мақсат үшін ажыратылмаған жайларда шегуге тыйым салынады.

Бұйрық беру және оны орындау тәртібі

Бұйрық — бастықтың бойсұнушыларға қаратылған жазбаша және ауызша өкімхаты. Командирдің (бастық) бұйрығы бойсұнушылар үшін зан. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіп Ережесінде көрсетілгендей, бұйрық сөзсіз, анық мерзімде орындалуы керек. Бұйрық берілген болса, ол ешбір мойындаусыз анық, өз мерзімінде, қандай жағдай болуынан тыс, орындалуы шарт. Соғыс кезінде бастық тарарапынан берілген бұйрықты мойындау, анық және өз мерзімінде орындау дұшпан үстінен жеңіс және сәттіліктерге жету кепілі.

Әскерді және бөлімдер командирлерінің өз құнделікті қызметтері үдерісіндегі жеке мәселелер бойынша тапсырмалары бұйрық дауысында бойсұнушыға жеткізіледі. Жасақтың және бөлім командирлерінің бұйрық және өкімхаттарына ауызша тәрізде, тәртіп-ережеге негізден, бойсұнушыларға беріледі. Кейбір уақыттарда үлкен бастық, бойсұнушының тікелей бастығын шеттеп өткен жағдайда бұйрық және өкімхаттар беруі де мүмкін. Қашан да бастық ауызша бұйрық немесе өкімхат берсе, бойсұнушы «Ростлан» жағдайын қолдап, бұйрық немесе өкімхатты алып болғаннан кейін, «Хүп бўлади», деп жауап береді және содан кейін оны орындаиды. Бастық өзі берген бұйрықтың дұрыс түсінгендігіне сенім білдіруіне қажеттілік болса, оны қыскаша қайталауды талап етуі мүмкін.

Әскери қызметші берілген бұйрықтың орындалуы туралы бұйрықты берген бастыққа және өзінің тікелей бастығына білдіру беруге мәжбүр. Егер бұйрықты орынданап жатқан әскери қызметші қызмет мақамына қарай, басқа үлкен бастықтан біріншісін орындауға кедергі жасайтын жаңа бұйрық алса, бұл туралы екінші бұйрықты берген бастыққа білдіру жасайды. Және бекітілген жағдайда ғана сонғысын орындаиды. Жаңа бұйрықты беруші бұл туралы бірінші бұйрықты берген бастыққа хабар береді.

Командирлер және басқа тікелей бастықтарға білдіру жасау ережелері

Бойсұнушы және кішілер бастықтарға (үлкен) жасау барысында, олардың әскери шенінің алдына «жолдас» сөзін қосып айтады. Мәселен, «Майор мырза, білдіру жасауға рұқсат берін». Бастық (үлкен) алдында тұрган әскери қызметшіге білдіру жасау үшін бастықтан (үлкен) рұқсат сұрапады. Мәселен, «Жолдас үлкен сержант, қатардағы әскер Норматовқа кайрылуға рұқсат берін».

Бастықтар және үлкендер қызмет бабымен бойсұнушыларға (кішілер) білдіру жасағанда, олардың шені және фамилиясын немесе тек шені алдына «жолдас» сөзін қосып айтады. Мәселен, «Қатардағы әскер Тойчиев», «Жолдас қатардағы әскер».

Әскери сәлемдесу

Әскери сәлемдесу әскери қызметшілердің бауырластардай қалыңдығының көрінісі, өзара құрмет және ортақ мәдениеттің көрініс табуының белгісі саналады. Барлық әскери қызметшілер бір-біріне кез келгенде (куып өтуде) Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Сап Ережесімен белгіленген ережелеріне қатаң мән берген түрде бір-біріне сәлем беруге мәжбүр.

Әскери шенге қарай, бойсұнушылар мен кішілер бірінші болып сәлем береді. Ал мақамдары тең болған кезде, кім өзін көбірек сырыйылық танытып, тәрбие қөрген, деп есептесе, сол бірінші болып сәлем береді. Әскери қызметшілер бұдан тыс, белгісіз әскер қабіріне; Отан азаттығы және тәуелсіздігі үшін шайқастарда шахид болған шайқасушылардың бауырластық мазарына; әскери бөлімнің Әскери жалауына, сондай-ақ әскери кемеге келгенде және одан кетіп жатқанда Әскери Теніз жалауына; әскери бөлімдер күзетіп бара жатқан жерлеу рәсімдеріне сәлем беруге мәжбүр.

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалғанда, қатарда тұрган әскерлер бүйрек берілместен «Ростлан» жағдайына өтеді. Взвод командирі және одан жоғары болғандар бұдан тыс, колданын бас киімдеріне қадайды. Қатардан тыс болған әскери қызметші Мемлекет Әнұраны орындалып жатқан кезде «Ростлан» жағдайына өтеді, егер бас киімі болса, қолын соған қадайды.

5.3. Әскери тәртіптің маңызы. Әскери қызметшілердің оған бойсұнуы бойынша міндеттемелері. Уақыттың бөлінуі және күнделік тәртібі

Әскери тәртіп — Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери дайындық және жауынгерік қабілеті негіздерінің бірі болып есептеледі. Оның ерекшеліктері Өзбекстан Республикасы Конститу-

циясында, «Жалпы әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы», «Қорғаныс туралы» Зандарда көрініс тапқан.

Әскери тәртіп — бұл барлық қызметшілердің зан, әскери ережелер тарапынан, командирлердің (бастықтар) бүйрықтарымен белгіленген тәртіп ережелеріне қатаң және анық мән берілуі. Әскери тәртіп әрбір қызметшінің Өзбекстан Республикасын қорғауға болған әскери борыш және жеке жауапкершілігі, өз халқына тамаша сезінуге негізделеді.

Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшіден:

— әскери антқа адад болуды, Өзбекстан Республикасы Конституциясы және Зандарына қатаң бойсұнуды;

— өз әскери борышын шеберлік және ерлікпен орындауды, әскери істі ынтамен үйренуді, әскери және мемлекет мүлкін асырауды;

— әскери қызмет қызындықтарын батыл женуді, әскери борышты орындау үшін өз жаңын да аямауды;

— қырағы болуды, әскери мен мемлекет құпияларын қатаң сактауды;

— әскери қызметшілер арасындағы әскери ережелерде көрсетіп берілген өзара қатынастарды қолдауды, әскери бауырластықты бекемдеуді;

— командирлерге (бастық) және бір-біріне құрмет көрсету, әскери сәлемдесу және аққөнілділік ережелеріне мән беруді;

— қоғамдық жайларда өзін лайық тұтуды, лайық болмаған әрекеттерден өзін және басқаларды тыйып қалуды және азаматтардың арнамысын қорғауды талап етеді. Әскери тәртіпті жүзеге асыру, оны жоғары дәрежеге көтеру әрбір әскери қызметшіден, алдымен, өзінде адамзаттық, тұра сөздік, адалдық, жеке жауапкершілік, Әскери Антқа берік, әскери борышқа құрмет, деп қарau сияқты қасиеттерді жүзеге асыруды талап етеді. Жоғарыда санап өтілген өзіндік әрекшеліктерді қалыптастыруда, алдымен, әрбір әскери қызметші аталмыш қасиеттерді өзінде қарар қабылдауына ұмтылуы керек.

Армияда қатал тәртіп болмаса, оның құлдырауға ұшырауы анық. Тәртіп женістің негізі саналады. Ұлы қолбасшы бабаларымыз - Томарис, Спитамен, Жалалиддин Мангуберді, Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр өз жасақтарындағы жоғары тәртіппен әрдайым женіске жеткен.

Жоғары әскери тәртіпке тәмендегідей ерекшеліктер арқылы жетеді:

— әскери қызметшілерде жоғары адамгершілік-рухтық және әскери қасиеттерді тәрбиелеу, командирлерге (бастық) сөзсіз бойсұну;

— әрбір әскери қызметшінің өз міндеттемелері және әскери ережелердің талаптарын орындауға жеке жауапкершілігі;

— әскери бөлімде (жасақ) ішкі тәртіпке бойсұну, барлық әскери қызметшілер тарапынан күн тәртібіне қатаң мән беру;

— әскери дайындықты мықты құру және ол барлық жеке құрамды қамтуы;

— командирлердің (бастық) өз қол астындағыларға талғампаздық және олардың орындалуын бақылау, әскери қызметшілердің қадір-касиетін құрметтеу және бұл туралы ылғи қайғыру, сендіру, қоғамдық әсері сиякты факторларды дұрыс сәйкестендіру және орнында қолдау;

— әскери бөлімдерде (бөлімше) қажет материалдық-тұрмыстық жағдайларды жарату;

— әскери тәртіпті бекемдеуде, қызметке жауапкершілік сезімін артыру, тәрбие сапасын жоғары дәрежеге көтеруде әскери қызметшілерді ынталандыру жеке маңызға ие. Әрбір адамзаттың өзі жасаған еңбекінің нәтижесін көруі, оны жаңа-жаңа табыстарға жетелейді. Соларды ескере отырып Тәртіп Ережесінде әскери қызметшілерді ынталандыру мәселесіне жеке мән берілген.

Уақыттың бөлінуі және күнделікті тәртіп

Әскери бөлімде уақыттың бөлінуі оның әрдайым әскери дайындығы қамтамасыз етілетін және жеке құрам әскери окуын үйымдасқан түрде өткізу жағдайлары жаратылатын, тәртіп, әскери қызметшілердің әскери тәртібі мен тәрбиесі сақталатын, олардың мәдениет дәрежесі асырылатын, жан-жақты тұрмыстық қызмет көрсетіletіn, өз уақытында демалыс және тамақ берілетін дәрежеде іске асырылады.

Әскери жасақ немесе құрама командирі күн тәртібін Қарулы Күштер түрі және әскерлер түрі, әскери жасақ алдында түрған міндеттер, жыл мезгілі, жергілікті және аяу-райы жағдайларын ескере отырып белгілейді.

Күн тәртібінде таңғы дене тәрбиесі жаттығуы, танертенгілік және кешкі жуыну, танертенгі бақылау, оку жаттығулары және оларға дайындалу, арнаулы (жұмысшы) киімін алмастыру, тамактанудан алдын аяқ-киімді тазалау және кол жуу, тамақ жеу, қару-жарапқ және әскери техника кепіл және қызмет көрсету, тәрбиелік және бұқаралық спорт жаттығулары, жеке құрамға ақпарат беру, радио есіту және телебағдарларды тамашалау, науқастарды медицина пунктінде қабылдау, әскери қызметшілердің жеке қажеттіліктері (кемінде 1 сафат), кешкі серуен, жоқтама және 8 сағаттық үйқы үшін уақыт ескерілген болуы қажет.

Тамактанулар арасындағы аралық 7 сафаттан аспауы керек. Түстік-тен соң жарты сафат (30 минут) ішінде жаттығулар немесе жұмыстар өткізілмеуі қажет.

Әр апта қару-жарапқ, әскери техника және басқа материалдық құралдарға қызмет көрсету, парктер және оку-материалдық гимараттарды жабдықтау және абаттандыру, әскери қалашықты тәртіпке келтіру және басқа жұмыстарды орындау мақсатында қожалық күні өткізіледі. Дәл сол күні, әдетте, барлық бөлмелерді жалпы жинастыру, сондай-ақ жеке құрамды моншада шомылдыру өткізіледі.

5.4. Әскер және матростарға қолданылатын ынталандырулар. Әскери қызметшілерге қолданылатын тәрбиелік шаралар

Ынталандыру әскери қызметшілерді тәрбиелеудің және әскери тәртіпті бекемдеудің кажетті құралы. Әрбір командир (бастық) Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіп Ережесінде берілген құқықтар шенберінде өзінің қол астындағы әскери қызметшілерді көрсеткен ерлігі, пайдалы ұснынысы, іждағаттылығы және үлгілі қызметі үшін ынталандыруы кажет.

Әскерлер, матростар, сержанттардың және старшиналарға қолданылатын ынталандыру көріністері төмендегілер: алдыннан берілген тәртіптік әсер шараларын тарату; ризашылық жариялануы; әскери қызметшінің жұртына немесе қызметшіге деген оқу орнына (жұмыс орны) ол әскери борышын үлгілі орындаپ жатқандығы және ынталандыру алғандығы туралы хабар беру; құрмет грамотасы; қымбат бағалы сыйлық немесе ақшалай марапаттау; әскери қызметшіні әскери бөлім Әскери жалауы жаңында суретке алушы марапаттау; сержанттарға (старшиналар) олар штат бойынша иелеп тұрған лауазымында әскери шенінен бір саты жоғары әскери шен беру, үздік көкірек нысанымен марапаттау; әскер, матрос, сержант, старшиналарға жолға кеткен уақыттан тыс 10 тәулікке дейін демалыс беру.

Үздік көкірек нысанымен тек әскерлер, матростар, сержанттардың және старшиналар әрі оқу жылы барысындағы үлгілі көрсеткіштерге қол жеткізгендер марапатталады. Ал әскери бөлімнің (кемен) құрмет кітabyна жазу, әскерлер, матростар, сондай-ақ сержанттардың және старшиналар ақырғы қызметі дәуірінде үлгілі көрсеткіштерге қол жеткізгендіктері үшін запасқа босатулары алдынан қолданылады.

Қысқа мерзімді демалыс ынталандыру тәртібіне негізделе отырып, мерзімді қызмет барысында әскерлер, матростар, сондай-ақ сержанттардың және старшиналарға бір жылда бір рет, матрос және старшиналарға бір жарым жылдық мерзімді қызметтері барысында екі рет беріледі. Ынталандыру Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында келіссөз негізінде қызмет өтеп жатқан әскерлер, матростар, сержант және старшиналарға да қолданылады.

Әскери қызметшілерге қолданылатын тәртіп жөніндегі жазалар

Әскерлер және матростарға қолданылатын тәртіптік жаза да, сондай-ақ ынталандыру секілді әскери қызметшілерді тәрбиелеу, әскери тәртіпті бекемдеудегі негізгі тұрларден ынталандырумен қатар тәртіптік жазалар да қолданылады. Тәртіптік жазаны қолдаудан негізгі

максат басқа әскери қызметшілер тарапынан мұндай кемшілік-нұқсандарға жол қоймау.

Әскери тәртіпті бұзғандық және әкімшілік занбұзуышылық үшін әскери қызметші жеке өзі жауапкер болады.

Әскер, матрос, сержант және старшиналарға берілетін Тәртіптік жазалар: сөгіс; қатты сөгіс; әскер және матросты кезектегі жауап беруден не месе кемеден жағаға шығарудан айыру; мерзімді қызметтегі әскер және матростарды бес наядрқа дейін кезектен тыс нарядқа тағайындау; 10 тәулікке дейін гаупвахтаға жабу, әскери қызметті өтеп жатқан сержант және старшиналарға олардан тыс лауазымынан төмендету; әскери шенінен бір саты төмендету; әскери шенінен бір саты төмендетіп, төмен лауазымға өткізу; төменгі лауазымға өткізіп, сержант (старшина) шенінен айыру қолданылады. Әскери қызметті келісім-шарт негізінде өтеп жатқан әскер, матрос, сержант және старшиналарға, олардан тыс, запасқа мерзімінен алдын босату, мерзімінен алдын запасқа босатып, сержант (старшина) шенінен айыру белгіленген.

Тәртіптік жаза шарасы және айыбы анықталғанда, төмендегілерге көніл бөлінеді: әрекеттерінің мінездемесі, ол болған жағдай, оның айыптылары, айыптының алдыңғы құлқы, сондай-ақ тәртіпті білу дәрежесі. Тәртіптік жазғырудың қаттылығы, егер оқиға әскери кезекшілік (әскери қызмет) және басқа қызмет міндеттерін орындауда, маскүнем түрінде немесе тәртіпті қатаң бұзуға алып келсе, күшійеді.

Тәртіптік жазалар ережеге сәйкес тез орындалады және төтенше жағдайларда бір айдың ішінде орындалады. Бір айлық мерзім аяқталғаннан кейін, сөгіс берілмейді, бірақ ол туралы тіркеу қызмет қағазында сақталады. Ынталандыру және тәртіптік сөгіс шаралары тікелей бастыктар, кейбір жайтарда гарнizon бастықтары, теңіз үлкендері және гарнizon әскери коменданттары тарапынан белгіленуі мүмкін.

VI тарay. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРИНІҢ ШШК ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕСІ

6.1. Күнделікті наряд, взвод бойынша күзетшінің міндеттері.

Взвод бойынша күзетшінің міндеттемелері

Күнделікті наряд әскери бөлімнің ішкі тәртібін сақтау, жеке құрамды қару-жарагы, әскери техникасы, ок-дәрілері, фимараттары және мұлкін қарауылдау бөлімшелерінде жұмыстардың жағдайын бақылау әрі құқықбұзуышылықтардан ескерту бойынша шараларды өз уақытында қабылдауы, сондай-ақ ішкі қызмет бойынша басқа міндеттемелерді орындау үшін белгіленеді. Взводтың күнделікті нарядына кезекші

және күзетшілер тағайындалады. Күзетшілердің ауысын және олардың саны бригада командирі тарапынан көріп шығылады.

Күнделікті нарядтың жеке құрамы күн тәртібінде көрсетілген сағатта қызмет орнын иелейтін, ал 3 сағат алдын күзетші орнын иелік еткенде, кемінде 4 сағат алдын қызметті өтеуге дайындық көруі, дегенмен, практикалық жаттығуларды өткізу кемінде 1 сағаттан дем алу (ұйықтау) үшін берілуі шарт. Кезекші және күзетшілер найза-пышақпен қаруланады. Кезекші сержанттарынан, айрықша басқаларға қарашанда жақсы дайындалған әскерлер арасынан тағайындалады. Ол взводта күн тәртібінің анық орындалуы және ішкі тәртіпке мән берілуі, құралдар, оқ-дәрілі құтылар, взвод мүлкі, әскер және сержанттарының жеке бұйымдары сакталуы және күзетшілер қызметті дұрыс өтеуі үшін жауап береді.

Кезекші бригада бойынша кезекшіге, оның көмекшісіне, ал взводтағы ішкі қызмет бабында, взвод командиріне, взвод старшинасына бойсұнады. Кезекшіде металдан дайындалған көкірек белгісі немесе сол қолында қатты матадан жеңбау болып, онда «Взвод бойынша кезекші» жазуы болуы керек.

Взвод бойынша күзетшінің міндеттемелері

Взвод бойынша күзетші әскерлерден тағайындалады. Оның күзетінде болған құралдар, зенбіректерден шкафтар (қораптар), оқ-дәрі қораптары, взвод мүлкі, әскер және сержанттарының жеке бұйымдары сакталуы үшін жауап береді. Взвод бойынша кезекшіге бойсұнады.

Кезекшіліктегі взвод күзетшісі төмендегілерді орындауға мәжбүр: взвод бойынша кезекшінің рұқсатының взвод бөлмесінен ешқайда журмеуге, құрал сактау бөлмесін ылғи күзетіп тұруға, бөгде адамдарды бөлмеге өткізбеу, сондай-ақ казармадан қару-жарактарды, заттарды взвод бойынша кезекшінің рұқсатының алып шығып кетуіне жол қоймауға, взводтағы барлық жағымсыз оқиғалар, взвод әскерлері немесе сержанттары арасында өзара қатынастардың ережелерде белгіленген ережелері бұзылулары



6-сурет. Взвод бойынша күзетші.

туралы взвод бойынша кезекшіге тез білдіру; оларды шешу үшін шаралар көрү; жеке құрамды жалпы ояту кезінде, сондай-ақ тревога кезінде немесе өрт болғанда ояту; күн тәртібіне сәйкес, бүйрықтарды өз уақытында беруге; бөлмелерде тазалық және тәртіпті бақылау жасау, қызметшілерден оларға мән беруді талап ету, әскери қызметшілер тек ажыратылған бөлмелерде немесе жайларда шегулеріне, аяқ-киім мен киімді тазалауларын бақылап тұруға, взвод командирі мен одан жоғары, тікелей бастықтар және бригада бойынша кезекші келгенде, «Ростлан» командасын беру; взводтың басқа офицерлері, сондай-ақ взвод старшинасы және өз взводынан болмаған әскери қызметшілер взводка келуімен кезекшіні шақыруға мәжбүр.

Мәселен, кезектегі құзетшіге отыру, қару-жараптарды шешу әрі киімінің түймесін шешуге тыыйым салынады. Бос тұрган ауысым құзетшіні взвод бөлмелерінде тазалық және тәртіпті сақтауға әрі взвод бойынша кезекшінің рұқсатының ешқайды қозғалмауға, взвод әскерлері немесе сержанттары арасындағы өзара қатынастың әскери ережелерде белгіленген ережелері бұзылған жайттарда бас құзетші тәртіп орнатуға жәрдем беру; взвод бойынша кезекшінің орнында қалғанда, оның міндеттерін орындауға мәжбүр (6-сурет).

6.2. Кезектегі құзетшінің өз міндеттерін орындаитын жері және оның жабдықталуы. Тревога жарияланғанда, өрт кезінде, тікелей бастықтар, басқа взводтағы әскери қызметшілер келгенде, взвод командирін шақыруда құзетшінің әрекеттері

Взвод бойынша кезектегі құзетші казарма бөлмесінің ішінде кіру есігінің алдында, қару сақтау үшін бөлмеге жақын жерде қызметті өтейді. Қызмет борышын өтеу үшін жеке орын жабдықталады. Жабдықтауға төмендегілер кіреді:

- взвод бойынша кезекшінің құжаттар қабыргасы;
- ағаштан дайындалған түмбочка, телефон;
- Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ережелері және өртті өшіру жабдықтары.

Кезекшінің құжаттарында төмендегілер көрсетілуі керек:

- взвод бойынша кезекші және құзетшілердің нұсқаулықтары;
- тревога болғанда немесе жиын жарияланғанда немесе өрт шықканда көрілетін шаралар нұсқаулығы, күн тәртібі;
- взвод әскери қызметшілерінің, казармадан тыста жасаушылардың тізімі, үй мекен-жайы, телефонда шақыру түрлері;
- взводқа біріктірілген аумақ орамын тазалау схемасы;

- таңертенгілік дене тәрбие жаттығуын өткізуде әскерлер киімінің үлгілері;
- кезекшілікті тіркеу кітaby, қару-жарап, ок-дәрілер беруді тізімге алу кітaby;
- взвод бойынша науқастарды тізімге алу дәптері;
- әскери бөлім бойынша кезекші және өртті өшіру командасының телефон нөмірлері болуы шарт.

**Тревога жарияланғанда, өрт кезінде, тікелей бастықтар,
басқа взводтағы әскери қызметшілер келгенде,
взвод командирін шақыруда күзетшінің әрекеттері**

Бұл оқушылармен практикалық түрде орындалады. Взводта тревога жарияланғанда, күзетші үлтілі команда бойынша «Взвод, тревога», деп әскери қызметшілерді шақырады.

Егер өрт туындаса, «Взвод, ёнғин» командасы берумен ескертіледі. Ал взводтағы жеке құрам үйқыға жату алдынан «Взвод, уйкуға» командасын, таңертен үйқыдан ояту үшін, «Взвод, уйғонсин» командалары беріледі. Взводқа тікелей бастықтар келсе, «Ростлан. Взвод навбатчиси эшикка» командалары беріледі. Бұл командалар взвод командирі келгенде де дәл солай беріледі. Взвод жеке құрамы үйқыға кеткен уақытта, тікелей бастықтар келіп қалғанда «Ростлан» командасы берілмestен, взвод бойынша кезекші шақырылады. Взвод командирі бірер-бір әскери қызметшіні сұрағанда, күзетші шақыру командасын береді. Мәселен, «Қатардағы әскер Солиев, взвод командирінің алдына».

Ал взводқа үш адамға дейін күзетшілер тағайындалып, демалып жатқан күзетшілер, казарма бөлмелерін таза, жинақы жағдайға келтіріп барады. Взводтағы кезекші күндіз демалып жатқан уақытында, оның міндетін уақытынша взвод күзетшілерінің бірі орындалап тұрады.

VII тарay. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ ҚҰШТЕРІНІҢ ГАРНИЗОН ЖӘНЕ ҚАРАУЫЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЕРЕЖЕСІ

7.1. Қарауылдық қызметі және оның құрылуы. Қарауыл және оның құрамы

Қарауылдық қызметін өтеу әскери міндетті орындау болып есептеліп, жеке құрамнан Өзбекстан Республикасы Қарулы Құштерінің Гарнизон және қарауыл қызметі Ережесінің барлық ережелеріне толық мән беруін, жоғары қырағылық, бүгілмestей берік және бастамашылықты талап етеді. Қарауылдық қызметі талаптарын бұзған айыптылар адамгершілік түзету немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы Ережеде көрсетілген.

Әскери бөлімдерде қарауылдық қызметтің іске асыру үшін қарауылдар тағайындалады. Бөлім әскери жалауын, әскери және мемлекет объекттерін қарауылдау оларды қорғаумен бірге әскери міндетті орындан жатқан, сондай-ақ гаупвахта және адамгершілік түзету батальондарында сакталып жатқан тұлғаларды күзетіп жатқан қаруланған құрам қарауыл деп аталады. Қарауылдар екі турғе: *гарнizon қарауылы және ішкі қарауылға* бөлінеді.

Гарнizon қарауылдың мойнына корпус және орталық объекттерді қарауылдау, оларды қорғау, өзінің қарауылдау құрамына ие болмаған жалпы гарнizonдық маңызына тиісті болған объекттерді әрі бір-біріне жақын орналасқан әскери бөлімдер мен құрамдардың объекттерін, сондай-ақ гарнizon гаупвахтасында сакталып жатқан тұлғаларды қарауылдау қызметтері кіреді.

Ал *ішкі қарауылдардың* жауапкершілігіне, әрбір әскери бөлім объекттерін қарауылдау және қорғау тапсырылады. Әскери бөлімдердегі самолёттер, вертолёттер, аэродромдағы авиация бөлімінің басқа объекттерін қарауылдау және оларды қорғауды әскери бөлім тарапынан құрылған *ішкі қарауыл* іске асырады.

Тұрақты қарауылдар қарауылдар кестесінде болып, уақытыншалық қарауылдар кестеге жазылмайды, олар артылып жатқан және түсіріліп жатқан немесе уақытынша қамбада тұрған әскери заттарды қарауылдау және қорғау, әр түрлі транспорт құралдарында тасылып жатқанда әскери мүліктерді күзету, сондай-ақ тұтқындар мен қамауға алынғандарды қарауылдау үшін гарнizon бастығы немесе әскери бөлім бастығының бүйрығымен тағайындалады.

Гарнizon қарауылы гарнizon бастығына, гарнizon әскери комендантына, гарнizon бойынша кезекші мен оның көмекшісіне, гауптвахта бастығына да бойсұнады. Ал *ішкі қарауыл* әскери бөлім командиріне, әскери бөлім бойынша кезекшіге және әскери бөлім бойынша кезекшінің көмекшісі, егерде офицер болса, бойсұнады. Әскери құрам бөлімдерінде жеке орналасқан батальон (дивизион) объекттерін күзетіп жатқан *ішкі қарауыл* жоғарыдағылардан тыс сол батальон (дивизион) командиріне және әскери шені тұрғысынан тең немесе үлкен болса, сол батальонның (дивизион) баршасы кезекшіге бойсұнады.

Сержанттарынан тағайындалған әскери бөлім бойынша кезекшінің көмекшісіне бастықтары офицер болмаған қарауылдар бойсұнады. Тарату кезінде гарнizon (әскери бөлім) бойынша кезекшіні карсы алу үшін, «Қаддингни ростла» командасты берілгеннен бастап, қарауылдар жоғарыдағы тұлғалардың тарапына өтеді. Ауысудан кейін өз әскери бөліміне (құрамына) жолға шығу үшін қарауыл бастығының «Қадам бос» командасты берілгеннен бастап олардың құрамынан шығады.

Қарауыл және оның құрамы

Жауынгерлік міндетті өтеп жатқан қарауылдың құрамы төмендегілерден тұрады: қарауыл бастығы, пост және ауысу саны бойынша қарауылдар, таратушы, қажеттілік туса, қарауыл бастығы көмекшісі, қарауыл бастығының техникалық құралдар мен қарауылдау бойынша көмекшісі (оператор) немесе операторлар ауысымы (ұш, төрт адам, олардың біреуін қарауыл бастығының техникалық құралдармен қарауылдау бойынша көмекшісі етіп тағайындау мүмкін, қарауыл бастығының күзетші иттер қызметі бойынша көмекшісі және транспортты жүргізуші).

Бірлестіктер, одан жоғары штаб және басқарма пункттерін, сондай-ақ мекемелерді қарауылдау бойынша күзетшілердің қатарында жогарыда саналған тұлғалардан тыс, бакылау өткізу постарының қарауылдары, гауптвахтадағы қарауыл қатарында тыска шыгаруши болады.

Объекттерді тікелей күзету және қорғау үшін қарауылдар қатарынан сақшылар шыгарылады. Өзіне тапсырылған посты қорықтау және қорғау бойынша әскери міндетті орындаушы қаруланған қарауыл *сақши* деп аталады. Қорғау және қорғау үшін сақшыға тапсырылған барлық нәрсе, сонда-ақ ол өз міндеттін орындаған жатқан жер немесе жер телімі *пост* деп аталады, техникалық қорғау құралдары көмегінде қарауыл қорғап жатқан объекттер және бұл қорғау құралдары орнатылған жер телімі де посқа қарайды.

Сақши объекттердің қорғанысын объект маңында ішкі және сыртқы қабырға арасында, егер объект бір қабырғамен оралған болса, қабырғаның ішкі жағы бойлап патрульдік жасау жолымен іске асырады. Сондай-ақ сақшылықты мұнарадан тұрып іске асырса да болады. Кейбір постарды сақшылар орнында тұрып қарауылдауы мүмкін. Қажетті маңызға ие мемлекет және әскери объекттер күзеттіліп жатқанда сақшылар өз міндеттін күзету мұнарасынан тұрып іске асырады. Мұндай жайттарда олар ұзақтығы 500 метрге дейін болған объекттерді күзетуі және қорғауы мүмкін.

Объекттерді патрульдік жолымен қарауылдауды ұйымдастыруда, оларды оралуы және жердің жағдайларына қарап қарауылдау және қорғау үшін сақшыға төмендегідей қосымша участеклер беріледі: күндіз — 1000 метрге дейін, түнде — 500 метрге дейін, ал техникалық қорғау құралдарымен жабдықталған объекттерде күндіз — 2 километрге дейін, түнде — 1 километрге дейін. Інгайсыз ауа-райы (қалың тұман, жанбыр, қар жауғанда) объекттердің қорғанысын күзету үшін, қосымша қарауыл немесе транспортта патруль тағайындауы мүмкін.

Объектті берік қарауылдауды қамтамасыз ету үшін әрекет бағыты бойынша тез жүріп бара жатқан сақшы айналаны және қабырғаларды күзету үшін, сондай-ақ қызметтің баруы туралы байланыс құралы ар-

қылы қарауыл бастығына хабар беру үшін тоқтайды. Айнала жақсы көріністе болып, жердің жағдайы соған жол берсе, сақшы қызметін бақылау мұнарасы арқылы іске асырады.

Сақшыға жәрдем беру қажеттілігі туғанда, әрбір қарауыл қосынында сергектерден және демалып жатқандардан запас тобы түзіледі. Олар күзетшінің «Куроллан» деген шықыруын есітуімен қарауыл бастығы, оның көмекшісі немесе таратушының басшылығында тәртіп бұзылған жерге жетіп келеді әрі жағдайға қарап іс тұтады. Мұндай топтарды тәртіп бұзылған жерге лезде жеткізу қажет болған кездерде олар транспортпен, ал кейбір жайттарда зенбіректі транспортерлермен (әскери машина) қамтамасыз етіледі.

Қарауыл жеке құрамы қарауыл киімінде (1-қосымша) болуы қажет. Олар атуға жарамды найза-пышақты автомат немесе найзалы карабинмен, қарауыл бастығы және оның көмекшілері штаттар бойынша каруланады. Қарауылдық қызметін өтеп жатқандар әскери патрондармен қамтамасыз етіледі: әрбір тапанша және автоматқа — екеуден толтырылған патронташ; әрбір карабинге — отыз патрон салынған бір обойма. Гаризон бастықтары немесе әскери бөлім командирлерінің бүйрығымен қарауылдардың әрбіреуі пулемет, үш толтырылған патронтаждымен және әрбір қарауылға екеуден граната берілуі мүмкін.

Қарауыл жеке құрамына оқ-дәрілер, тапаншаменен каруланғандардан тыс, қарауылдық оку аланындағы практикалық жаттығудан соң беріледі.

1-қосымша

КҮЗЕТШІНІҢ КИІМ-КЕШЕГІ

1. Күзетшінің киім-кешегі (қысқа тон, ыстық дала камзолынан) таза және жарамды күнделікті дала киім-кешегі жиындысынан, аяқ-киім, бас киімі, белдік және патронтаж (оқ орналасқан рамка) қабынан тұратын болады.

Әскери жалауда бекетте тұрган әскери бөлім қарауылдары мерекелік киім-кешекте болуы мүмкін.

Пост киім-кешегі ретінде: қыс мезгілі үшін тон және киіз етік, жаз мезгілі үшін қалпакты плащ немесе жамылғы-шатыр және ылғалды болмайтын аяқ-киім колданылуы мүмкін.

Пост киім-кешегі, тоннан тыс, әрбір бекетте екі жиынтықтан тұратын болып, олардың бірі қарауыл қосынында, басқасы бекетте тұрады. Бұдан тыс, қарауыл қосынында плащ немесе жамылғы-шатыр және қарауыл бастығы, оның көмекшісі, таратушылары және тыска алып шығатындар үшін арнаулы ылғал болмайтын етік болуы керек.

Жеке жайттарда гаризон бастығының бүйрығымен сақшылар оқ өткізбейтін сауыт киім және полат қалпақ киөлөрі мүмкін.

2. Қарауылдар постарға тағайындау орнына щинельде (қысқа тон, ыстық дала камзолда) келуі керек, ая ыстық көздер гарнizon өскери комендантының (әскери бөлім штаб бастығының) бүйрығымен қарауыл постарға тағайындау орындарына щинелсіз (қысқа тонсыз, ыстық дала қамзолысыз) келуі мүмкін.

Шинельді (қысқа тонды, ыстық дала қамзолын) киіп жұру тәртібі: постарға тағайындау кезі қарауылдар бойынша (әскери бөлім бойынша) кезекші үшін, тағайындаудан кейін қарауыл бастығы үшін өзгертірілуі мүмкін.

3. Жаз күндері сүйк жел және жаңбыр кезінде ауысым, постарға шинельдерде (ыстық дала қамзолдарында) баруға болады. Ая райы көленкеде 15°C -ден жоғары болғанда ауысымдарға шинельдерді (ыстық дала қамзолдарын) қарауылханада ілгіште қалдыруға рұқсат беріледі.

4. Жаңбырлы ая райында ауысым постарға қарауыл плащ (жамылғышатыр) және су өтпейтін аяқ-киімде кетеді. Плащтарды (жамылғышатырды) сақшылар қажеттілік туғанда шешеді (киеді).

5. Пост тонын поста ауысым ауысқан кезде киіледі. Киіз етік қарауылханада киіледі. Тон және киіз етікті ая райы —5°C дәрежеде және ызгарлы сүйк желде киуге рұқсат етіледі.

Тон шинельдің (ыстық дала камзолы) үстінен киіледі. Шешлген тон және плащ (жамылғышатыр) бекет баспанасына немесе күзету мұнарасына іліп қойылады. Плащ (жамылғышатыр) және киіз етік постан келгенде шешіледі және құргатылады.


6. Иші жылтылатын ғимараттардағы сақшылар ая райы 18°C -ден төмен болмаған дәрежеде ылғи щинелсіз (қысқа тонсыз, ыстық дала қамзолысыз) болуы керек.

7.2. Қарауылдарды дайындау. Сақшы және оның міндеттемелері

Қарауылдар тағайындалған әскери бөлім командирлері қарауыл жеке құрамының тағайындалуына және оны қызметке дайындауға, карулар және оқ-дәрілердің істетуге жарамды жағдайына және қарауылдардың өз уақытында тарату шарасына жетіп келуіне жауап береді.

Әскери антты қабылдамаған, жана қызметке келген, бірақ әлі белгілі дайындыққа ие болмаған, қылмыс жасаған, қылмыс жасауда күмәндандып үстінен тергеу жұмыстары алып барылыш жатқан, өзінің адамгершілік түрғыдан сол кезде қарауылдық қызметтің өтеуге дайын болмаған, сырқат және басқа әскери қызметшілердің, сондай-ақ құлықтылықты түзету жа-залау мерзімін өтеп жатқандарды қарауылдыққа қою шектеледі.

Нарядқа кіретін түнде қарауылдыққа тағайындалған әскери қызметшілер ешқандай қызметке, жаттығуға немесе жұмысқа жұмылдырылмаяу керек. Нарядқа кіріп жатқан күнде қарауыл жеке құрамына күн



7-сурет. Жеке құрамды қызметті өтеуге дайындау үшін қарауыл қалашығын жабдықтау:

Оқу-жаттығу орындары:

A—күзетшіні теориялық оқыту сыныбы; B—құралды оқтау және оқсыздандыруға жаттығу жасау; D—пости қабылдау және тапсыру; E—өрт шыкканда сақшының әрекеті; F—әр түрлі шарт-жағдай кезінде сақшының постағы әрекеті; G—кол ұрысы әдістері жаттығуы; H—Әскери жалау посында сақшының әрекеті; I—сақшыны әскери жүк (әскери бөлім, осындан іске ажыратылатын қарауыл үшін) артылған транспортты қарауылдауға дайындау.

Жабдықтар:

1—жарытушы плафоны; 2—плакаттар (менгерілетін оқу-жаттығу тақырыптары) үшін тақтай; 3—өрт өшіргіштер; 4—байланыс құралдары; 5—тыю салынған шекара (бөгде адамдарға жақын келуі тыю салынған қашықтық); 6—қарауылдаудың техникалық құралдары, бақылау-өту жолалық және сақшының әрі транспорт құралдарының жүруі үшін соқпақпен (жол) жабдықталған постар периметрі белгілері; 7—пост баспанасы; 8—басқару пульті; 9—кол ұрысы әдістерін жаттығу жасайтын орын; 10—қарауыл сапқа тұратын алан; 11—плакат (постағы сақшының колындағы қарудың жағдайы); 12—сақшы үшін оралған тосқауыл; 13—плакат (қарауылда тұратындар міндеттемелері және әскери жүк тиелген транспортты қарауылдау арасында қауіпсіздік талаптары); 14—қарауыл жеке құрамы мен жаттығу өткізу жоспары; 15—ақша салатын қорап; 16—патронтаждарға (ок салатын рамкаларға) ок салынатын жер; 17—аяқ-киім тазалайтын жер.

Тәртібінде белгіленген сағаттарда қызметті өтеуге дайындық көру үшін кемінде 3 сағат уақыт берілуі қажет. Қарауылдыққа тұрғаннан соң бір күн өткеннен кейін 4 сағат, сондай-ақ 1 сағат үйіктауға уақыт беріледі.

Взводтан (батареядан) тағайындалған қарауыл жеке құрамын дайындау жеке взвод (батарея) командирі тарарапынан іске асырылады.

Қарауылдық қызметтін өтеуге дайындық үш басқышта алып барылады:

- бірінші, нарядқа кіруден екі-үш күн алдын постардың нөмірі бойынша қарауыл жеке құрамы тағайындалады және бөлінеді;

- екінші, нарядқа кіруден бір күн алдын күн тәртібінде көрсетілген сафаттарда қарауыл жеке құрамы мен өскери Ереже қафидаларын, қорықталатын нысандар макетіне постын нөмірін қойған түрде бекеттегі сақшының негізгі міндеттемелері және әрекет түрлерін үйрени, қауіпсіздік талаптарын орындау бойынша жаттыгулар өткізіледі;
- үшінші, қарауылдыққа кіретін күн постағы сақшының міндеті туралы практикалық жаттыгулар өткізіледі.

Ереже қафидаларын және сақшының негізгі міндеттерін үйрену жаттыгулары қарауылдар дайындау сыныбында, гарнizon қарауылдарымен практикалық жаттығу — өскери комендатура қарауылдық қалашығында, ал ішкі қарауылдар мен жаттығу — өскери бөлім қарауылдық қалашығында өткізіледі (7-сурет).

Сақшы және оның міндеттемелері

Сақшы дербес тұлға. Оның дербестігі төмендегілерден тұрады:

- оның құқықтары және адамилық қадір-қасиеті заңмен корғалады;
- оның қатаң белгілі тұлғаларға — қарауыл бастығына, оның көмекшісіне және өзінің таратушысына бойсұнуында;
- қызметі бойынша барлық тұлғалар оның талаптарын сөзсіз орындауларында;
- Ережеде көрсетілген жайттарда қару қолдану құқығы берілуінде.


Тек қарауыл бастығы, қарауыл бастығы көмекшісі және сақшы бойсұнатын таратушы сақшыны постан алмастыру және алу құқығына ие. Қарауыл бастығы, оның көмекшісі және таратушы қайтыс болса немесе физикалық тұрғыдан өз міндеттін орындай алмаса, қарауылдарды постан алу және алмастыруды гарнizon (өскери бөлім) бойынша кезекші өз взводы (батарея) немесе батальоны (дивизионы) командирінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарауыл посын қабылдап алудан алдын таратушы (қарауыл бастығы немесе оның көмекшісі) және кезекші тапсырып жатқан сақшы мен жеке табель нөмірі бойынша қарауылдауға қабылданып жатқанда барлық нәрсенің бар екендігін тексеру; тұтқындарды корғау үшін — ал поста тұрып жатқан кезде құлыптар, терезелердің жағдайын және камераларда сакталып жатқан тұтқындардың санын тексеруі керек.


Сақшы төмендегілерге мәжбүр:

- өз посын қырағылықпен қарауылдауга және тік тұрғанда қорғауға;
- қырағы корғауға, еш нәрсеге алаңдамау, қаруды қолдан қоймаға және ешкімге, қажет болса өзі бойсұнатын тұлғаларға да бермеуге;
- көрсетілген бағыт бойынша әрекет жасап немесе бақылау мұнарасында тұрып, поқса келетін жолдарды, тоқсауылдарын шын көнілмен

Ішкі постар және әскери жалау жанындағы поста



Сыртқы постарда: күндіз — «белдікке» жағдайында немесе қаруды тік тұрып оқ атуға дайындау жағдайында; түнде — қаруды тік тұрып оқ атуға дайындау жағдайында.



Өрт сөндіру жағдайында.

Плащ-жамылғыш киген

8-сурет. Постағы сақшының қолындағы қарудың жағдайы.

бақылауға және постың нөмірінде көрсетілген уақыттарда қызметтің баруы туралы байланыс құралдары арқылы хабар беріп тұруға;

- кезек ауыспаса немесе оны постан алмаса, өміріне қауіп тәнген кезде де посты тастап кетпеуге (посты өздігінен тастап кету әскери қылмыс болып есептеледі);

- поста ылғи оқталған қару алып тұруға және ылғи барлық нәрсеге дайын болып тұруға;

- постың нөмірінде көрсетілген және құпия шекара көрсеткіштерімен ажыратылған жерден ішкеріге, посқа жақын қарауыл бастығы, оның көмекшісі және өзінің таратушысы және олар бастап келген тұлғалардан басқа ешкімді қоймауға;

- қарауыл транспорт құралдарының әрекет бағытымен танысу, сондай-ақ оның таныту белгісі және сигналдарын білуғе;

- поста өрт өшіру құралын істете білуі;

- нысан (пост) тосқауылдарында бірер бұзылған жер, өз посының жақын жерде немесе көрші поста тәртіп бұзылғанын сезсе, қарауыл бастығын шақыруға;

- күзетші иттің үргенін есіткен кезде, бұл туралы қарауылханаға хабар береді.

Сақшы поста найза уланған қарумен тұруы керек. Бұктелетін дұмді автомат найзасыз болады (оның пышақ найзасы белдіктегі қында тұрады); тұнде тік тұрып атуға дайын тұрган тәрізде; күндіз — «белдік желкеге» немесе тік тұрып атуға тұрган тәрізде ішкі постарда және әскери бөлім әскери жалау қарауылдан жатқан поста ағаш дұмді автомат «белдік-желкеге», бұктелетін дұмді автомат «көкірекке», карабин «аяққа» жағдайында ұсталуы қажет; оқ толтырылған патронтаж (обойма) салынған сөмкө түймеленген болуы қажет. Өртті өшіру немесе табиғи апат салдарын аяқтау кезінде сақшыға қаруды «қару арқаға» жағдайында алып жүргүре рұқсат етіледі (8-сурет).

Сақшыға төмөндеғілер тығым салынады: ұйықтау, отыру, бірер нәрсеге еңкею, жазу, оқу, өлең айту, сөйлесу, жеу, ішу, шегу, табиғи қажеттіліктерге бару, кім екендігінен қатаң түрде, біреуге бірер зат беру және біреуден бірер зат алу, керексіз кезде патронташқа патронды жөнету. Сақшы тек қарауыл бастығының, оның көмекшісінің, өз таратушысының және тексеру үшін келген тұлғаның сұраптарына жауап беруі керек.

7.3. Пост және оның жабдықталуы. Сақшының постағы әрекеттері.

Сақшының қолындағы қаруымен әрекеттеннегі

және қаруды қолдану әдістері


Корықталып жатқан нысандар орналасқан аумақ қабырғамен (такта, сым және т.б.) орап алынуы керек.

Корпусқа, орталыққа бойсұнатын нысандарда қорғалатын жарылыш заттар оқ-дәрілер, жанармай заттары және басқалар сакталатын қамбалар орналасқан аумактардағы қабырға ұзындығы 2 метрден аз болмаған, сым тосқауылдары арасы 15 см.-ден аз болмаған ішкі және сыртқы тосқауылдарға ие болуы шарт. Ішкі және сыртқы тосқауылдардың арасы жергілікті орын жағдайынан келіп шығып анықталады, бәлкім 10 метр және одан артық болуы мүмкін. Тосқауылдар арасында сақшының жүріү үшін жолак, ені 5 метрлі тосқауылдың сыртқы жаққа жандасып тұратын күзету-бакылау сыйығы пайда болады.

Күзетіліп жатқан нысан аумағының күзетуге ынгайлы болуы үшін тосяқтар аралығында (сыртқы тосқауыл үстінде) байланыс құралдары, шақыру құралдары, шырақтар және жалынды қайтарушы құрылғыларымен жабдықталған күзету мұнарасын құру қажет (9-сурет).



9-сурет. Күзету мұнарасы.



Сақшы мұнарасы төбесінің жоспары

жер аландары және басқалар кірмеуі керек.

Пост аумағында жергілікті орын жағдайына сәйкес, сақшы кеңірек бақылауы және оқ ату орнымен (кемінде 50 м) қамтамасыз етіледі. Сол сияқты постың айналасы шөптерден тазаланған, ағаштар қыскартылған, төменгі бұтактары 2,5 метрге дейін биіктікте қырқылған, шөптер орылған, артықша нәрселер алынған, бөгде адамдардың поска жақындауына тыйым салатын қашықтықты тыйым салушы шекара, сақшыға күндіз күні, түнде және көру қыын болған жағдайларда да көріп тұратын көрсеткіштер белгіленеді.

Оте қажетті нысандарда, сәйкес шенеу-ніктердің бұйрығына сәйкес, карулар және күзету құралдары орнатылған инженерлік ғимараттары немесе оқ өтпейтін тосқауылды бақылау мұнаралары құрылышы мүмкін. Күзетіліп жатқан нысанға жақын жерге, қажеттілік болса, күндіз және түнде жақсы көрінетін төмендегі мазмұндағы: «өтуге тыйым салынады (жол жок)» жазулы көрсеткіш орнатылады. Айналып өтілетін жол көрсеткішпен көрсетіп қойылады. Бұл көрсеткіштер күннің белгілі бір уақытында қойылуы қажет.

Әскери құрам аумағынан шette орналаскан нысандар маңында өту тыю салынған жер және орындар мемлекет билігінің жергілікті ұйымдары және басқармаларымен келісілген түрде занға сай тәрізде анықталады. Өтуге тыю салынған жер (орны) шекарасы өзбек және орыс тілдерінде: «өтуге тыю салынған жер», «өтуге тыйым салынады (жабық)» деп жазылған және жақсы көрінетін орында көрсеткіштермен белгіленеді. Тыйым салынған жер (орны) шекара орнатылған туралы гарнizon бастығы (әскери бөлім командирі, күзетіліп жатқан нысан бастығы) мемлекет билігінің жергілікті ұйымдары арқылы өз уақытында жақын жерде жасайтын халықты хабардар етуге мәжбүр. Тыйым салынған жер (орны) шекарасы ішіне жалпы пайдаланылатын жолдар, мекен-жай ғимараттары, диқаншылық ететін

Бірнеше постарға ие нысандар аумағында әрбір пост шекарасы орнынан тақтамен «№2 пост шекарасы» деп жазылған көрсеткіш қойылады. Қалашықтардан шеттегі қажетті нысандар және қарауыл бөлмелерді қорғау үшін поска (қарауылханага) жақын орындарға, оқ ату үшін колайлыш болуын қамтамасыз етіп, шұңқырлар қазып жабдықталады әрі мүмкіндігіне қарап көрші постармен байланыс қамтамасыз етіледі.

Тұнде пост және құзетілетін нысан айналасы жарытылуы шарт. Жаражықты сондай туырлап орнату қажет, оны сақшы поста тұрғанда және пост аумағын айналып жүргенде, әрдайым көленкеде болуы қажет.

Пост байланыс құралымен жабдықталып, бұл құралдар сақшыға кемінде екі жерде, объектті патрульдеу арқылы құзетілгенде (әр 250 метр жүрілгенде) лезде қарауыл бастығын, оның көмекшісі және таратушысын шакыруды қамтамасыз ету шарт. Ішкі постар, әсіресе, әскери бөлімнің әскери жалауы алдындағы пост 70 см.-ден 1 метр биіктікте оралады және жарық етіледі. Ал бакылау өткізу пункттерінде сақшыларға күтілмегендеге шабуыл жасалуынан тосқауылдар орнатылады.

Әрбір сыртқы (қажет жайттарда ішкі) постарда құзетіліп жатқан қойма, қамба бөлмесі және басқаларда тікелей өртті өшіру құралдары: өрт өшіргіштер, құм толтырылған қораптар, су толтырылған бөшкелер, шелек және құрал-жабдықтар (белкүректер, балталар, сүймендер, ілгектер) болуы қамтамасыз етіледі. Сыртқы постарда пост киімін сақтау үшін арнаулы жабдықталған пост баспанасы тұруы, ішкі постарда — шинель үшін шкаф немесе ілгіш болуы керек. Пост баспанасы қорықталып жатқан объект немесе атырап реңіне сай ғана реңде сырланады.

Қарауылдық қызметін орындау үдерісінде қарауылханада: құзетшінің жеке құрамы үшін жалпы бөлме; қарауыл бастығы және оның көмекшісі үшін, қарауыл жеке құрамының жалпы бөлмесіне айналып есікпен жалғасқан бөлме; қарауылдың демалатын ауысымы үшін, қарауыл жеке құрамының жалпы бөлме есікпен байланысты бөлме.

Бұлардан тыс, қарауыл қосыны ішінде: тамақ жылдытатын жабдықтарға ие асхана, жуынатын, шегетін жер, кару және аяқ-киім тазалайтын орын (бөлме), құрғату бөлме, түрмистық қызмет бүрышы, әжетхана, жанармай құйылатын қамба болуы қажет. Аз санды қарауылдардың қарауылханасында асхана болмауы мүмкін. Бұл ретте қазан-ошақтарды, азық-тұліктерді сактайтын және тамақ жылдытатын орын дайындалады. Объекттерді қарауылдаудың техникалық құралдарымен жабдықталған қарауылдың қарауылханасында қарауыл бастығының (оператордың) қарауылдау техника құралдары бойынша көмекшісі үшін пульт құралдары бөлмеде құрылады. Сонымен катар, қарауылдаудың техникалық құралдары сигналдарын қабылдайтын пульт құралдары қарауыл бастығының бөлмесінен көрінетін болуы жоспарланады.

Қарауыл жеке құрамы үшін жалпы бөлмеде; әскери ант мәтіні жа-ылған плакат; пост табелі; ережелер; газет және журналдар; қарауыл қызметі ережелері бейнеленген, қарауыл жеке құрамның қарауыл қызметін өтеуде көрсеткен ерлігі бейнеленген немесе жазылған пла-каттар және сурттер; қарауылдың ояу ауысымын үштен екі бөлігі радиоесіттірулерді тыңдау үшін құлакқа тағып есітетін телефондар (наушниктер); шахмат-шашкалар; сафаттар; таратушылардың саны бойынша фонарлар; ішкери және тыс үшін термометрлер; медицина-лық дәрі-дәрмек корабы; қарауылдың бүкіл жеке құрамы үшін жара байлайтын индивидуал пакет; қарауыл құрамының жеке наряд және жуыну-тарану аспаптарын қою үшін шкаф; нұрлы дыбыс сигнал шы-ғаратын және бұл сигналды қарауыл бастығы бөлмесіне жеткізетіндей етіп сигналдастырып жабдықталған құралдар үшін шкаф; ояу ауысым үшін үстел және орындық; қүзетшінің бүкіл құрамы есебіне үстіңгі киімдер үшін киім ілгіш және пост бас-киімінің екінші жиындысы; қоқысты қораптар; шкаф және ілгіштер қарауыл қосынының орналас-канына қарап басқа бөлмелерге (ауыз үйге) орнатуға рұқсат беріледі.

Қүзетшінің демалатын ауысымы бөлмесінде бір кезде қүзетшінің бір ауысымы және демалу құқығына ие басқа тұлғалардың жатып демалуы үшін бас жағы шашқаты (кол шашқаты) ағаш кереуеттер қойылады.

Қарауыл қосыны асханасында тәмендегілердің болуы қажет: қүзетшінің үштен екі бөлігі санына арналған үстел және үстелдер (кішкене үстелдер); ыдыс-аяқ және азық-тұлік өнімдері үшін шкаф; тамақ алып келу және тамақтану үшін жеке құрамның барлығына жетерлі ыдыс-аяқ және асхана құралдары; ішу үшін шүмек қойылған, құлыптанатын үлкен су салынған ыдыс немесе жалпы су тармағынан уланған шүмек; тамақты жылдыту үшін газ немесе лектр плита; қайнат-кыш немесе су қайнататын шәйнек; ыдыс-аяқ жуатын шанақ болады.

Қарауылханада шегу, қару және аяқ-киім тазалау бөлмелері (орын-дары), қару тазалау үшін үстел, сұрткіштер үшін темір корап, орындық, су толтырылған қоқыс қорабы, аяқ-киім тазалау құралдары қойылады. Қарауыл қосыны бөлмелерінің саны бойынша жаркыратудың электр (зapas) көздерімен, өрт өшіру құралдары: өрт өшіргіштер, құм толты-рылған қораптар, су құйылған ыдыс, шелек және құрал-саймандарымен (белкүрек, балталар, сүймендер, ілгектер) қамтамасыз етіледі.

Қарауыл қосыны әскери қалашиқтан шетте орналасқанда, терезе іштен жабылатын переделермен жабдықталады. Қарауылханаға кіру орны ауыз үй қалыбында жабдықталған болып, қүзетіліп жатқан обьекттерді ашу (жабу) үшін келген тұлғалардың ішке кіруіне жол қойылмайды.

Қарауылханаға тиісті болған жер майданының айналасы 2 метр бійктікте тосылғанымен бірге, қарауылханаға кіру орнында аяқ-кимді лайдан тазалау үшін қолайлылық (ағаш, темір терезе немесе темір тұтқыштар) жаратылып, қарауыл қосыны жақынына қақпағы жабыла-тын қоқыс қорабы қойылады. Қажет жоқтығы, жарық етуші құралдары (шам, шырақ, фонарлар) қорлары, сыпсырып-сыдыру жабдықтары қамбада сакталады. Қарауыл қосыны алдында құзетшінің сапқа тұруы үшін және оқты тосатын, тұнде жарытылатын қаруды оқтау аландары, ауысып жатқан қарауыл жеке құрамы орналасуы үшін қару сакталын шкафты орын (бөлме) жабдықталады. Транспорт құралдарына ие қарауыл үшін қоятын орын дайындалады.

Сақшы қолындағы қарумен әрекеттенуі және қаруды қолдау әдістері

Сақшы өзіне немесе құзетіліп жатқан обьектке анық шабуыл болған жайттарда ескертусіз қару қолдануға мәжбүр. Ол қарауыл бастығы, қарауыл бастығы көмекшісі, өзінің таратушысы және олар бақылауында келген тұлғалардан басқа постқа немесе тыю салынған шекараға жақындаған баршаға бақырып «Тұхта, ортга» немесе «Тұхта, ўнгдан (чапдан) айланиб ўт» деп тоқтатуға құқылы.

Егер постқа немесе тыю салынған шекараға жақындалап келе жатқан тәртіп бұзушы оның талабын орында маса, сақшы оны «Тұхта, отаман» деп ескереді және тез арада қарауыл бастығын немесе таратушыны шақырады. Егер тәртіпбұзушы сонда да пост және тыю салынған шекараға жақындауды жалғастырса, сақшы патронтажға патрон жібереді, аспанға қарап ескертуші оқ атады. Тәртіпбұзар сонда да оның талабын орында маса және постқа кіруге (тыю салынған шекараны кесіп өтүге) әрекет етсе немесе қашуға ұрынса, сақшы оған қарата қару жұмсайды.

Көрінісі жаман болған пост нөмірінде көрсетілген қашықтықтан постқа және тыю салынған шекараға жақындағандар көрінбей қалғанда, сақшы оларды «Тұхта, ким келяпти» деп бақырып тоқтатады. Егер жауап болмаса, сақшы оны «Тұхта, отаман» деп ескереді және ұстайды. Ұсталған тәртіпбұзар туралы қарауылханаға хабар береді, оның өзін тұтуын бақылайды, сонымен қатар, зейінін бөлмей, өзіне біріктірілген посты қарауылдауда жалғастырады.

Сақшы бақырғанда «Қоровул бошлиғи (қарауыл бастығының көмекшісі, таратушы) келяпти» деген жауап болса, сақшы төмендегідей бүйрық береді:

«Қоровул бошлиғи (қарауыл бастығының көмекшісі, таратушы) менинг олдымга, қолғанлар жойида қолсин». Қажеттілік болса, сақшы өзіне жақындаған тұлғадан бетін жарық етуді талап етеді. Сақшы жақындалап келе жатқан тұлға шындығында да қарауыл бастығы (қарауыл

бастығының көмекшісі, таратушы) екендігіне сенгенде, қалғандарды да алдына қояды.

Егер өзін қарауыл бастығы (қарауыл бастығы көмекшісі, таратушы) деп таныстырған тұлға басқа адам болса және онымен бірге келгендер сақшының «Қолғанлар жойида қолсın» деген талабын орында маса, сақшы бақырып «Тұхта, отаман» деп ескертеді. Тәртіпбұзушы сақшының бұл талабын орында маса, оларға қарата құрал жұмысалады. Күзетіліп жатқан обьектті және өзін қорғау үшін қол ұрысына кіруге тұра келсе, сақшы мылтық дүмі және найзамен асықпай әрекет жасауы керек.

Поста өрт шыққанда сақшы бұл туралы лезде қарауылханаға хабар береді және өзі күзетіп жатқан обьекттерді жалғастырған тәрізде өртті өшіру шараларын қарайды. Күзетіп жатқан обьекттің техникалық аумағында немесе ішкі және сыртқы қабырғалармен оралған обьекттерде, сондай-ақ постқа жақын жерде өрт болса, ол бұл туралы қарауылханаға хабар береді және постғы қызметін жалғастырады.

Сақшы кенеттен сырқаттанып қалса (жаракаттанса), сақшы өз қызметін жалғастырған тәрізде таратушы немесе қарауыл бастығын шакырады. Шыдап болмайтын соңғы жағдайларда немесе байланыс құралдары істемей қалған кездерде сақшы аспанға оқ атумен қарауыл бастығын шакыруы мүмкін.

Жауынгер әскери борышын орындалап жатқан сақшы өзі бойсұнатын бастықтарына және олармен бірге постқа келген бастықтарға Өзбекстан Республикасы Қарулы Қүштерінің сап Ережесінде көрсетілген жағдайда сәлем береді. Мұндай кезде автомат атуға дайын жағдайда «белбеу желкеге» жағдайына алынады, ал карабин «аяққа» алынады.

Әскери жалау алдында тұрған сақшы «еркін» тұрған тәрізде өз міндетін орындаиды, әскери қызметшілер Әскери жалауға сәлем бергенде сақшы тік түрде тұрады. Сақшы Әскери жалауды қарауылдауға қабылдап жатқанда корабы (шкаф) және ондағы мөрдің бұзылмағанына назар аудару қажет. Әскери жалауды тапсыру тек қарауыл бастығының қатысуында және оның бүйрекімен жүзеге асырылады.

Әскери жалау тұрған постқа қауіп төнсө (өрт шықса немесе табиғи апат болса), сақшы Әскери жалауды қауіпсіз жерге алып шығады және қарауыл бастығын шакырады.

7.4. Сақшыларды ауыстыру. Қарауылханадағы ішкі тәртіп

Сақшыларды ауыстыру әр екі сағатта, жұп немесе тақ сағаттарда жүзеге асырылады.

Аяу райы 20°С және одан де төмен дәрежеде, жел және күшсіз сүйкіта ашық ауадағы поста әрі жылтытылмайтын ғимараттарда тұрған

сақшылар әрбір сағатта ауыстырылады. Ауа райы 30°С және одан (көленкеде) жоғары болғанда да сақшылар бір сағатта ауыстырылады. Міне осында жағдайларда сақшыларды әрбір сағатта ауыстыру туралы гарнizon бойынша (әскери бөлім бойынша) кезекші бүйрық береді.

Егер сақшыларды ауыстыру әрбір сағатта іске асырылған болса, қарауыл бастығы пост ақпарат дәптеріне сақшылар пәлен сағаттан бұдан былай әрбір сағатта, пәлен сағаттан және пәлен қарауыл кезегінен бастап, екі сағатта ауыстырылды, деп жазып қояды.

Ауыстырушылар поста тұрған сақшыға жақындал, 10—15 қадам қалғанда (қарауылдар машинада келгенде қаруды оқтап және қүзетіп), жаңа қарауыл таратушысы: «Коровул, тұхта!» деп бүйрық береді, қарауылдардың біріне посты және оған айналаны қүзетіп тұру туралы шамамен мынадай команда береді: «Қатардағы әскер Ергашев, пост және оның айналасы уақытынша бақылау үшін қабылдансын».

Жаңа қарауыл жақындағанда сақшы ол жаққа бетін бұрып тұрады және еркін түрде автоматты «желкеде» (карабинді — аяқта) жағдайына алады. Жаңа қарауыл таратушысының шамамен «Қатардағы әскер Тошев, посқа қарап қадам бас», деп берген командасымен сақшы саптағыдай денені тік ұстайды, он жаққа бір қадам тастайды, қарауыл сақшының жанына келіп, оның орнына, бетін қарама-қарсы тарапқа қаратып (карабинді аяғына түсіріп ұстап) тұрады.

Ескі және жаңа қарауыл таратушылары сақшы және қүзетшінің екі тараптарында, олардан бір-екі қадам алда, бетпе-бет тұрады.

Ескі қарауыл таратушысының «Соқчи, пост топширилсін», деп берген командасымен сақшы посты ауызша тапсыруды іске асырады. Дәл сол кезде сақшы мен қарауыл бастарын бір-біріне қарап бұрады. Посты ауызша тапсыру содан тұрады, яғни сақшы пост нөмірін айтады, қабылдан жатқан қарауылға пост табелінде қорғалуы белгіленген нәрселерді санайды, сондай-ақ қызмет кезінде пост маңында нені көргенін, байқағанын үктырады.

Пост ауызша тапсырылғаннан кейін қарауыл өзінің таратушысы берген: «Коровул, пост қабул қилинсін» командасымен жаңа қарауыл таратушысымен сақшының қатысуында, ескі қарауыл таратушысы бірге қүзетіп жатқан жерді айналып шығуға және жарыту тармақтары, тоқсаяулдар, есіктер (қоралар), терезелер бүтіндігі, жіпптер, мөрлер (тамғалар) және оларға сай түсірілген нұскалар (іздер, нақыштар) немесе қүзетіліп жатқан әскери машиналардың саны (басқа құралдар және әскери техника), сондай-ақ қарауылдаудың техникалық құралдарының саны және жағдайы, байланыс, кем-кетігін тексеруге мәжбүр. Мұнан тыс, қамауда сакталып жатқандардың камералары бар постарды қабылдан жатқан қарауыл ол жердегілердің санын тексеріп көруге мәжбүр.

Егер қажет болып қалса, посты қабылдап алған сақшы таратушының көмегімен поста киілетін киім-кешектерді киеді (1-қосымша).

Посты қабылдау және тапсыру кезінде жетіспеушіліктер болса (тосқауылдар немесе мөрлер, тамгалар, құлыптар, жіптер, есіктер, терезелер бұзылған) немесе мөрлерге (тамгаларға) сай түсірілген нұсқалар (іздер, нақыштар) оларға сай келмесе, сондай-ақ күзетіліп жатқан әскери машиналар (басқа құралдар, әскери техника) саны пост табелінде көрсетілген санға тұра келмесе, таратушы посты тапсыруды тоқтатады және карауыл бастығын шақырады; жаңа карауыл тарапынан постар қабылдап жатқанда мұндай жағдай туындаса, ескі және жаңа карауылдардың бастығы шақырылады.

Посты тапсыру және қабылдауды аяқтап, сақшы және посты қабылдап алған карауыл таратушыға бетпе-бет тұрып, кезекпен, шамамен мынадай деп айтады: «Жолдас сержант, қатардағы әскер Ахмедов пәлен нөмірлі посты тапсырды», «Жолдас ұлken сержант, қатардағы әскер Тешаев пәлен нөмірлі посты қабылдады». Білдіруден және таратушыдан бүйрыктар алғаннан кейін сақшы каруын алып, поста өз борышын өтеуге кіріседі. Күзетшінің сақшы (сақшының карауыл) жағдайына өтуі, оның посты қабылдағаны (тапсырганы) туралы білдіруімен белгіленеді.

Ескі карауыл таратушысының: «Оддий аскар Ахроров, постдан қадам бос», деп берген командастымен ауысқан карауыл жүріп ескі карауылдар аркасынан барып тұрады және өздігінен карабинді «желкеге» түрінде алады, постарды күзеткен басқа қарауылдар да оған келіп қосылады, сапқа тізіледі. Содан соң жаңа карауыл таратушысы: «Қоровуллар, орқамдан қадам бос» деп команда береді және қарауылдарды кезектегі поска алып барады.

Ішкерідегі постарда тұрган сақшыларды ауыстыруда таратушы карауылдарды гимарат есігі алдына алып келіп: «Қоровул, тұхта», деп команда береді, қарауылдардың бірін жетекші етіп қалдырады және мынадай команда береді: «Оддий аскар Туропов ва Мүминов, орқамдан қадам бос». Таратушы қарауылдармен гимаратка кіріп сақшыларды ауыстырады.

Постар қарауыл қосынының әр екі тарапында орналасқан болса, таратушы алдымен қарауыл қосынының бір жағында орналасқан постардағы сақшыларды ауыстырады, ал кейін ауыстырылғандарды қарауылханада қалдырып, бұл құрамның қарауылдарды сапқа тізіп, оларды поска алып барады. Постарға жіберу үшін екінші және одан кейінгі жаңа карауыл бөлімшелерін түзу және сақшыларды ауыстыру, сондай-ақ қаруды оқтау және оқсыздандыру бірінші ауыстыру кезіндегідей жүзеге асырылады.

Карауыл құрамы постан қайтып келгеннен кейін және тапаншала-рынан тыс қарулар оқсыздандырылғаннан кейін таратушы қарауылдарға автоматтарды (карабиндерді) шкафқа (тапаншаларды сейфке)

қоюға команда береді және қарауыл бастығына қарауылдар ауыстырылғаны туралы білдіру береді.

Қарауылханадағы ішкі тәртіп

Қарауыл бөлімі құрамындағылар қарауыл бастығының рұқсатынсыз қарауыл косынын тастан кетуге құқы жоқ. Қарауылханада тыныштық және тәртіп сакталуы керек. Музыка құралдарын шалу және ойнауға тыйым салынады. Радиосіттірүлерді құлаққа қойып есітетін телефондар (наушниктер) арқылы тындау, оку, жазу, шахмат және шашка ойнауға рұқсат етіледі. Тек арнаулы белгіленген жерде шегу және аяқ-күй тазалауға рұқсат беріледі.

Кіші құзетші құрам штатынан тағайындалатын, жеке құрам бір-екі кеш сақшылықта тұратын қарауылдардың қарауылханасында телевизор орнатуға және телебағдарламаны қарауыл бастығының үйғаруымен белгіленген уақытта, қарауыл қызметінің орындалуына және ұйықтап демалып жатқан құрамға кедергі жасамау, тамаша етуге рұқсат етіледі.

Автомат және пулемёттер шкафқа оқсыз, ал қарулардың қораптары бос қойылған түрде, ал карабиндер шкафқа тепкілерді түсірілген тәрізде қойылады. Қарауылханадағы шкафттар құлыпталмайды. Автоматтардың оқтары салынған жан қалталар (карабиндер үшін оқ жайласқан рамкалар) және найзали пышақтар белдікке байланған пышақтар шешілмейді. Пулемёттердің патронтаждары құлыпталатын арнаулы құтыларға салынып, шкафта сакталады, кілттер қарауыл бастығында болады.

Бакылау постары қарауылдарының тапаншалары оқталған кезде қынымен құлыпталған темір құтыларда (сейфте) сақталады, құтылардың кілті қарауыл бастығында болады, ол қарауылханада болмаған кезінде және демалу кезінде кілттер қарауыл бастығының көмекшісіне беріледі. Қарауылдарға тапаншалары посқа тұру алдынан арнаулы куәлік бойынша беріледі.

Шкафтан кару тек қарауыл бастығы немесе оның көмекшісі рұқсатымен беріледі. Қаруды тазалау, оны бөлімдерге ажыратпастан қарауыл бастығы немесе оның көмекшісі басшылығында іске асырылады.

Құзетшінің жеке құрамына, қарауылханада бас жалаңаш, шинельсіз (теріден жасалған тонсыз, қалың дала курткасыз), бірақ, құрал-жабдықта жүруге рұқсат етіледі. Шешілген шинельдер (теріден жасалған тондар, қалың дала курткалары) және бас киімдері арнаулы киім ілгіште болуы керек. Құзетшінің жеке құрамына, қарауыл бастығы және оның көмекшісінен тыс, қарауылханаға келген адаммен сөйлесуге тыйым салынады; тек құзетшіні тексеру үшін келген тұлғаның сұрақтарына жауап беруге рұқсат беріледі.

Төмендегілерге аяқ киімісіз, құрал-саймандарды шешпей және шешінбей, тек жаға түймесін шешіп әрі белдігін босастырып созылуға (ұйықтауға) рұқсат беріледі: құзетшінің бір бөлімі құрамына — поска тұрудан алдын, посты басқа қарауыл құрамына ауыстырып, қарауылханага қайтқанда және қарауылға әскери тапсырма берілгенінен кейін; тек түнде орындарды құзеттің қарауыл құрамына, қарауылханага қайтып келгенінен сол қайта поска кеткенге дейін; бақылау-қарауылдау тобы қарауылдарына кезекпен, қарауыл бастығының рұқсатымен 4 сафтан.

«Куроллан» деген шақырық болуымен қарауылханадағы құзетшінің жеке құрамы, демалып жатқан құрам бас киімдерін киеді, өз қаруларын алады және өздерінің нөмірлері тәртібімен қарауыл қосыны ішінде сапқа тұрады. Шинельдер (тондар, қалың даала күрткалары) қарауыл бастығының жеке бұйрығымен киіледі. Қарауыл қарауылханадан шығарылған (өрт немесе табиғи апattан басқа) әр қандай жағдайда қарауыл бастығының көмекшісі немесе таратушылардың бірі ішкөріде қалады, ал олар болмаған жағдайда қарауыл бөлімшелерінде қарауылдардың бірі қалады.

Әскери бөлім тұратын жерде шетте болғанда гарнizon қарауылдарына азық-тұлік жеткізу кіші әскери құрамдар тарапынан тағайындалған командирлер немесе әскери бөлім кезекшілері тарапынан құрылады. Әскери бөлім тұрағы қарауыл жеке құрамына азық-тұлік бастығының бұйрығымен құзетшінің ояу құрамының қарауылдары арқылы жеткізіледі.

Қарауыл қосыны және оның айналасын таза және тәртіпті сақтау, пештерді қыздыру қарауыл құрамына жүктеледі. Бұл міндеттемелердін орындалуы, құрал-жабдықтар, киім-кешек және кару-жарактардың бүтіндігін қамтамасыз ету қарауыл бастығының көмекшісіне, ал мұндай көмекші тағайындалмаған қарауылдарда қарауыл бастығының мойнына жүктеледі. Әр күнгі сырпырып-сыдырудан тыс, гарнizon комендантты (әскери бөлім штаб бастығы) тарапынан белгілеп койылған аптаның белгілі бір күнінде гарнizon (әскери бөлім) медицина қызметі бастығының бұйрығымен қарауылханада профилактикалық дезинфекция өткізіледі.

Жылдың қыс мезгілінде қарауыл қосыны бір күндіз-түні төрт рет ауасы алмастырылады. Ауа жылы кездері ғимараттың бір жағындағы сөре немесе терезелер ашып койылады. Қыста қарауыл қосыны ішіндегі температура 18°C -ден төмен болмауы керек. Пештерді қыздыру гарнizon бастығы белгілеген уақыттан кешікпей тоқтатылады. Қарауыл құрамына тамақты жылдыту үшін плиталарды және құрғату бөлмесіндегі пештерді қыздыруды қарауыл бастығы, қажеттіліктен келіп шығып шешеді. Ыстық шай әрдайым болуы қажет.

Қаранғы түсіүмен қарауыл қосыны, ауыз үй және әжетханалар толық жарық түсірілген, үйықтап демалушылар бөлмесі құнгірт жарық түсірілген болады.

Әскери қалашықтан тыста болған қарауыл қосынының терезелері түнде ішкеріден жарықтық өткізбейтін нәрсемен жабылады. Қарауыл қосыны қарауылдау үшін әскери қалашықтан шетіндегі және өз құрамында бір үш ауысымнан кем болмаған посттары болған қарауыл құрамы қарауылханаға кіру жеріне қарауылдардың ояу бөлімінен сақшы тағайындаиды.

Өте қажетті жерлерді құзетіп жатқан және өз құрамында бес үш ауысымнан аз посты болған қарауыл құрамы қарауыл қосынын қарауылдау үшін қосымша түрде қарауыл тағайындауы мүмкін. Қарауыл қосыны ішіне сақшы қойылмаған жағдайда қарауылханаға кірлетін есікке құзету сөресі орнатылады және есік әрдайым ішкеріден тамғаланған болуы қажет.

VIII тарay. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРИНІҢ САП ЕРЕЖЕСІ. ЖЕКЕ ТӘРТІПТЕ САПҚА ТҮРУ ДАЙЫНДЫҒЫ

8.1. Сап Ережесінің негізгі қагидалары. Әскердің сап алды және саптағы міндеттемелері, сап және оның элементтері

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің Сап Ережесінде сапқа түру, қару және де қарусыз әрекет жасау, шағын бөлім топ және әскери бөлімдердің жаяу және машиналарда сапқа түру, әскери сәлемдесуді атқару, саптардың көрмесін өткізу тәртібі: әскери бөлімнің жауынгерлік жалауды сапта ұстап тұруы, оны алып шығу және алып кету тәртібі, әскери қызметкерлердің сапқа түзілу алдындағы, сапқа тұрудады міндеттері, оларды сапқа тұргызу және жүргізуді үйрету талаптары, сондай-ақ әскери қызметкерлердің соғыс аланында қимыл әрекеттері және жау кенеттен шабуыл жасаған кездегі іс-әрекеттерін белгілеп береді.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық әскери бөлімдері, штабтары, басқармалары, мекемелері, ұйымдары және әскери оку орындарының Сап Ережесінен қолданба ретінде пайдалану мәжбүр есептеледі. Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1996 жыл 14-казандығы 238-бұйрығына сәйкес енгізілген.

Әскердің сапқа тұрудан алдынғы және саптағы міндеттері

Әрбір әскер сапқа тұру алдынан өзінің міндеттерін өте зерек-тілігімен бірге көнілдегідей етіп атқару керек.

Сапқа тұрудан алдын әскер: қаруын, өзіне біріктірілген қару-жарак және әскери техника, ок-дәрі, меншікті сақтану заттарын, қазу қаруын, киім-кешектерін, басқа заттарын да тексеріп, киімдерін ретке келтіру, заттарын өзіне сай етіп дайындау,


досына кемшіліктерін дұрыстауға көмек беру, сапта өз орнын білу, оған тез және босаңсымай сапқа тұру, әрекет кезінде туры, алды-арты және жан-жағындағы ара қашықтықты сактаған түрде жүруі, қауіпсіздік әрекеттеріне мән беруі, рұқсатсыз саптан (машина) шықпау, сапта тұрган кезде сөйлеспеу, темекі тартпау, командирдің команда және бұйрықтарына сақтықпен құлақ салу, оларды орындауда басқаларға кедергі жасамай тез және дұрыс орындауы, бұйрық және командаларды басқаларға жоғары дауыста және анық жеткізуі шарт.

Сапқа тұру және оның элементтері

САП — әскери қызметкерлер, кішкене бөлімдер және бөлімдердің міндеттеріне қарай, жаяу және машиналарда бірге әрекет жасау үшін орналасуы.

ШЕРЕНГА /қатарлас тұру/ — әскери қызметшілердің белгіленген аралық кеңістікті сақтай отырып, бір сызықта қатарласа сапқа тұруы. Көліктердің бір сызыққа қатарласа сапқа тұруы.

ҚАНАТ — саптың он (сол) жағы сап бір жақтан екінші жаққа бұрылған кезде қанаттардың аты өзгермейді (10-сурет).



10-сурет. Бір қатарлы (шеренгалы) саптану.

АЛДЫ — саптың әскери қызметшілер беттеніп тұрган жағы (көліктердің алдынғы) жағы


АРА ҚАШЫҚТАЙҚ — сапта қатарласып тұрган әскери қызметшілер (машиналар) бөлімдер және құрамдар арасындағы ара қашықтық.

АРҚАСЫ — алдына қарама-қарсы жағы

ДИСТАНЦИЯ — сапта қатарласып тұрган әскери қызметшілер (машиналар) бөлімдер мен құрамдар арасындағы ара қашықтық.



11-сурет. Екі (шеренгалы) сап.




12-сурет. Бір (а) және екі қатарлы (б) саптану.

САПТЫҢ ЕҢІ — қанаттар арасындағы ара қашықтық (10-сурет).

САПТЫҢ БОЙЫ — бірінші шеренгадан (алдында тұрған әскери қызметші) соңғы шеренга (акырында тұрған әскери қызметші) арасындағы, ал машиналармен тұрғанда, бірінші сызықта (алдында) тұрған машиналармен соңғы (арқада) сызықта тұрған машиналар арасындағы ара қашықтық (12-сурет, а).

8.2. Бастапқы орындалатын командалар. Сапта тұрғанда сәлемге жауап беру. Сапта тұру. Орнында тұрып бұрылу. Сап қадамымен әрекеттегенде



13-сурет. «Ростлан» жағдайы:

*a — жан тараң көрінісі;
б — алдынан көрініс.*

«Сафлан» немесе «Ростлан» командалары берілгенде, кеуде тік ұстап тұрылады. Мұндай команда берілгенде, тік тұрады, табандар бір жерге қойылады, аяқтың ұшы бір сызыққа тегіс қойылады, олар мен табан кеңдігі бірдей болады, тізелер бүгілмейді, бірақ мәжбүрленбейді, көкірек керіледі, дене біраз алға шығады, карын ішке тартылады, желкелер жазылады, қолдар түсіріледі, онда алакандар денеге қартастылып, жаңынан санының арасында тұтылады, бармақтар жартылай бүтіліп, аяктарға тиіп тұрады, бас, иекті алға шығармastaн жоғары және тік ұсталады, тік алға қарап тұрылады, тез әрекет жасауға дайын тұру керек болады (13-сурет).

Төмендегі жағдайда команда берілмеген кезде денені тік ұстап тұру керек: бүйрек берілген және алынған, білдіру жасалған, Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалғанда, әскери сәлем берілгенде, сондай-ақ команда берілген кезде, «Эркин» командасты берілгенде өзін еркін қойып, он немесе сол тізесін аздап бүгіп, орнынан қымылдамастан, ойын бір жерге жинап және сөйлеместен тұрады. «Ростлан» командасты берілгенде, саптағы жерінен жылжымай құрал-сайман және киім-кешектер дайындалады, керек кезде саптан шығылады, рұқсат алу үшін бастыққа келіп айтады.

«Ростлан» командастынан алдын «Эркин» командасты беріледі.

Бас киімді шешу үшін — «Бош кийимлар ечилсін», ал киіну үшін «Бош кийимлар кийилсін» командасты беріледі. Қажет болғанда бір өзі болған әскери қызметші бас киімін командастың шешіп қояды.

Сапта тұрғанда сәлемге жауап беру

Бастық немесе шені жоғары командирдің «Салом, дүстлар» дегеніне барлық әскери қызметшілер сапта немесе сапта тұрмашан кезде «Салом» деп жауап беріледі.

Бастық немесе шені жоғары командирменен қайырласу кезінде «Хайр дүстлар» сөзіне әскери қызметшілер «Хайр» деп жауап қайтара-

ды. Жауап соңыда «жолдас» және әскери шені қосып айтылады. Мәселең: «Салом, ўртоқ майор», «Хайр, ўртоқ генерал-майор».

Бастықтармен сәлемдескенде әскери қызметшілер анық, қатты дауыспен сәлемін айтады.

Сапта тұру. Жайында тұрып бұрылу

Жайында тұрып бұрылуар «Үнгга», «Чапга», «Ортта» командаларымен орындалады.

Солға және арқаға бұрылуар сол қол жакқа сол аяқтың табаны және он аяқтың үшында, ал онға бұрылғанда он қол жаққа он аяқтан табаны және сол аяқтың үшында орындалады.

Бұрылуар екі тәсілде орындалады :


- *бірінші тәсіл* — кеудені тік ұстаған түрде бұрылу және тізелерді бүкпестен кеуденің ауырлығын алдында тұрган аяққа өткізу;
- *екінші тәсіл* — ең қысқа жолмен екінші аяқты біріншісінің жаңына қою.

Сап қадамымен әрекеттегену

Әрекет кезінде бұрылу. Әрекет қадам тастау немесе жүгірумен орындалады. Қадам тастау әрекеті минутына 110—120 қадам жылдамдығында болады. Қадамның ұзындығы 70—80 см.

Жүгіру әрекеті минутына 165—180 қадам жылдамдықта болады. Қадамның ұзындығы 85—90 см.

Екі түрлі: батыл қадам және жай қадам тасталады.



14-сурет. a—батыл қадам тастау; б—батыл қадам тастаудың тікелей көрінісі; қ—орнында қадам тастау.

Батыл қадам — бөлімдер салтанатты марш түрінде әрекет жасаған уақытта, сәлемдескенде әскери қызметші бастық алдына барғанда және оның алдынан қайтқанда, саптан шығу және оған қайтуда, сондай-ақ сапта тұру және жүру жаттығулары өткізілгенде қолданылады.

Жай қадам барлық жағдайларда қолданылады.


«Шахдам қадам бос» командасты берілгенде, ал жай қадаммен «Қадам бос» командасты берілгенде, жай қадаммен әрекет жасалады.

Бастапқы команда берілгенде — кеуде сәл алға шығарылып, бастапқы қалыпты сақтаған жағдайда тұрылады, «лезде» орындалған команда берілгенде әрекетті сол аяқтан толық қадаммен бастау керек. Жай қадаммен әрекет жасалғанда ұшы алдына созылған аяқты жерден 15—20 см көтеру және оның табанын бірдей басу шарт.

Қолдарды желкеден бастап әрекеттендіру — мұнда қолдарды алға қарай сілкігенде тірсек бүгіліп, алақан кеңдігінде белдіктен жоғары көтерілу және сонша қашықтықта кеудеден ұзак, ал тірсек қолдың одан қысқа бір бөлігі жоғарыда болуы, қол, желке буынан мүмкін-дігінше артқа сілкіну керек. Саусақтар жартылай бүгілген түрде болуы, басты тік тұту және тік алға қарау керек.

Жай қадаммен жүргенде, аяқтың ұшын созбастан еркін көтеріп басу, ал қолдарды еркін әрекеттендіру керек. Жай қадаммен жүріп жатқанда «Ростлан» деген командасты берілгенде, жай қадам тастауға өтеді. «Ютур» командасты берілгенде, жүгіру әрекеті басталады.

Бұрынғы команда бойынша жайынан қозғалғанда, кеудені сәл алдына беріп, қолдарды жартылай бүгіп, тірсектер біраз арқаға алынады, сол аяқты жерге қоюмен тез арада орындалатын команда беріледі, ко-



15-сурет. Бас киім шешілген жағдайда:
а — фуражкада; б — береткада; д — бөрікте.

манда берілуімен, оң аяқпен алға қарай бір қадам қойылып, сол аяқпен бастап жүріп кетеді. Жұгіру кезінде қолдар еркін және оған сай әрекеттендіріледі.

Жұруден жүргіруге өту үшін бастапқы команда бойынша қолдар жартылай бүгіледі, тірсектер біраз арқаға алынады. Шұғыл орындалатын команда сол аяқ жерге қойылуыменен беріледі. Осы командадан кейін оң аяқ алға қойылып, сол аяқта жүгіріп әрекет жасау басталады. Жұгіруден журуге өту үшін «Қадам бос» командасты беріледі. Он аяқ жерге қойылғаннан соң бірдей орындалатын команда беріледі. Команда берілгеннен кейін жүгіріп және екі қадам тасталады және сол аяқпен жүріп әрекет жасалады. Тұрған жайында жұру «Жойингда қадам бос» командасты орындалады.

Осы команда берілгенде, аяқтар жерден 15—20 см көтеріледі және табанның ұшы жерге тегіс қайтып түсіріледі, қолдар қадамға сай әрекеттендіріледі. Сол аяқ жерге қойылуымен «Тұргиға» командасты берілгенде, оң аяқпен бір қадам тасталады және сол аяқпен әрекет басталады, содан кейін толық қадам тасталады. Сонда ұш қадам ерекше болады.

Әрекетті тоқтату үшін «Аскар Ибрахимов, тұхта» командасты беріледі. Сол немесе оң аяқты жерге қойып орындалатын команда берілгенде, бір қадам тасталады. Кейіннен аяқтар бір жерге қойылып, дene бос тұрады. Жеке тұрған әскери қызметшілер бірнеше қадам кейін жұру үшін «Аскар Ибрахимов ўнгга (чап) қадам бос» командасты беріледі. Мұндай команда берілгеннен кейін әскери қызметші әрбір қадам тастағаннан кейін екінші аяқты бірінші аяқтың алдына қойып екі қадам онға (сол) жүреді. Алдына немесе арқаға бірнеше қадам жұру үшін «олдинга (ортға) икки қадам бос» командасты беріледі. Команда берілгеннен кейін екі қадам алға (арқа) басылады және біріктіріледі. Онға, солға және арқаға қадам басқанды қолдар әрекетке келтірілмейді. Әрекет кезінде бұрылулар «Үнгга», «Чапға» және «Ортға юр» деген командасты арқылы орындалады.

Командалар берілгеннен кейін «Үнгга», «Чапға», «Ортға қадам бос» командалары назар аударушы «Үнг», «Чап», «Ортға қадам бос» және баяндаушы «Га», «Бос» командаларына бөлінеді. Назар аударушы командалар әскери қызметшілерді қай жаққа қарап баяндауды өз назарына тартады. Баяндаушы командалар бұрырығын талап етеді. Онға бұрылу үшін баяндаушы «Га» команда әскери қызметші оң аяқты жерге қоюымен беріледі, солға бұрылуда орындаушы «Га» командасты сол аяқты жерге қоюымен бір уақытта беріледі. Сонда белгіленген бағыт

бойынша әрекетте қол әрекеті жалғастырылады, онға және солға бұрылудар аяқ үшінда орындалады.

Арқаға бұрылу үшін команда аяқ жерге қойылуымен бір уақытта беріледі. Команда бойынша (бір деп саналғанда) сол аяқпен бір қадам тасталады, он аяқ жарты қадам алға шығарылып, азырақ солға алынады, екі аяктың үшінда шұғыл (екі деп саналғанда) сол жаққа бұрылып, жаңа бағыт бойыша сол аяқпен әрекет (үш деп саналғанда) жалғастырылады. («Колдирилсін» командасы. Осы команда ілгері берілген команданы жокқа шығараады).

Baқылау сұрақтары

1. Өзбекстан Республикасының қорғаныс және әскери қызмет туралы зандарында нелер айтылған?
2. Жалпы әскери міндеттіме түсініктемесі және оның маңызы. Әскери қызмет түрлерін ата.
3. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына қандай бөлімдер кіреді және олардың тапсырмалары нелерден тұрады?
4. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде қандай жалпы әскери ережелерінен пайдаланылады?
5. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде қандай әскери атақтар белгіленген?


II БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ЖҰМЫС НЕГІЗДЕРІ

I тарау. ЖАЛПЫ ӘСКЕРИ ШАЙҚАС НЕГІЗДЕРІ

1.1. Шайқас туралы түсінік. Заманауи жалпы әскери шайқастың харakterі, оның мақсаты. Жалпы әскери шайқастың негізгі түрлері

Шайқастың мақсаты — дұшпанның жанды күшін жою немесе тұтқынға алу, оның әскери техникасы мен құрал-саймандарын жою немесе ие болу, әрі дұшпанның кейіннен қарсылық жасау қабілеттілігін сөндіру. Оған барлық түрдегі карулардың күш қуаты, әскери жасақтар және бөлімдер катаң және белсенді әрекеттінің қорықпай өткізілген манёврімен қол жеткізіледі.

Заманға сай жалпы әскери шайқас — онда қатысып жатқан әскери бөлімдерінің біріккен күштері танктер, жаяу әскердің шабуыл машиналары (бронетранспортёрлер), артиллерия әуе шабуыл заттары, самолёттер, вертолёттер және басқа техника мен құрал-саймандарды қолдаумен алып барылады. Ол қатандық, жылдамдық, жоғары манёврлілік және жылдамдықпен, жағдайдың тез өзгергіштігі, ішке қуатты өрттің әсері және әскери борышты орындаудың әр түрлі әдістердің қолданылуымен харakterленеді (16-сурет).



16-сурет. Заманауи шайқас майданы.


Жалпы әскери шайқастың негізгі түрлері

Жалпы әскер шайқастың негізгі түрлері болып, қорғаныс және шайқас есептеледі. Қорғаныс — дұшпан шабуылын қайтару, оған зиян жеткізу және өз әскери бөлімдерінің шабуылға өтуі үшін жағдай жаралып беру мақсатында әдейі немесе мәжбүрлігі іске асырылады.

Қорғаныс алдыннан немесе шабуыл жағдайында дұшпанмен бетпебет келгенде дайындалуы мүмкін. Қорғаныс дұшпан қолдаған барша карулар күшін қайтара алатын, тұрақты және белсенді болуы керек.

Шабуыл — дұшпанды талқандау (жою) және жайдың негізгі жерлерін (объекттерін) иелеу мақсатында өткізіледі. Ол дұшпанды пайда болған барша заттармен залалдандыру, катан тығырық, дұшпаның әскери ішкі тәртібіне бөлімдердің кіріп баруында, жанды күшін жою және тұтқынға алуда, қару-жарапқ, техника және белгіленген жерлерді (жайдағы объекттер) иелеп алуда белгіленеді.

Қорғаныстағы дұшпанға топтың (секция) шабуылы, оған тікелей жақындауда немесе ішкеріден әрекеттеніп келгенде (бірден, жол-жөнекей) іске асырылады. Мотоатқыш тобы өз қаруын, жай және ондағы



17-сурет. Мотоатқыш тобы қорғаныста.

инженерлік жиһаздарын өзіне тосқауыл болып келген жұмыстарды, шабуылға өткен дүшпанға үлкен зиян жеткізген түрде иелеп алған позицияларын ұстап қалу қабілетіне ие. Сол ережеге қарай, взвод құрамында қорғанысқа кіреді, батальон резервінде тұрып әскери қорғауға, әскери барлауына және от ашушы торуылға белгіленуі, құштерінің бір бөлігі немесе бүтіндей батальонның (взвод) сауытты тобы құрамына кіруі мүмкін.

Мотоатқыш тобы фронт бойынша 200 м.-ге дейін және ішкөріге 200 м.-ге дейін болған тірек пунктін қорғаныс жасайды. Мотоатқыш тобының қорғанысы өзіне: топтың әскери тәртібін, топ тірек пунктін және от ашу тізімін алады.

Топтың әскери құрамы қойылған борыш және жердің жағдайына байланысты түрде құрылады. Мотоатқыш топтың секциялар позициясы, ережеге сәйкес, бір траншеяда сзызықта болады. Мотоатқыш топтың *tіrek нұктесі* секциялар позициясынан, жаяулардың әскери машиналары және өз меншігіндегі от ашу заттары және от ашу позицияларынан құралады.

Топтың қорғаныстағы *от ашу тізімі* топ қорғанысы алдыңғы шекараларында дайындалған жиналған алау участкесін; қорғаныстың алдыңғы шекарасы алдында, арапарында, қанаттарда және қорғаныс ішінде жаяу әскери машинасының танкке қарсы зонасы және топтың басқа барша от ашу заттары көп қабатты алауын; қауіпті бағыттарда дайындалған жаяудың әскери машинасы және басқа от ашу заттарының дайындалған алау манёврін өз ішіне алады.

1.2. Әскердің шайқастағы міндеттері. Әскердің жеке қаруы мен заттары (эпикировкасы). Мотоатқыш секциясының үйымдастыруышылық құрамы, шешілемтін жауынгерлік міндеттері, оның қару-жарағы және мүмкіндіктері

Әрбір әскер:

- топтың, өз секциясы мен (танк) өзінің әскери борыштарын білуге;
- дүшпан танктерінің, басқа машиналар бөліктерімен танкке қарсы заттардың әскери мүмкіндіктерін, олардың құшті және әлсіз жақтары, әсіреле, ең әлсіз жерін білуге;
- жасайтын ғимараттарының жабдықтау мөлшері және жиһаздау тәртібін әрдайым құзетіп баруға, дүшпанды өз уақытында тауып алуға және шұғыл түрде бұл туралы командирге білдіру жасауға;
- шабуылда жігерленіп және қорықпай әрекеттенуге, қорғаныста шыдамды және тырысқақ болуға, дүшпанды барша әрекет және заттармен жою, шабуылда патриоттық, әрекетшендігін көрсетуге, досына көмек беруге;

- жерден, индивидуал қорғау заттарынан және машинаның қорғау ерекшеліктерінен пайдалануға; окоп және пана жерлерді лезде жиназды білуге, бүркемеленуді жүзеге асыруға, тосқауылдардан және уланған жерлерден өте алуға, танкке қарсы миналарды орнату және шығарып алушы білуге; арнайы өндөу беруді өткізу үшін өткізу үшін;
- өзедегі дұшпанды танып алуға және оның самолёттері, вертолёттері және басқа жерлерге атқыш қарулардан от ашуды білуге, олардың ең нәзік бөліктерін білуге;
- шабуылда командирін қорғауға, егер де ол жаракаттанса немесе каза болса, қорықтай бөлім басқаруын өзіне алуға;
- шабуылда командирдің рұқсатының өз орнын тастанап кетпеуге, жаракаттанғанда немесе радиоактив улы заттар, бактериал (биологиялық) заттар және жандырушы қарумен уланғанда, өзіне және өзара қомек көрсететін тәрбие істерін көруге және борышын орындауды жалғастыруға; егер медпунктке кету бұйырылған болса, өзімен бірге жеке каруын алуға; медпунктке баруға мүмкіндік болмағанда, карумен пана жерге өрмелеп барып, санитарларды құтуғе;
- оқ-дәрілер, БМП (БТР) және танк жанармай мөлшерін құзетіп тұруға, өз уақытында командиріне оқ-дәрілер және жанармай артықшылығы бойынша білдіргі беруге;
- БМП (БТР), танк бұзылғанда, оларды жөндеу шараларын көруге мәжбүр.

Әскердің жеке қаруы және заттары

Шабуылда, қорғаныста, соқтығысқанда әскери әрекеттерді жақсы алып баруда және арнайы әскери әрекеттерді орындауда, әрбір әскер өз жеке қаруына ие болуы керек. Штаттағы мансабына қарап, топта әрбір әскери қызметші өзінің қару түріне ие. Топ командирінің орынбасары — сержант, ережеге қарай, АК-74 автоматымен қаруланады, топ мергені СВД мергендік мылтығымен, топ пулеметшісі РПК-74 пулеметі немесе ПМК-мен, автоматшылар АК-74-пен, механик-айдаушы, БМП көзделгіш-операторы ПМ пистолеті (АКС — жиылатын металл дүмді автоматтармен де) қарулануы мүмкін, айдаушы, БТР көзделгіші АК-74 автоматымен қаруланады.

Штаттағы мансабына қарап, топтың жеке құрамы әр түрлі заттарға ие. Ережеге сәйкес, БТР-70, БТР-80 бронетранспортерінде әрекеттененүші топ бір түрлі затқа ие. Олар әскери қызметші жақсы әскери әрекеттер алып баруы үшін арналған.

Әрбір әскери қызметші граната үшін сөмке, магазин үшін сөмке, фляжка суы мен кішкене сапер белкүрегі, жиылатын сайманға ие.

Зат қалтасында төмендегі құрал-саймандар болады: жалпы әскери сақтау тобы, плашь-палатка, қазанша, кружка, қасық, жеке гигиена бүйымдары, аяқ киімін тазалау заттары, шам-шырақ, жазу дәптері, хат үшін конверттер, қыскы немесе жазғы киімдер, құры тамак, медициналық дәрілер жинағы.

Сержанттар үшін қосымша және мәжбүрлі жағдайда сайман тоғында: сержант сөмкесі, оның құрамында компас, офицер сызығышы, фломастерлер және қаламдар жинағы, жазу дәптері (блокнот), өшіргіш, жиылжын пышақ, циркуль-өлшегіш, курвиметр болады.

Мотоатқыш секциясының үйымдақсан құрамы, шешілетін әскери борыштары, оның қару-жарагы және мүмкіндіктері

Мотоатқыш секциясы мотоатқыш тобы құрамына кіріп, ол секция командирі — сержант, грантаметші, оның жәрдемші, пулеметші, оқши, механик-айдаушы, нысанага алушы-оператордан құралады. Барша жеке құрамы — жеті кісі. Қару-жарагы: БМП (БТР) — 1, РПГ-7 — 1, РПК-74 (ПК) — 1, қалған жеке құрамы АК-74 автоматымен қаруланған.

Мотоатқыш секция фронт бойынша 80 метрге дейін болған позицияны қорғаныс жасауы мүмкін. Мұнда ол негізгі және запас (уақытыншалық) от ашу заттары үшін позицияларға ие. Бұл көрші секциялармен біргелікте топтың сүйеніш пункті қанаттары мен фронт алдында дұшпанға от ашып, жою мүмкіндігін береді.

Секция тауларда қорғанысты алып баруы мүмкін. Ол жердегі позиция опырылулар және көшулер мүмкіндігі болмаған жерлерден есеппен таңдалады, дұшпанды көп қабатты, қанаттан, жанынан және көлденеңін кесіп ату мен залалданыруды, өлік (атылмайтын) бостықтар болмауын тағайындауды керек.

Секция шөлді жерлерде әскери борыштарын өтеп жатканда, жоғары ауа температурасы жағдайында істеп жатқан әскери және басқа техниканың істей режиміне назар аударуы, сауыттың сұйықтықтар запасына және жеке құрамының ыстық соғу жағдайына жол бермеуге көніл бөлінеді.

Шабуылда мотоатқыш секцияға қорғалған обьекті және кейіннен шабуыл жасау жолдары көрсетіледі.

Мотоатқыш бөлімдері төмендегі оқатар қарулар түріне ие: АК-74, Калашников қол пулеметі (РПК-74), Калашников пулеметі (ПК), СВД мергендік мылтығы және ПМ пистолеттері.

Қарулануда танкке қарсы РПГ-7 (РПГ-7Д) қол гранатаметтері болуы мүмкін.

7,62 мм.-лі Калашников (ПК) пулеметі атуда қолайлығы үшін тіреккек ие. Ленталы құтының сыйымдылығы—100 немесе 200 (250) патронды болады.



18-сурет. Калашников (ПК) пулеметінің жалпы көрінісі.



19-сурет. Танкке қарсы РПГ-7 қол гранатаметі.

Тактикалық-техникалық сипаты. Атудың нысананаға алу қашықтығы – 1500 м, тік ату ұзақтығы: көкірек нысана бойынша – 400 м, жүгіретін нысана бойынша – 650 м, әскери жылдам атқыштығы минутына – 250.

Көздең ату ұзақтығы – 500 м, әскери жылдам атқыштығы минутына 4–6. Оптикалық көздегішке ие гранатаметтің ауырлығы: РПГ-7 – 6,3 кг, оқ-дәрісінің (граната порох зарядымен) ауырлығы ПГ-7В – 2,2 кг.

1.3. Өзбекстан Республикасы жасақтарының қару-жарақ және әскери техникалары (сауытты машиналар, танктер, вертолёттер, самолёттер және артиллерия құралдары)

Сауытты машиналар

БТР-70. Бронетранспортёрлер. Бронетранспортёр әскери дөңгелекті, сауытты, жүзуге икемді, женіл сауытты көздеулерді зияндаушы, 14,5 мм.-лі үлкен калибрлі пулемёт және онымен жұптастырылған 7,62 мм.-лі ПКТ пулеметіне ие (20-сурет).



20-сурет. БТР-70 бронетранспортёri.

Тактикалық-техникалық сипаты. Әскери ауырлығы – 13600 кг. Ең жоғары жылдамдығы 80–90 км/сағ, жүзудегі ең жоғары жылдамдығы – 9,5 км/сағ, шосседе жүру қоры – 600 км, жанармай қоры – 300 литр (бензин), мөлшерлік бұрышы – 30°, крен – 25°, БТР өтүі мүмкін болған

терендік көндігі – 2 м, БТР өтуі мүмкін болған тосқауыл (қабырға) – 0,5 м, еkipажы (десант) – 3 (8).

БТР-80. Бронетранспортёр әскери дөнгелекті, сауыт кидірілген, жүзе алатын, жеңіл сауытты көздеулерге зиян жеткізетін, 14,5 мм.-лі ұлкен калибрлі пулемёт және онымен жұптастырылған 7,62 мм.-лі ПКТ пулемётіне ие (21-сурет).



21-сурет. БТР-80 бронетранспортёри.

Тактикалық-техникалық сипаты. Әскери ауырлығы – 13600 кг, шосседегі ең жоғары жылдамдығы – 90 км/сағ, жүзудегі ең жоғары жылдамдығы – 9,5 км/сағ, шосседе жұру қоры – 600 км, жанармай қоры – 300 литр (дизель жанармайы), еңістік бұрышы – 30°, крен – 25°, өтуі мүмкін болған шұнқырлық көндігі – 2 м, өтуі мүмкін болған тосқауыл (қабырға) – 0,5 м, еkipажы – 3 адам, десант – 8 адам.

Жаяудың әскери машиналары

БМП-1. Жаяудың әскери машинасы – мотоатқыш бөлімдер мен шабуыл алып бару үшін арналған. Ол отты құдіреттілікті, жеке құрамынан шабуыл алаңында сактану және әрекетшендігін аздап асырады және әр түрлі жағдайларында жақсы әрекеттенуге мүмкіндік тудырады.

Әскери машина оқца және оқ бөлшектеріне қарсы, жаппай қырғын қаруларынан қофамдық қорғану тізіміне жылулық және тұтін аппараттарына, жоғары манёврлікке ие. Ол терең сулы жерлерден жүзіп өтуі және әуе арқылы зақымданған участкерлер, бұзылған және әр түрлі тосқауылдардан өтуі мүмкін.



22-сурет. Жаяудың жауынгерлік машинасы (БМП-1).

БМП-1 танкке қарсы басқаруши ракеталар (ТҚБР), 73 мм.-лі жатық стволды танкке қарсы топ және оған жұптастырылған 7,62 мм.-лі ПКТ пулеметімен қаруланған (22-сурет).

Тактикалық-техникалық сипаты. Әскери ауырлығы – 13200 кг, әкипажы – 3 адам (командир, нысананаға алушы-оператор, механик-айдаушы), десант – 8 адам, құрлықтағы ең жоғары жылдамдығы – 60 км/сағ, судағы жылдамдығы – 7 км/сағ, шосседе жүру қоры 550–600 км, басып өтуші көтеріліс – 35°, шұқырдың көндігі – 2,5 м, қабырганың биіктігі – 0,7 м.

БМП-2. Жаяудың әскери машинасы – мотоатқыш бөлімдермен шабуыл алып баруға арналған. Ол отты құдіреттілік, жеке құрамның шабуыл алғанында қорғану және епшілдігін бірегей асырады және жағдайдың әр түрлі шарттарында жақсы әрекеттенуге мүмкіндік тудырады.

Әскери машина оққа және оқ бөлшектеріне қарсы сауытқа, жалпы құралдарынан жалпы қорғауши тізіміне, ыстықтық және тұтін аппаратураларына, жоғары манёврлікке ие. Ол сулы жерлерден жүзіп өтуі және әуе арқылы зақымдалған участкелер, бұзылған және әр түрлі тоскауылдардан өтуі мүмкін.

БМП-2 30 мм.-лі автоматты топ, 7,62 мм.-лі ПКТ пулеметі, танкке қарсы басқарылуши ракета үшін ұшыру құрылымымен қаруланған. Әскери жынынды 30 мм.-лі топ үшін 500 оқ-дәрі, 7,62 мм.-лі ПКТ пулеметі үшін 2000 патрон, 4 ПТУР-дан құралады (23-сурет).



23-сурет. БМП-2-нің жалпы көрінісі.

Тактикалық-техникалық сипаты. Әскери ауырлығы – 14000 кг, әкипажы – 3 адам (командир, нысананаға алушы-оператор, механик-айдаушы), десант – 7 адам, ұзындығы – 6710 мм, құрлықтағы ең жоғары жылдамдығы – 65 км/с, судағы жылдамдығы 6–7 км/с, шосседе жүру қоры – 550 км, басып өтуші көтерілуі – 35°, шұқырдың көндігі – 2,5 м, қабырганың биіктігі – 0,7 м.

Танктер

T-62. Орта танк – T-62 құдіретті қару-жаракқа, сенімді қорғауға және жоғары манёврлікке ие болған өскери шынжырлы машина.

Танк 115 мм.-лі тегіс қабырғалы топ, онымен жұптастырылған 7,62 мм.-лі ПКТ пулеметі және 12,7 мм.-лі ДШК-М зенит пулеметімен қаруланған.

Танк екипажы 4 адамнан тұрады (командир, нысананаға алушы, оқтаушы және механик-айдаушы). Механик-айдаушы басқару бөлмесінде, ал екипаждың қалған мүшесі, өскери бөлмеде (башня) орналасады (24-сурет).



24-сурет. Т-62 танктің жалпы көрінісі.

Тактикалық-техникалық сипаты. Танктің ауырлығы – 37000 кг. Двигательдің ең жоғары қуаты – 580 ат құші, топырақты жолда әрекеттенудің орташа жылдамдығы 22–27 км/сағ, шосседе 32–35 км/сағ, шосседегі ең жоғары жылдамдығы – 50 км/сағ, шосседегі жүру қоры – 450 км, топырақ жолда – 320 км, өте алатын тосқауылдары: ең жоғары көтерілу бұрышы – 32°, ең үлкен крен – 30°, шұқырлық кеңдігі – 2,85 м, қабырғаның биіктігі – 0,8 м, өте алатын сулы жерлердің терендігі – 1,4 м.

T-72. Куатты құрал-сайманға, сенімді қорғаушыға және жоғары манёврлікке ие болған өскери шынжырлы машина. Танк екипажы 3 адамнан тұрады. Танк екі тегістікте бірдей туырлануышы 125 мм сегіз қабырғалы топ және оған жұптастырылған 7,62 мм.-лі ПКТ пулемёті және 12,7 мм калибрлі зенит пулемётімен қаруланған (25-сурет).

Тактикалық-техникалық сипаты. Танктің ауырлышы – 44000 кг, двигательдің жоғары қуаты – 840 ат күші, топырақ жолда әрекеттенудің орташа жылдамдығы 35–45 км/сағ, шосседе – 50 км/сағ, шосседегі ең



25-сурет. Т-72 танктің жалпы көрінісі.

жоғары жылдамдығы – 60 км/сағ, шосседе жұру коры – 700 км, топырақ жолда 460–650 км, өте алатын тосқауылдары: ең жоғары көтерілу бұрышы – 30°, ең үлкен крен – 25°, шұқырлық кеңдігі 2,6–2,8 м, қабырғаның биіктігі – 0,88 м, өте алатын сулы жерлердің терендігі 1,2–1,8 м.

Әскери вертолёттер

МИ-24 Б. Тактикалық-техникалық сипаты. Бос вертолёттің салмасы – 8500 кг, двигательдің қуаты – 2225 ат күші, ең жоғары жылдамдығы – 320 км/сағ, ұшудың ең жоғары биіктігі – 4600 м, ұшу ұзактығы – 1000 км, экипажы – 3 адам (ұшқыш, оператор және борт технигі, 26-сурет).



26-сурет. МИ-24 Б жауынгерлік вертолёті.

Ка-52 «Аллигатор». Тактикалық-техникалық сипаты. Бос вертолёттің ауырлығы — 7700 кг, двигательдің қуаты — 2225 ат күші, ең жоғары жылдамдығы — 350 км/сағ, ұшудың ең жоғары биіктігі — 5000 м, экипажы — 2 адам (27-сурет).



27-сурет. Ка-52 «Аллигатор» жауынгерлік вертолёті.

Самолёттер

Л-39. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы — 900 км/сағ, ең биік ұшуды — 9000 м, самолёттің ұзындығы — 12,1 м, биіктігі — 4,7 м (28-сурет).



28-сурет. Л-39 самолёті.

СУ-24. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы — 1700 км/с, ең биік ұшуды — 11000 м, самолёттің ұзындығы — 24 м, биіктігі — 6 м (29-сурет).



29-сурет. Фронт бомбалаушы СУ-24 самолеті.

СҮ-17. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы — 1900 км/с, ең биік ұшуды — 15200 м, самолёттің ұзындығы — 18,9 м, биіктігі — 4,9 м (30-сурет).



30-сурет. Истребитель-бомбардировщик СУ-17 самолёті.

СҮ-25. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы — 970 км/с, ең биік ұшуды — 7000 м, самолёттің ұзындығы — 15,5 м, биіктігі — 4,8 м (31-сурет).



31-сурет. Штурмовик СУ-25.

МИГ-29. Тактикалық-техникалық сипаты Ең жоғары жылдамдығы — 2450 км/с, ең биік ұшуды — 18000 м, самолёттің ұзындығы — 17,3 м, биіктігі — 4,7 м (32-сурет).



32-сурет. Фронт бомбардировщик МИГ-29.

A-50. Тактикалық-техникалық сипаты. Патрульдеу жылдамдығы — 600 км/сағ, ең биік ұшуы — 10200 м, ұшу ұзактығы — 7 сағат, самолет екипажы — 5 адам, самолёттің ұзындығы — 46,5 м, биіктігі — 14,7 м. ИЛ-76 самолет базасында жаратылған (33-сурет).



33-сурет. Алыстан радиолокацион бақылау (дозор) анықтау және дұрыстау самолёті A-50.

ИЛ-76. Тактикалық-техникалық сипаты. Самолет екипажы — 7 адам, биіктігі — 14,76 м самолёттің ұзындығы — 46,59 м, максимал жылдамдығы — 825 км/сағ, максимал алысқа ұшуы — 10000 км, жүкті самолёттің ауырлығы — 190000 кг, биіктікке ұшуы — 12000 м.



34-сурет. ИЛ-76

АН-12. Тактикалық-техникалық сипаты. Самолёт екипажы — 7 адам, биіктігі — 10,53 м, самолёттің ұзындығы — 33,1 м, максимал жылдамдығы — 680 км/с, максимал алысқа ұшуы — 5530 км, жүкті самолёттің ауырлығы — 61000 кг, биіктікке ұшуы — 11000 м.



35-сурет. АН-12.

АН-26. Тактикалық-техникалық сипаты. Самолёт экипажы – 6 адам, биіктігі – 8,58 м, самолёттің ұзындығы – 23,80 м, максимал жылдамдығы – 420 км/сағ, максимал алысқа ұшуды – 5500 км, жүкті самолёттің ауырлығы – 24000 кг, биіктікке ұшуды – 7500 м (36-сурет).



36-сурет. АН-26.

Артилерия

Реактивті артиллеријасының жауынгерлік машинасы. Тактикалық-техникалық сипаты. Ату ұзактығы – 20 км және одан артық, жиындысы – 120 снаряд, снарядтың ауырлығы – 66 кг, болжамы – 6 адам (37-сурет).



37-сурет. Реактивті артиллеријасының жауынгерлік машинасы.

82 мм-лі миномёт. Тактикалық-техникалық сипаты. Ату ұзактығы — 500 м.-ден 7000 м.-ге дейін, әскери жиынтығы — 60 снаряд, болжамы — 3 адам (38-сурет).



38-сурет. 82 мм-лі миномёт.

122 мм-лі Д-30 зенбірегі. Тактикалық-техникалық сипаты. Ату ұзактығы — 15,3 км.-ге дейін, әскери жиынтығы — 80 снаряд, снарядтың ауырлығы — 21,7 кг (39-сурет).



39-сурет. 122 мм-лі Д-30 зенбірегі жауынгерлік жағдайда.

1.4. Шетел армияларының танктері және оның әлсіз жерлері, вертолёттері

Қазіргі кезде дамыған мемлекеттердің қарулы құштері үшін жаңа танк ұлғалерін істеп шығаруға үлкен назар аударылуда. Заманға сай шабуылда танктердің тактикалық-техникалық сипаттарына болған талап әрдайым артып баруда. Дұшпанмен жақсы әскери әрекеттер алып барылуы үшін құдіретті қару-жараққа, жақсы оптикалық аспаптарға, заманауи сай нысананы анықтау заттарға, керекті ок-дәрілер комплектіне, қуатты двигатель құрылғысина, сенімді жүру бөліміне ие болуы шарт.

«M1A1» танкінің тактикалық-техникалық сипаты. «M1A1» танкісі АҚШ армиясында құрал-сайман түрінде тұрады. Әскери ауырлығы – 55,9 тонна, ең жоғары жылдамдығы – 66 км/сағ, топ калибрі – 120 мм, двигатель қуаты – 1500 ат күші, екипажы – 4 адам (40-сурет).



40-сурет. «M1A1» танкісі.

«Leopard-2K» танкінің тактикалық-техникалық сипаты. «Леопард-2К» танк Германия армиясының қаруы есептеледі. Әскери ауырлығы – 50,5 тонна, ең жоғары жылдамдығы – 68 км/сағ, топ калибрі – 120 мм, двигатель қуаты – 1500 ат күші, екипажы – 4 адам (41-сурет).



41-сурет. «Леопард-2К» танкісі.

«Челленджер-2» танкінің тактикалық-техникалық сипаты. «Челленджер-2» танкі Ұлыбритания армиясының қаруы есептеледі. Эскери ауырлығы – 62,5 тонна, шосседе жүру қоры – 450 км, экипажы – 4 адам (42-сурет).



42-сурет. «Челленджер-2» танкісі.


«Меркава Mk.1» танкінің тактикалық-техникалық сипаты. «Меркава Mk.1» танкі Израиль армиясының қаруы есептеледі. Эскери ауырлығы – 56,0 тонна, жоғары жылдамдығы – 46 км/сағ, шосседе жүру қоры – 500 км, экипажы – 4 адам (43-сурет).



43-сурет. «Меркава Mk.1» танкісі.

Мұнара мен корпус калаған
нүктеде калибр асты және
кумулативті снарядтармен
залаудандырылады.

Жоғары сауыт кумулативті
снарядтармен залаудандырылады.



44-сурет. Танктің әлсіз жерлері.

Бакылау құралдары, фаралар
окатқыш қару алауымен залаудандырылады.

Шетел әскери вертолёттері

AN-64D Apache Longbow. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы – 261 км/сағ, ең биік ұшуы – 3800 м, вертолёт ұзындығы – 17,7 м, биіктігі – 4,9 м, экипажы – 2 адам (ұшқыш және оператор), ұшу қашықтығы 6 км. -ге дейін болған «Hellfayg» ракетасына ие. АҚШ армиясы қаруланған (45-сурет).



45-сурет. AN-64D Apache Longbow жауынгерлік вертолёті.

UH-64 Black Hawk. Тактикалық-техникалық сипаты. Ең жоғары жылдамдығы – 361 км/сағ, ең биік ұшуы – 5790 м, вертолёттің ұзындығы – 15,2 м, биіктігі – 5,1 м (46-сурет).



46-сурет. UH-64 Black Hawk АҚШ-тың құрлықтағы құштерінің негізгі транспорт вертолеті.

1.5. Оқ үзу – шайқаста дұшпанды жоюдың негізгі құралы.

От ашу түрлері. Шайқастың манёврі жайлы түсінік. Манёвр түрлері.

Топтардың әскери әрекеттерін қамтамасыз ету.

Артиллерия алау түрлері

Оқ үзу – шабуылда дұшпанды жоюдың негізгі құралы, оны шеберлікпен алып бару және нысананы бірінші оқпен залалдау үшін шабуылшы:

- өз қаруын толық білу, оны сактауды, ату үшін дайындау;
- ату үшін жайды шеберлікпен тандау, белгіленген уақытта, күндізгі және кешкі, әр түрлі жағдайларда атуды дұрыс орындау;

- нысанаға дейінгі болған қашықтықты болжаушы және нысанаға алынған нүктені дұрыс анықтау және де жанынан болған желге және нысана әрекетіне дұрыс енгізуі;

- командир командасын ынтамен есіту және анық, тез орындау;
- өздігінен оқ атуда саналы ұсыныс көрсете білуі керек.

Автоматшылар оқ ату үшін топ командирі көрсеткен жерлерді иелейді, жеке әрекеттенгенде оны өздері таңдайды. Таңдау кезінде, жердің харakterі және қойылған міндет есепке алынады.

Ату үшін жай қолайлы, кен, көру аланы және атуды және де оқшының дұшпан күзетуінен паналап тұруды қамтамасыз ету керек. БМП (БТР) пулемет және гранатаметтер үшін от ашу позициясы топ командирі жағынан таңдалады және көрсетіледі.

От ашу позициясының жайласуы қойылған міндеттердің жоғары дәрежеде орындалуы, отты манёвр жағдайларын тудыратын жақсы көріну және атуға иелігі, табиғи бүркемеленуі, қолайлы кіріп шығу және жаңа немесе запастағы от ашу позициясына көрінбестен бару жолдары болу талаптарына жауап беруі керек.

РПГ-ден ату үшін, олардан басқа, ату қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, яғни арқада газдардың еркін шығуы үшін тосқауылдар болмауы (2 м.-ден жақын болмауы) және де қауіпсіз зона (30 м) терендігі арасында адамдар, оқ-дәрілдерді жайластырмая керек. От ашу позициясында (ату үшін жай) сондай таңдау керек, яғни онда дұшпан орындан жатқан жұмыстары анық көрініп тұрсын, ал өзі көрінбесін.

- **От ашу түрлері • Шайқас манёврі жөнінде түсінік**
- **Манёвр түрлері • Топтардың әскери әрекеттерін қамтамасыз ету**

Мотоатқыш (танкші) топтың (секцияның, танктің) от әскери міндетті орындауда, дұшпанды жоюда негізгі құралы есептеледі. Дұшпанға от ашу, сенімді зияндау: күзетуді өз уақытында барлау от ашу заттарын олардың әскери мүмкіндіктеріне қарап шеберлікпен қолдау; от ашудың анықтығы оны қолдаудың және өте тығыздықта тағы да жоғары жылдамдықта қолданылуы; шабуылда от ашуды шеберлікпен басқару арқылы іске асады.

От ашу:

- *қару түрі бойынша* — оқатқыш, грантамет, жаяудың әскери машиналары (бронетранспортерлер), танктер, артиллерия, зенит заттары және басқалар;

- *ату әдісі бойынша* — тікелей, жартылай тікелей және жабық от ашу позициясынан атумен ерекшеленеді.

Оқатқыш қаруларының от ашу түрлери төмендегілер:

- *тактикалық қолданылуы бойынша* – тынымсыз кесіп ату (от қақыштан, жақын қашыктықтан бір тегісте ашылады) және жиылған тәртіпте (бір нысанаға мотоатқыш топтың немесе секцияның барша түрдегі оқатқыш қаруларымен оқ ату);

- *ату бағыты бойынша* – фронтал (нысана фронтына перпендикуляр түрде, қанаттан (нысана қанатына, оның фронтына параллель түрде) және кеспе түрде оқ ұзу (бір нысанаға кем дегенде екі түрде оқ атуды алып бару);

- *ату қызыу бойынша* – біреулен оқ ұзіп ату, қыска және ұзын тегістікте және барша түрдегі оқатқыш қаруларынан ұздіксіз оқ ату;

- *ату əдісі бойынша* – жайдан, тоқтап (қысқа тоқтап), жүріп бара жатып, борттан, нүктеге қарап от ашу, фронт бойынша алауды жайып, ішке алауды жайып, майдан бойынша және басқалар.

Артиллерия от түрлери өз ішіне: жеке нысана бойынша от ашу, жиналған, тосқауылды (әрекетті және әрекетсіз) жаппай окка тұту және басқаларды алады.

Қорғанысты ұйымдастыруда, әсіресе, тауларда, барша түрдегі қаруларды жинақталған түрде көпқабатты және алау пайда болады. Дұшпанның жанды күштеріне жеке от ашу заттары немесе мотоатқыш топ және секцияның оқатқыш қаруларынан жауылған отпенен атып зиян келтіреді.




Шайқаста мотоатқыш (танк тобы), жердің қолайлы жағдайларынан пайдаланып, от ашуда әрекет пен шеберлікті біріктіріп және маневрді кен қолдауы керек. Манёвр күштері мен құралдары от ашумен өткізіледі.

Күш және заттар манёврі дұшпанның өскери тәртібіндегі ең әлсіз жеріне, әсіресе, қанаттар артқы жағына және өз бөлімдерін дұшпан сокқысынан уақытында шақыру үшін өткізіледі. Күш және құралдар манёврі түрлері болып қоршаша, айналып өту, олардың бірікпесі және шегінуі есептеледі.

Айналып өту – әжептәуір ішке манёвр дұшпанның артқы жағынан тепкі беру мақсатында өткізіледі.


Шегіну – өз жасақтарын дұшпан сокқысынан шығарып алу және қолайлы жағдайын иелеу үшін қолданылатын манёвр. Ол тек қана үлкен командирдің рұқсатымен өткізіледі.

